

ISSN 2312-8348

Ғылыми
журнал



Научный
журнал

**С.Бәйішев атындағы
Ақтөбе университетінің
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
Актюбинского университета
имени С.Баишева**

2016

№ 2 (52)

С.БӘЙІШЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ғылыми журналы

ВЕСТНИК
АКТЮБИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. С.БАИШЕВА
научный журнал

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркелген, куәлік № 4645-Ж
Зарегистрирован в Министерстве информации Республики Казахстан, свидетельство № 4645-Ж от 29.01.2004 г.

Үш айда бір рет шығады Выходит один раз в три месяца

№ 2 (52)

2000 жылдан бастап шығады

Издается с 2000 года

июнь

2016

БАС РЕДАКТОР
ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Ахан Б.А.

БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ

ЗАМ. ГЛАВНОГО

РЕДАКТОРА

Абдикаликов К.А.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

РЕДКОЛЛЕГИЯ

Агзамова А.Б. (Қазақстан)

Абрахам Алтонаян

(Великобритания)

Асаров А.А. (Қазақстан)

Бияшев Б.Г. (Қазақстан)

Жанпейсова Н.М. (Қазақстан)

Камаруль Хавари (Малайзия)

Корченко А.Г. (Украина)

Ли Дзень Хун (КНР)

Лыгина О.И. (Қазақстан)

Мухитдин Бин Исмаил (Малайзия)

Султангареева Р.А. (Башкортостан)

Тяпухин А.П. (Россия)

Терегулов Ф.Ш. (Башкортостан)

Хасанов А.Х. (Узбекистан)

Адрес редакции:

г.Ақтөбе

ул.бр.Жубановых д.302 «А»

для писем: 030000 г. Ақтөбе,

а/я 64

e-mail: edu_ausb@mail.ru

тел.:8(7132) 974081,82

Жарияланған мақала

авторларының пікірі редакция көзқарасын
білдірмейді.

Мақала мазмұнына авторлар
жауап береді.

Опубликованные материалы

авторов не отражают точку
зрения редакции.

Авторы несут ответственность
за выбор и представление

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

CONTENTS

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ - ПЕДОГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Әлжанова Ж.Қ.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту

3

Асадуллин А.Р., Юлдашев В.Л., Асадуллина Г.М., Ахметова Э.А.

Методика раннего выявления факторов риска формирования зависимости в
рамках проведения социально-психологического тестирования лиц.

9

Бакытжанова А.М.

Ақтөбе облысындағы геоэкологиялық аудандастыру мәселелері

15

Дүйсалиева Л. Ө.

А. Байтұрсыновтың философиялық ойларының қазіргі қазақ рухани
мәдениетіндегі алатын орны және заман талабымен үндестігі.

22

Ешниязова А.Ч.

Бүгінгі қоғамда ұлттық құндылықтар мен дәстүрлі тәрбиені жас ұрпақ
бойына қалыптастырудың маңызы.

29

Ильясов А.М.

Профилактика преступлений среди совершеннолетних

35

Қарағұлова А.А. Нурғалиева Г.

Шетел тілі сабағында әнді қолдану әдісі.

39

Кишкенебаев Р.У. Халымбек А.

Оқушылардың лингвомәдениеттану күзінеттілігін қалыптастыруда аялық
білімді пайдалану

45

Құлмухамбетова Г.К. Дербисалина А.К.

Развитие мотивации к изучению русского языка

52

Майданғалиева Ж.А. Алдабергенова Г.Н, Бекегулова А.М, Юркова Л.В.

Современное прочтение книги в.а сухомлинского «сердце отдаю детям»

57

Сабинова Н.Ж.

Қытай тіліндегі құрмалас сөйлемдердің қазақ тіліне аударылу мәселелері

60

Сабинова Н.Ж.

фактов. Редакционная коллегия оставляет за собой право корректировки по ГОСТ 7.5.-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», ГОСТ 7.1-2003 СИБИД «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».	Қытай тілін оқып үйрену кеңестері мен әдістері	67
	Саркенжеева Ш.А. Құрамында сан есім, есімдік, еліктеу, одағай, шылау модаль сөздер кездесетін фразеологизмдердің грамматикалық және семантикалық құрылымы	73
		78
		83
Сдано в набор 15.06.2016 Подписано в печать 20.06.2016 Формат 21х29,7. Печ.л.8,4 Тираж 100 экз. Отпечатанов РИЦ АУ им.С.Баишева	Тлеуов С.Ж. Бөгде химиялық заттардың азық – түлікке өту жолдары	88
	Түгелбаева С.Т. Қазақ ономастикасындағы антропонимдік жүйенің қалыптасып дамуы мен қызметі	
	Федак А.К. Русский магический фольклор в Казахстане на фоне взаимодействия русской и казахской культуры	93
		98
	ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ - ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ	
	Адилгереева Ж.Н. Ақтөбе облысы бойынша кәсіпкерлік қызметінің нәтижелерін талдау	105
	Бексаутова А.Ш., Оспанбаева А.Ж. Молодежный туризм как один из видов перспективного туризма	110
	Бердіғожаева Г.С. Мемлекеттік қызметкерлердің қызметінің тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары	114
	Бухарбаев Ш.М. Ержанова З.К. Әлібеков М.М., Академик С.Бәйішевтің экономикалық ілімдерінің өзектілігі	119
	Жанрзаева Ж.Е. Значение иностранных капиталовложений для РК	127
	Калденева Г. С. Ержанова З.К. Төлем карточкаларының экономикалық мәні және олардың жіктелуі	132
	Кемалова А.С. Жиеналина Ж.Е. ҚР шағын және орта бизнесті басқару мәселесі мен бағыттары	137
	Құрманқұлова Н.Ж. Жалғасова Ж. С. Кәсіпорын тиімділігіне әсер ететін факторлар	141
	Салыков Г.С. Махметова А. Ақтөбе облысының экономикалық өсу модельдер көрсеткіштер балансын салыстыру	145
	Салыков Г.С. Қонысбай А. Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдауды дамыту мәселелері	151
	Серғалиева Р.А. Еліміздегі ішкі туристік индустрияны дамытудағы өзекті мәселелер	160
	Султанова Г.Н. Ақтөбе облысының инвестициялық тартымдылығын арттыру стратегиясы	
	Шанишарова А.С. Қазақстанда энергияны үнемдеудің басым бағыттары мен бағдарламалары	

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 37

Алжанова Ж.Қ. магистрант

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

ОҚУ МЕН ЖАЗУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада автор, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын дамытуды қарастырады. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында қолданып жүрген стратегиялардың мүмкіншіліктерін көрсетеді.

Кілт сөздер: қызығушылықты ояту, стратегия, сыни ойлау, үйрену процесі.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы - әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейік[3;27]. Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған[2;198].

Сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез-келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға

жеткізе алуы. **Сыни тұрғыдан ойлау** (қысқаша СТО), өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжербиенің бірлігі. Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар:

Жұмыс аяқталған кезде мұғалім қорытуға арналған әзірлеп келген сұрақтарын қойып, жауаптар алады. Ол сұрақтар оқығанға баға беру, пікірін, көзқарасын білдіруге лайықталынып қойылғаны дұрыс. Мысалы:

- Сіздің ойыңызда не сақталып қалды?
- Автор оқырманды қалай қызықтырады?
- Кейіпкерлердің іс-әрекетін Сіз қалай бағалайсыз? т.б. түрінде.

Әдістің тиімділігі – сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды, оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі дамиды. Осылайша ұйымдастырылған оқу сабақтары арқылы сауатты оқырман қалыптастыру мүмкіндігі туады.

Еркін жазу. Бұл әдісті сын тұрғысынан ойлау жобасындағы сабақтың үшінші ой толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді. Мұғалім сабақ бойына қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін т.б. жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады. Оқушыларды алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

Венн диаграммасы. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді. Біз жобадағы әдістердің тек бірнешеуін ғана сөз еттік. Қалғандары осы тақырыптар арнайы ұйымдастырылатын курс жұмыстарында талқыланады.

Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:

Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады.

Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қаблеті жоқ, керсінше терең

ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тұмысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады [3;36].

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы **қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс** кезеңдерінен түзіледі.

Жаңа технологиялардың негізгі қағидалары:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқу мен тәрбиенің бірлігі;
- баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- әр оқушының, оның қабілетімен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту;
- барлық оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

РАФТ. Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. Рафт оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді, ресми іс қағаздары жөнінде түсініктері қалыптаса түседі.

Қосжазба күнделігі: мәтінде берілген оқиғаларға өзінің пікір жазады, ендеше, оның сөздік қоры молаяды, кейіпкердің жан дүниесін түсінуге тырысады. Осындай жұмыстар арқылы ең әуелі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, бір-бірімен пікір алмасып, сөздік қоры молаяды, еркін сөйлеу, өз ойларын жеткізе білу дағдылары қалыптасады, оқулықпен жұмыс істеуге, бір-біріне жүйелі сұрақ қоя білуге дағдыланады. Бұл кестедегі көрсеткіштер арқылы СТО технологиясының мүмкіндіктері негізінде оқушының субъект ретінде қаншалықты өскенін аңғаруға болады.

Миға шабуыл стратегиясы – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандарты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады. Қағидасы:

- Ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды.
- Жұмыс пікірдің сапасына емес санына бағытталған (неғұрлым пікір көп болса, соғұрлым нақты шешім қабылдауға таңдау болады).

- Барлық пікірлер «бір ауыз сөзбен» жазылып отырғаны жақсы.
- Белгіленген уақыт сақталуы тиіс.

ДЖИК СО стратегиясы - ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты: жалпы мәселені алдымен жұпта сосын ұжымда талқылау. Қолданылуы: Алдымен сынып 4 топқа бөлініп отырады - бұл жұмыс немесе бастапқы топтар деп аталады. Бірдей мәтін бөлігін алған оқушылар енді эксперт немесе жанұя топтарын құрады, яғни эксперт топтар басқа топ құрады, мәтіннің бірдей бөліктерін талдайды. Төрт логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1- бөлігін бірлер, 2 - бөлігін екілер, 3-бөлігін үшіншілер, 4, 5-бөліктерін- бесінші және төртінші топқа бөлінетін оқушылар алады. Келесі кезекте бастапқы топтар қайта табысып, үйреніп келген бөліктерінің мазмұнын ортаға салады.

Сабақтың тақырыбы: Етістіктің өткен шағын қайталау

Сынып : жетінші

Тақырып : етістіктің өткен шағын қайталау

Сабақтың мақсаты. Оқушылардың етістік шағы бойынша өткен білімдерін бекіту; логикалық ойлау қабілетін дамыту; мәселені анықтай алуға және шешімін таба білуге үйрету.

Сабақтың барысы:

Сабақ алдында тақтада немесе үлкен ақ парақта келесі сызбаны дайындап қою керек:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

Мұнан соң мұғалім оқушыларға олардың бүгін нағыз жазушы болатындықтарын, өз оқиғаларының авторы болатындықтары жайында түсіндіреді. Мұндай тарихты жазу үшін, алдымен, барлығы бірлесе отырып мына сызбаны толтыру керектігі айтылады.

Пирамиданы келесі түрде толтыру қажеттілігі түсіндіріледі.

1. Сіздің оқиғаңыздағы кейіпкердің есімі (кейіпкер ретінде тек адам ғана емес, жануар, жеміс-жидек, жансыз дүниелер де бола алады)
2. Кейіпкерді сипаттайтын екі сөз (түрі, жасы, мінезі, қасиеті)
3. Іс-әрекеттің болған орнын сипаттайтын үш сөз (ел, мекен, қоғамдық орындар және т.б.)
4. Оқиға мәселесін сипаттайтын төрт сөз (ақша, адасып қалу, кедейлік, кездесу, махаббат)
5. Бірінші болған оқиғаны сипаттайтын бес сөз (оқиғадағы мәселенің шығу себебі неде?)

6. Екінші болған оқиғаны сипаттайтын алты сөз (сюжет барысы бойынша кейіпкерге және оны қоршаған ортаға не болды?)
7. Үшінші оқиғаны сипаттайтын жеті сөз (мәселені шешу үшін қандай шаралар қолданылады?)
8. Мәселенің табылған шешімдерін сипаттайтын сегіз сөз
- Оқушылардың берген жауаптарының ішінде ең кең таралғандарын пирамидаға жаза бастаймыз. Менің сыныбымның оқушылары пирамиданы былай толтырды:
1. Рекс (ит). 2. ақылды, мейірімді. 3. Ауыл, өзен, талдың түбі. 4. Қыңылау, жарақат, өкініш, көзқарасы. 5. Аштық, тоңу, суық, тастап кету, жоғалту. 6. Аяғы, қан, консервінің банкасы, тұмсық, тамақ. 7. Үй, жүгіру, ұру, мәшине, жол, көз жасы, өтіну. 8. Тамақтандыру, пальто, ит тұмылдырығы, серуен, құрастыру, күзету, қойшы, сүйектер.
- Кесте толығымен толтырылып біткен соң, мен оқушыларға берілген кілт сөздер бойынша өз оқиғаларын құрастыруын ұсынамын. Мәтін құрастыру барысында оқушылар сөз құрамдарын өзгертулері мүмкін (жақ, шақ, септік және т.б.), кей сөздердің орнын ауыстыруға, тіпті зат есімді етістікке, сын есімге айналдыра алады. Мысалы, пирамидада өкініш деген сөз бар, осы сөзді өкінішті немесе өкініп тұр деп ауыстыруға болады.

Менің итім бар. Оның аты – Рекс. Ол өте ақылды, мейірімді. Өткен жызда біз әжеміздің үйіне, ауылға бардық. Бір күні біз өзенге шомылуға бардық, біраздан соң біз жағалауда тал түбінде қыңсылаған бір дауысты естідік. Тал түбінен біз аштық пен суықтан қыңсылаған кішкентай күшік тауып алдық. Біз оны не адасып қалған немесе оны лақтырып жіберген деп ойладық. Біз қолымызға күшікті көтеріп алдық, сол кезде оның аяғындағы қанды көрдік. Жарақат аса үлкен емес еді. Жақын жерден консервінің банкасын тауып алдық. Күшіктің тұмсығында тамақ қалдықтарының орны болды. Әкем бізге өкінішпен қарап тұрған үлкен итті көрді. Біз күшікті алып, үйге қайттық. Үлкен ит біздің артымыздан жүгірді. Ол жолды кесіп өтпекші болғанда, оны мәшине қағып кете жаздады. Ит қақпа жанына келіп, үре бастады. Оның көздері жасқа толып тұрды, күшігін қайтаруды өтініп тұрғандай болды. Біз екеуін де алатын болып шештік. Күшікті Боря, итті Рекс деп атадық. Әкем оларды тамақтандырса, анам жарақатты емдеді. Әкем үйшік жасап, мен ескі пальтоны әкелдім. Біз өзіміздің жаңа достарымызбен қыдырғанды ұнатамыз. Рекс үйді күзетеді, ал Боря қаздарды бағады. Олардың ең сүйікті тағамы – үлкен сүйек.

Осы әдісті пайдалана отырып, бір уақытта грамматикалық материалды қайталай отыра, сын тұрғысынан ойлауды дамыттық.

Қорыта айтқанда, педагогикалық жаңа технологиялардың барлығы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген материалды жедел, әрі сапалы меңгертуге бағытталған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ташенова, А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту / А.Ташенов //Білім – Образование. – 2006. - №2. – Б.27-29
2. Мейірманқұлова, Т. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы / Т. Мейірманқұлова. – Астана: Фолиант, 2010. – 168 б.
3. Тұңғатова, Ғ. Қазақ тілі сабағында сыни ойлауды дамыту / Ғ. Тұңғатова //Қазақ тілі: әдістеме. – 2010. - № 9-10. – Б.15-19
4. Хуторской, А.В. Современная дидактика : учебник / А.В. Хуторской. – Санкт-Петербург : Питер, 2001. – 544 с. : ил. – (Учебник нового века) .

*Alzhanova Zh.K. magister of
University of Aktobe named S.Baishev*

TECHNOLOGY OF CRITICISM THROUGH BY READING AND WRITING

ABSTRACT

In this article author wants to show responsibility of technology of criticism through by reading and writing. Also it shows the opportunity of used strategy of developing criticize thought by reading and writing.

Key words: *rising an interest, strategy, criticism thought, process of learning*

*Алжанова Ж.Қ., магистрант
Актюбинский университет им.С.Байшева*

УВЕЛИЧЕНИЯ СПОСОБНОСТЕЙ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ПРИ ПОМОЩИ ЧТЕНИЯ И ПИСАНИЯ

АННОТАЦИЯ

В этой статье автор осматривает развитие технологии критического мышления. А также показывает стратегии используемые для увеличения способностей критического мышления при помощи чтения и писания.

Ключевые слова: *разбудить интерес, стратегия, критическое мышление, процесс обучения.*

УДК 613.83

Асадуллин А.Р., к.мед.н., доцент

Башкирский государственный медицинский университет

Юлдашев В.Л., д.мед.н., профессор,

Башкирский государственный медицинский университет

Асадуллина Г.М., ст.преподаватель...,

Башкирский государственный педагогический университет им. М. Акмуллы,

Ахметова Э.А., врач психиатр-нарколог.

ГБУЗ РНД №1 МЗ РБ

МЕТОДИКА РАННЕГО ВЫЯВЛЕНИЯ ФАКТОРОВ РИСКА ФОРМИРОВАНИЯ ЗАВИСИМОСТИ В РАМКАХ ПРОВЕДЕНИЯ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ТЕСТИРОВАНИЯ ЛИЦ.

Аннотация

Актуальность исследуемой проблемы, раннего выявления факторов риска аддитивного поведения, - сохранение здоровья и целостности общества. Цель данной статьи, показать систему ранней профилактики одной из существенных проблем нашего времени – зависимость к различным психоактивным веществам. Задача данного исследования заключается в создании, реализации и внедрении новых мер профилактики аддитивного (зависимого) поведения.

Ведущим подходом к исследованию данной проблемы является дистанционный опрос в онлайн режиме 8859 учащихся из 131 общеобразовательной организации Республики Башкортостан. Представлен опыт применения специально разработанной методики социально-психологического тестирования обучающихся в возрасте 14-19 лет для выявления факторов риска формирования аддитивного (зависимого) поведения. Результаты свидетельствуют о высокой информативности методики. Данная статья будет полезна для врачей психиатров-наркологов, школьных психологов и всем заинтересованным специалистам медицинского и педагогического профиля.

Ключевые слова: подростки, наркоманы, первичная профилактика, аддитивное поведение, психоактивные вещества.

Указом Президента Российской Федерации №690 от 9.06.2010 г. утверждена Стратегия государственной антинаркотической политики РФ до 2020 года, где развиваются и конкретизируются соответствующие положения Стратегии национальной безопасности Российской Федерации до 2020 года и Концепции долгосрочного социально-экономического развития Российской Федерации на период до 2020 года. Основной целью названного указа является существенное

сокращение незаконного распространения и немедицинского потребления наркотиков, т.к. злоупотребление психоактивными веществами представляет одну из важнейших угроз национальной безопасности Российской Федерации [6].

Общество столкнулось с таким феноменом, что в последнее время происходит замещение растительных каннабиноидов синтетическими [3,6,13]. По мнению директора Федеральной службы по контролю за оборотом наркотиков (ФСКН) России, председателя Государственного антинаркотического комитета (ГАНК) В.П. Иванова, которое он отразил в выступлении на заседании ГАНК 6 октября 2014 г. по теме: «Меры по ликвидации чрезвычайной ситуации, связанной с массовыми отравлениями новыми психоактивными веществами» Республика Башкортостан входит в тройку наиболее пораженных «спайсовой» наркоманией регионов России [3]. Неблагополучная тенденция отмечается по данным ООН [Всемирный доклад о наркотиках, 2012], в течение последних двух лет международные рынки героина, кокаина и каннабиса либо снижались, либо оставались стабильными, но при этом был отмечен общий всемирный рост новых синтетических «дизайнерских» наркотиков[1,7,11,13].

В современных условиях, особую актуальность приобрела проблема стремительного распространения среди подрастающего поколения России различных синтетических (дизайнерских) психоактивных веществ (ПВ). К тому же, на сегодняшний день в нашей стране практически не проведены серьезные социологические исследования по данной проблеме. По данным «Центра социологических исследований» в возрастной группе 11–24 лет удельный вес регулярно потребляющих наркотики (с частотой не реже 2–3 раза в месяц) составляла 9,6 % от общей численности данной возрастной группы, алкогольные напитки (включая пиво) – 50,5 %, курящих - 45,6 % [4].

Злоупотребление наркотическими средствами является весьма серьезной проблемой стоящей не только перед обществом и здравоохранением, но и в основном непосредственно перед семьями [5,9]. Тем более, что, по данным ФСКН России, до 75% из общего числа злоупотребляющих наркотиками - это лица подросткового и юношеского возраста [3].

Во многом, решению существующих проблем первичной профилактики формирования аддиктивного поведения подростков и молодежи в условиях образовательной среды, будут способствовать эффективное использование современных коммуникативных технологий для реализации образовательных программ по профилактике наркозависимости и, разработка и внедрение принципиально новых подходов раннего выявления лиц, употребляющих и, в особенности, склонных к употреблению ПВ, т.к. существующие в настоящее время методики остаются недостаточно информативными [3,8,9]. Одним из наиболее передовых и информативных вариантов скрининга, составляет метод двухэтапного тестирования, согласно Приказу Министерства образования и науки РФ от 16 июня 2014 г. N 658 «Об утверждении Порядка проведения социально-психологического тестирования лиц, обучающихся в

общеобразовательных организациях и профессиональных образовательных организациях, а также в образовательных организациях высшего образования», с целью раннего выявления среди них потребителей ПАВ, включающего социально - психологическое и медицинское тестирование. Основная задача первого этапа тестирования (социально-психологического) выделить среди обучающихся (желательно малобюджетным способом) – группу риска формирования аддиктивного поведения и возможных потребителей ПАВ. В последующем эти обучающиеся должны проходить, с соблюдением всех правовых норм, медицинское тестирование.

Данная методика определяет первый этап и позволяет решить следующие задачи:

- 1) раннего выявления поведенческих нарушений и их последующей коррекции, превенции формирования наркомании;
- 2) качественной и количественной оценки уровня различных аспектов девиантного поведения по муниципалитетам, необходимой для составления индивидуальных программ медико-социальной помощи подросткам;
- 3) определения эффективности проведённых комплексных профилактических усилий, исходя из уровня распространенности склонности к аддиктивному поведению в целом от района проживания;
- 4) вынесения взвешенного суждения о целесообразности проведения тех или иных профилактических методик, на основе пролонгированного (многолетнего) исследования.

В связи с вышеизложенным, нами был разработан структурированный опросник - «Карта социально-психологического тестирования обучающихся» для выявления факторов риска формирования аддиктивного (зависимого) поведения у лиц в возрасте 14-19 лет. В основу «Карты» положены опросник Кетелла, рекомендованный Министерством образования и науки РФ, тест на наличие синдрома дефицита внимания и гиперактивности (СДВГ). Кроме того, респонденту предлагается ряд вопросов, направленных на выявление употребления ПАВ, и несколько свободных ответов.

В соответствии с приказами Министерства образования Республики Башкортостан (от 07.09.2015 № 1755) по данной методике с 7 сентября по 10 сентября 2015 года в онлайн режиме было проведено социально-психологическое тестирование в общеобразовательных организациях 10 муниципальных районов, в том числе 3-х сельских, и городских округов. В тестировании приняли участие 8859 учащихся из 131 общеобразовательной организации в возрасте от 13 до 18 лет. Средний возраст учащихся составил $15,5 \pm 0,6$ лет. Исследование проводилось на основании информированного согласия респондентов.

Данные, полученные в результате анкетирования восьми 8859 лиц обоего пола в возрасте 13 – 18 лет, вносились в электронную базу в виде таблицы «объект–признак», которая далее подвергалась поэтапной математико–статистической обработке. Необходимо отметить, что полученные данные представляли собой достаточно объемный и, главное, **многомерный** массив

данных, В «профиль описания» каждого человека входило 60 показателей, выраженных в виде комплекса разномасштабных точно измеряемых или неточных («порядковых») количественных, а также качественных («категоризированных», «классификационных») переменных. Это позволяло достаточно полно описать различные психологические и социальные свойства и состояния обследуемых людей. Однако такая детальность «профиля описания» объектов и, его многомерность делали практически невозможным применение традиционных прогностических методов типа информационной меры Кульбака-Лейблера (Kullback, Leibler, 1951), ROC-анализа (Fawcett, 2006) или дискриминантного анализа (Клекка, 1989).

В силу этого нами был применен оформленный в виде уникального программного пакета алгоритм «Синдромальный анализ данных» (SAND), разработанный в ИППИ РАН В.Г. Труновым (Трунов, 1976). Особенность алгоритма заключается в том, что он позволяет работать более чем с 300 признаками и при наличии любого числа классификационных групп.

По итогам онлайн тестирования в 24% школ республики риск аддиктивного поведения подростков оказался высоким. На вопрос: «Имеете ли опыт приема веществ изменяющих сознание, психику (не алкоголь)» утвердительно ответило 489 респондентов, что составило 6% от всей массы обследованных (8859 человек).

Кроме того, в процессе анализа было установлено, что факт употребления наркотических средств было тесно связано с такими факторами как проживание подростка в неполной семье: среди лиц, заявивших, что они проживают в неполной семье, сиротами или с приемными родителями составляет 2208 (25%) случаев из 8859, при этом в отмеченной группе было 301(14%) подросток, имевший опыт приема алкоголя из 489 (22%). Тогда как в полной семье проживало 6651 (75%) подросток, и среди них имел опыт приема наркотических средств 188 (3%) человек, что статистически значимо ниже ($p < 0,05$).

Из свободных ответов респондентов следует, что в образовательных учреждениях остаются слабо разработанными вопросы формирования мотивации к здоровому образу жизни. Имеется большой дефицит доступной и понятной информации для родителей о профилактике наркомании.

Таким образом, анализ полученных данных, выявление факторов развития аддиктивного поведения в подростковом возрасте, позволят совершенствовать уже имеющиеся программы первичной профилактики потребления ПАВ, или создавать принципиально новые профилактические антинаркотические программы. Опираясь на полученные сведения социально-психологического тестирования становится возможным выявление слабых сторон семейного, педагогического воспитания, недостатков антинаркотической пропаганды, направленных на детей и подростков.

Результатом этого, может стать активное привлечение, информирование и взаимодействие родителей, профильных специалистов и представителей

общеобразовательных учреждений в сфере профилактики развития зависимости от психоактивных веществ у детей и подростков.

Литература

1. Бохан, Н.А. Клиническая типология психопатологических расстройств у потребителей синтетических каннабиноидов (спайсов) / Н.А. Бохан, Г.Ю. Селиванов // Сибирский вестник психиатрии и наркологии. - Томск, 2015. № 4 (89). – С. 18-23.
2. Головкин А.И., Бонитенко Е.Ю. Терминологические и биологические парадоксы феномена «дизайнерские наркотики» // Наркология. Москва, 2015 г. - №1. - С.69-83
3. Доклад о наркоситуации в Республике Башкортостан по итогам 2014 года. Утвержден протоколом заседания антинаркотической комиссии Республики Башкортостан от 19.03.2015 №36. – Уфа: Издательство «Здравоохранение Башкортостана», 2015.- 222 с.
4. Каклюгин, Н.В. «Синтетическая» Россия: прогрессирующее самоубийство наркотизирующейся молодежи / Н.В. Каклюгин // Журнал «Медицина». - Москва, 2014. - №4 – С. 1-27.
5. Менделевич, В.Д. Психотические расстройства в результате употребления наркотиков: современное состояние проблемы / В.Д. Менделевич // Наркология. - Москва, 2014. –№7. – С. 93—100.
6. Чайковская И.Л., Уразаев Т.Х., Брусин К.М. Острые отравления каннабиномиметиками // Роль токсикологических центров в обеспечении химической безопасности на региональном уровне: Тез. науч.-практ. конф. Уральского федерального округа по клинической токсикологии с международным участием (13-15 октября 2011 г., Екатеринбург) / Под ред. В.Г. Сенцова. – Екатеринбург: Издательство УГМА, 2011. – С.119-120.
7. Юлдашев В.Л., Асадуллин А.Р., Ахметова Э.А., Рахматуллин Э.Р. Цели и мишени первичной профилактической программы «Здоровая семья» // Медицинский вестник Башкортостана. - Уфа, 2015. – №4. – С. 5-9.
8. Buser G.L., Gerona R.R., Horowitz B.Z., et al. Acute kidney injury associated with smoking synthetic cannabinoid // Clinical Toxicology. – 2014. – Vol. 52. №7. – P.664-673.
9. Järbe T.U., Li C., Vadivel S.K., Makriyannis A. Discriminative stimulus functions of methanandamide and Δ^9 -THC in rats: tests with aminoalkylindoles (WIN55,212-2 and AM678) and ethanol // Psychopharmacology (Berl). – 2010. – Vol. 208, № 1. – P. 87–98
10. Huffman J.W., Thompson A.L., Wiley J.L., Martin B.R. Synthesis and pharmacology of 1-deoxy analogs of CP-47,497 and CP-55,940 // Bioorg. Med. Chem. – 2008. – Vol. 16, № 1. – P. 322–335.
11. Karila L., Megarbane B., Cottencin O., M. Lejoyeux Synthetic Cathinones: A New Public Health Problem // Curr Neuropharmacol. – 2015. – №13. – P. 12—20.

12. Makriyannis A., Deng H. Cannabimimetic indole derivates, United States Patent US20080090871A1. – 2007.

13. Streich T. William F Rushton, Nathan P Charlton. Death by spice: A case report of mortality following synthetic cannabinoid use Heather, // Clinical Toxicology.–2014.–Vol.52.– P. 365.

*A.R.Asadullin, , Ph.D, Associate Professor at the Department of psychiatry, psychotherapy and narcology with UAPE cours BSMU
V.L.Yuldashev, Professor, Head of Department of psychiatry, psychotherapy and narcology with UAPE cours BSMU
G.M.Asadullina, teacher at the Department of psychology and development BSPU
E.A.Akhmetova. psychiatrist-narcologist SBHI RND №1 Ministry of Health Republic of Bashkortostan*

EARLY DETECTION OF RISK FACTORS WHICH MAKE INDIVIDUALS PRONE TO DEVELOPING ADDICTION TO SYNTHETIC “DESIGNER” DRUGS WITHIN THE SCOPE OF SOCIAL-PSYCHOLOGICAL QUESTIONNAIRE CONDUCTED AMONG YOUNGSTERS STUDYING IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS.

Abstract

A rationale for early detection of risk factors which make individuals susceptible to developing drug abuse behaviours is to preserve the health and sustainability of society. The key objective of this research study is to present a number of preventive measures which can be taken against development of addiction to psychoactive substances. The research is focused on development, introduction and implementation of preventive mechanisms against drug abuse addiction.

The study is based on remote online survey of 8859 students being educated at 131 educational institutions of Bashkortostan Republic. The results of the social-psychological questionnaire conducted among youngsters aged 14-19 with an aim to reveal risk factors which render individuals more prone to developing addiction are presented in the study. The results show that the methodology used in the research has a very high informative value. The article might be of interest to addiction psychiatrists, school psychologists and other specialists who work in medical and educational institutions.

Key words: teenagers, addict, prevention of addiction, addictive behavior, psychoactive substances

ӘОЖ 51: 004

*Бакытжанова А.М. магистр, аға оқытушы.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУДАНДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада Ақтөбе облысындағы геоэкологиялық аудандастыру мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: геоэкология, ландшафт, атмосфералық ауа, радиоактивті әсер, антропогендік факторлар, ластану.

Қоршаған табиғи ортадағы қазіргі маңызды мәселелердің бірі, бұл геоэкологиялық жағдайдың біздің республикамызда мықтап қалыптасуы болып табылады. Қазіргі уақыттағы қоғамдық өндірістің дамуының тиімділігін арттыратын негізгі факторлардың біріне табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және айналадағы ортаны қорғау жатады. Бұрын өндіргіш күштердің кез-келген жерге экологиялық зардаптарын ескерусіз, табиғи ортаны қорғау жатады. Бұрын арты қазір шешуі қиын экологиялық дағдарысқа айналады.

Қоғам мен айналадағы табиғи ортаның арасындағы өзара әрекет және байланыс қазіргі таңда үлкен проблемаларға айналып отыр. Адамдардың шаруашылық әрекеттерінің табиғи ортаға тікелей әсері және табиғи ортаға тікелей әсері және табиғи ресурстарды үздіксіз пайдалану соңғы кездері күрт өсті. Атмосферадағы ауаның, топырақ пен өсімдік жамылғылары, су және басқа табиғи компоненттердің қатты ластануы жылдан-жылға көбеймесе, азаятын емес. Бұл әрине, көп жағдайда айналадағы табиғи ортаның заңдылықтарын сақтамай, ірі өндіріс және өнеркәсіптердің тоқтаусыз қарқынды жұмыс істегенін көрсетеді.

Біз қарастырғалы отырған Ақтөбе облысы Қазақстан Республикасының батыс аймағында, ірі өнеркәсібі мен өнеркәсіптері жақсы дамыған территорияға жатады.

Физикалық-географиялық орналасуы жағынан Ақтөбе облысы Оңтүстік Орал тауының орталығында, шөлейтті- құрғақ аймақта орналасқан. Бұл аймақ Орал- Мұғалжар провинциясының Ор- Мұғалжар округіне және Орал маңы

(Торғай) провинциясының, Орал маңы үстіртінің оңтүстік- батыс бөлігі мен оңтүстік- шығыс бөлігі округіне жатады.

Облыс территориясында ландшафтты дала, шөлейтті және зоналар орналасқан. Бұл зоналар шөлейтті Өзен- Орал Эмба провинциясының Ойыл-Ембі округін, шөлді Атырау және солтүстік Арал маңы провинцияларының Орал- Ембі және Арал маңы солтүстік- батыс округі мен Маңғышлақ – Үстірт провинциясының Үстірт округтерін қамтиды.

Табиғи ресурстарды көптеп пайдалану облыс бойынша бірнеше есе өсті. Сонымен қатар, регионда атмосфералық ауаның ластануын және басқа табиғи ландшафттардың компоненттерінің бұзылуын байқауға болады. Мысалы: зиянды заттардың қалдықтарының атмосфераға тасталынуы облыста 2010 жылға дейін қатты, газ және сұйық күйінде өссе, соңғы жылдары түрлі зиянды қалдықтарды ұстап қалатын қондырғылардың арқасында біршама азайды.

Атмосфераның қатты ластануы, әсіресе Ақтөбе қаласында және ірі өндіріс орталықтары орналасқан Алға, Хромтау, Қандыағаш және Ембі қалаларының маңында байқалады. Осы жерлерде ластанған атмосфералық ауа көршілес Батыс Қазақстан, Атырау облыстарына және Ресейдің Орынбор облысына тарайды.

Ақтөбе қаласының ауасын ластайтын зиянды заттардың 49%-ын феррокорытпа зауыты шығарса, 25%-ын Ақтөбе хром қосындылары зауыты шығарады. Мұндағы мекемелерде ауаны ластауды азайтатын құрал жабдықтардың жартысы ғана істейді.

Қазіргі уақытта Ақтөбе облысы бойынша атмосфералық ауаны ластайтын 172 мекеме жұмыс істейді. Бұған Жаңажол мұнай-газ өндіретін кен орны да жатады. Шаң тазалағыш, өндіріс қалдықтарының дұрыс жұмыс істемеу салаларынан немесе іске алғысыздығынан бұл қалалардағы шаң- тозаңның орташа көрсеткіші белгіленген мөлшерден 4 есе, азот қос тотығы 2 есе, күкіртті ангидрид шамамен 0,2 есе артып отыр.

Ірі өндіріс өнеркәсіптері орналасқан осы қалалардың тұрғындары ангидрид, азот және көміртегі тотықтары, фтор қосылыстары, аммиак, фосфор ангидриді, көмір қышқыл газы, күйе, шаң тағы басқалары араласқан ауамен дем алады. бұлардың ішіндегі ауаға ең көп тарайтындары: күкірт ангидриді, азот және көміртегі тотығы. Бұлар адамның денсаулығына аса зиянды рак ауруын тудыратын химиялық элементті заттар болып табылады.

Атмосферадағы ауа құрамының өзгеруі, көбінесе антропогендік факторлармен байланысты болып келеді және сол жердің ландшафттары

жергілікті климаттың қалыптасуына әкеп соғады. Сондықтан, техникалық жылу қуаты жоғары ірі өндірісті орталықтарындағы (Ақтөбе, Алға, Хромтау) қалаларда ауадағы температура, қоршаған ландшафттармен салыстырғанда екі, үш есе жоғарылайды.

Көптеген өндіріс, өнеркәсіптердің техногендік қалдықтары су миграциясы циклы арқылы өтетіні белгілі. Су қорының ластануларына аса қауіп туғызатындар мұнай өнімдері, фенол, пестицидтер және түрлі-түсті металдардың күрделі химиялық қосылыстары болып табылады.

Әсіресе, мұнайдың сулары ластаудағы зияны шексіз. Облыс территориясының оңтүстік аймағында жаңа мұнай-газ көздерін игеруге байланысты мұнай тек қана су жүйелерін емес, сонымен қатар, айналадағы ортаны ластайтын өте қауіпті элементке айналып отыр. Мысалы: Елек өзенінде бор, фенол, нитраттар мөлшері он есе артық. Ембі, Темір, Сары -Хобда өзендерінде фенол, аммиактың құрамы кей уақыттарда 4-5 есе (ШМК) асып кетіп отырады.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылықтарында химиялық тыңайтқыштарды кеңінен пайдалануға байланысты, суларды ластауды пестицидтердің зиянды әсері көп ықпалын тигізуде.

Әрбір ландшафт табиғи күйінде өзін-өзі реттеуші жүйе бола отырып және белгілі бір структурамен сипатталып геосистема кеңістіктегі -уақытша ұйымдастырушысы болып табылады. Антропогендік әрекеттерді әсерінен болған өзгерістер, геосистема ландшафттың қайта құрылымына қатты ықпалын тигізеді. Кейін осыдан барып ландшафттың антропогендік модификациясы пайда болады. Бұлардың барлығы табиғаттың өз туындылары болып табылады. Антропогендік әрекеттердің ұзақтығына, интенсивтілігіне, геосистемалардың таксономикалық рангасына және структураның терең қалыптасуына байланысты ландшафттың антропогендік модификациясы қайтымды немесе қайтымсыз өзгерістерге түсуі мүмкін.

Ақтөбе облысының ландшафттарын антропогендік әрекет ету дәрежелеріне қарай мынандай категорияларға бөлуге болады (А.В.Чигаркин бойынша):

1. Табиғи күйіне жақын ландшафттар, территорияның оңтүстік аймақтарын және шығыстағы табиғи қорықтарды қамтиды.
2. Аздап өзгерген ландшафттар (көбіне фаунасы мен өсімдіктердің сипаты жағынан) техногендік процестерге ұшырамаған, көбіне мал шаруашылығымен айналысатын құрғақ - далалы Байганин және Ойыл ауданын қамтиды.

3. Бүлінген ландшафттарға (көбіне өсімдігі мен топырағының сипаты жағынан) далалы, жайылымды жерлер және территориядағы өтіп жатқан темір жол, тас жол магистральдары мен мұнай - газ құбырлары жатады.
4. Қатты бұзылған ландшафттарға (көбі рельефінің топырағының және өсімдіктерінің сипаты жағынан) тікелей өнеркәсіп пен тау-кен рудалы кәсіпорындарының жұмыстарының әсеріне ұшыраған территориялар кіреді. Бұған Ақтөбе химия зауыты, Шилісай және Дон тау-кен байыту комбинаты, Жаңажол және Қожасай мұнайлы кен орындары жатады.
5. Өзгертілген ландшафттар (жаңарту бағытымен арнайы өзгертілген) территориядағы өзендердің егіншілікке игерілген алқаптарында және суармалы егіншілікті жазықтықтарда орналасқан.

Антропогендік факторлардың әсерін және табиғи ресурстардың құлдырап, нашарлау деградациясын есепке ала отырып, Ақтөбе облысын геоэкологиялық картаға сүйеніп, бірнеше экологиялық аудандарға бөлуге болады.

Алдын-ала құрылған табиғи аудандастыру схемасы табиғи ортаның геоэкологиялық деградациялық критерийі қойылады. Табиғи ресурстарды және олардың түрлерін аудандастыру және карталау территориялық түрде, соның ішінде табиғи территориялық кешендер жүйесімен негізделу қажет. Ақтөбе облысында геоэкологиялық деградацияның мынандай критерийі анықталды: өте жоғары, жоғары, қалыпты- жоғары, қалыпты және төмен.

1. Өте жоғары: антропогендік әрекеттердің әсерінен мықты бүлінген ландшафттар. Ақтөбе және Алға қалалары жатады .

2. Жоғары: көбіне Хромтау, Қандыағаш, Ембі және Шалқар қалалары жатады.

3. Жоғары - қалыпты: далалы, жайылымды жерлер, «Атырау-Ақтөбе» темір және тас жолдары: «Қандыағаш-Ақтөбе» газ–мұнай құбырлары жатады.

1. Қалыпты: облыстың орталағаны тән, Жем өзеннің бойы және Мұғалжардың шығыс бөлігі мен Ырғыз ауданын қамтиды.

2. Төмен: облыстың оңтүстік бөлігін Арал теңізіне дейін және Ырғыз ауданының шығыс бөлігін қамтиды.

Айналадағы табиғи ортаның ластануын, зиянды дәл анықтаумен бірге, экологиялық жобалардың тиімділігін анықтаудың және оларды жүзеге асырудың маңызы зор. Облыстағы қалыптасып отырған экологиялық жағдайға байланысты мынадай шараларды қолдану қажет.

- ірі өнеркәсіп, өндіріс мекемелеріне айналадағы ортаны шектен тыс ластану үшін белгілі бір дәрежеде шектеулі лимит белгілеу

- өндіріс қалдықтарын өңдеуде АҚШ, Жапония, Ұлыбритания сияқты елдердің технологиялық озық үлгілерін кіргізу,
- мұнай және өнеркәсіп орындарының маңдарына санитарлық қорғау аймақтарын орнату және белгілі бір аудандардағы ластанған объектілерді ұдайы бақылау,
- табиғат қорғау шараларын жүзеге асырудың нақты тиімділігін бақылау және айналадағы ортаның нормативтік сапасына жетудің негізгі кезеңдерін экологиялық-экономикалық тұрғыдан тұжырымдау,
- атмосферадағы ауаның ластану деңгейін ұдайы бақылайтын автоматтандырылған жүйе құру,
- облыс территориясының әлеуметтік-экологиялық паспортын жасау,
- территория бойынша қоршаған ортаға геоэкологиялық жағдайды ұдайы қадағалап отыратын жылжымалы бақылау пункттерін және алынған мәліметтерді өңдейтін қазіргі заманға сай орталық салыну қажет.

Қазіргі кезде экологиялық жағдайлардың шиеленісуі халықтың әлеуметтік хал-ахуалына, ауылдағы халық санының азаюына, туу дәрежесінің төмендеуіне, ауру түрлерінің көбеюіне, т.б. факторлардың әлеуметтік даму деңгейінің төменгі параметрлеріне әкеліп соқтырады.

Облыстың атмосфера қабатын ластаушы көздер Ақтөбе қаласында, сондай-ақ Темір, Мұғалжар, Хромтау аудандарында шоғырланған пайдалы қазындылар шығаратын кен орындары және энергетикалық нысандар болып табылады.

Суды тиімді пайдаланудың маңызды бағыты - айналымды су жүйесін қолдану. Су қорын тиімді пайдаланудың маңызды бағыттарының бірі - су қорын ластамау. Ластанған суды тазалау өте қымбатқа түсетін шара. Соның өзінде су 90-95% органикалық қосындылардан тазартылады, ал тұздар ерітіндісінен іс жүзінде тазартылмайды.

Қазіргі уақытта полигон қалдықтарға толық, бірақ қалдықтарды полигонға тасу әлі де жалғасып отыр. Полигон атмосфералық ауаның, жерасты және жер беті суының, жердің интенсивті ластаушы көзі, инфекциялық ауруларды таратушы.

Облыста өнеркәсіп салдарының кең түрде дамуы кәсіпорындар айналасына өндірістік қалдықтарының миллион тонналап жиналуына мүмкіндік берді.

Қоршаған табиғи ортаның сапа нормативтерінің ішінде ерекше орын алатын радиоактивті әсер. Кен орындарына жақын орналасқан тұрғындардың денсаулығына жер асты қабаттарынан алынатын әр түрлі рудалардың радиоактивті әсері үлкен ықпал етеді.

Табиғи ортаның мыңдаған жылдар бойы өзі қалыптастырып, жүйелеген тірі және өлі компоненттерінің арасындағы теңестірілген баланс экологиялық тізбек деп аталады. Экологиялық тізбектің белгілі бір бөлігінің үзілуі бүкіл жүйенің бұзылуына әкеліп соғады.

Қазір сынақ алаңдары жойылса да, радиоактивті қалдықтардың өміршеңдігі, аймақтағы өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, адамның денсаулығына кері әсері, экологиялық тізбектің бұзылуына әкеліп соқтырды. Көптеген экологиялық факторлардың әсерінен, шиеленісуінен аудандағы елді - мекендердің құлдырауына, ондағы тұрғындардың санының азаюына алып келді.

Ақтөбе облысында қалыптасқан геоэкологиялық жағдайлар мен мәселелердің күрделілігін және сан қырлылығын ескеріп, шешуші факторларын талдап, зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытындыға келеміз.

1. Ақтөбе облысы экологиялық мәселелердің күрделілігі жағынан республикамызда алдыңғы орындардың бірін иемденеді;
2. Басты қауіп-қатерлер қалалар мен өнеркәсіп орталықтарындағы гидрографиялық желілердің, қоршаған ортаның өндіріс пен тұрмыс қалдықтарынан шыққан зиянды заттармен, химиялық және радиациялық улы заттармен мәселесінің бір жағын ашады;
3. Металлургия өндірістерінен шыққан қатты бөлшектер, май, сульфаттар, хлоридтер, темірдің қосылыстары, ауыр металдармен ластануы облыстағы екінші өзекті мәселе болып табылады;
4. Жергілікті жердегі радиоактивті дақтардың, мұнай өндірген кезде жердің мұнаймен ластануымен тікелей байланыстылығында, мұнай мен оның өнімдерінің жер қабатындағы суларға төгілуі де радиоактивтік ластану көздері болып саналады.
5. Жер қабатындағы суларды кері айдаған кезде сүзгілерді бітейтін заттар - қиыршық тастар мен кварцты құмдар (радиоактивтігі 200мкр/сағ. дейін);
6. Ұзындығы 100 метрден астам ашық мұнай, құбырларының аумақтарында жиналатын радиоактивті тұзды масса 400-650 мкр/сағ.; Насос-компресс құбырларының қалдықтары, тұз үйінділері мен металл беттеріндегі радиоактивтілік 130-170 мкр/сағ жетеді.

Ақтөбе облысы бойынша жасалынған геоэкологиялық картаның негізінде территорияда, деграациялық өте жоғары деңгей - 12%, жоғары - 14%, қалыпты жоғары - 24%, қалыпты - 27%, төмен - 23% - ке жуық болды. Сондықтан да,

табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану мәселелері алдағы уақытта әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тұрғыдан шешілуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Чигаркин, А.В. Региональная геоэкология Казахстана /А.В.Чигаркин. - Алматы:Қазақ университеті, 2000. - 225 с.
2. Чигаркин А.В. Геоэкология и охрана природы Казахстана /А.В.Чигаркин. – Алматы: КазНУ им. Аль- Фараби, 2003. – 276 с.
3. Ақтөбе облысының географиялық даму мәселелері (табиғи экономикалық – экологиялық аспект). Ақтөбе, 2006.- 112 б.
4. Кочуров, Б.И. География экологических ситуаций (экодиагностика территории) /Б.И.Кочуров. – М.: Институт географии РАН, 1999. — 86 с.
5. Жуков, В.Т. Компьютерное геоэкологическое картографирование /В.Т.Жуков, В.А.Новоковский, А.Н. Чумаченко. – М.:Научный Мир, 1999. - 128 с.

*Бакытжанова А.М. магистр.ст.препод.
Актюбинский университет им.С.Баишева*

ПРОБЛЕМЫ ГЕОЭКОЛОГИЧЕСКОЙ РАЙОНИРОВАНИЕ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются актуальные задачи в изучении пространственно-временных закономерностей взаимодействия человеческого общества с природой в Актюбинской области.

Ключевые слова: Геоэкология, ландшафт, атмосферный воздух, радиоактивное влияние, антропогенный фактор, загрязнение.

Bakytzhanova Aina, master senior teacher

S.Baishev State University of Aktope

THE PROBLEMS OF GEOECOLOGICAL REGIONESNESS IN AKTOBE REGION

ABSTRACT

The article is about the current challenges in the study of spatial and temporal patterns of interaction between human society and nature in the Aktope region.

Key words: ecology, landscape, air, radioactive impact, anthropogenic factor, pollution.

ӘОЖ 1(091)

Дүйсалиева Л. Ө., магистр.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ ЗАМАН ТАЛАБЫМЕН ҮНДЕСТІГІ.

Түйін

Бұл мақалада Ахмет Байтұрсыновтың қазақ философиясына қосқан үлесі, әрі ғылымда қалдырған өзіндік ізі туралы болмақ.

Кілт сөздер: ұлттық болмыс, ағартушылық философиясы, Алаш қозғалысы, тіл, сөз өнері, тәрбие, білім беру.

Ахмет Байтұрсыновтың философиялық ойлары қазіргі кездегі қазақ рухани мәдениетінде үлкен орын алып, қазіргі қоғаммен сабақтасып жатыр деп тұжырымдаймыз. Байтұрсыновтың өзінің өмір сүрген уақыты да дәстүрлі және инновациялық үрдістердің, модернизацияланудың қосарлана келген кезіне сай келді. Сондықтан да болар келер ұрпақ алдындағы міндетін жақсы түсініп, елдің болашағы мен тағдырын, арман-мұраттарын жүзеге асырудың қажеттігін, үлкен жауапкершілікті сезінді. Өзі де саяси оқиғаларға қатысып, соның бел ортасында жүргендіктен, қайраткер ретінде, азамат ретінде пісіп жетілді. Алаш қозғалысына белсене қатысып, оның бағдарламасын жасауға ат салысып, адамға қажетті игіліктерге қол жеткізуді ойлады. Ұлттық демократиялық интеллигенцияның қайнаған ортасында жүріп тұтас ұлттың қамын ойлап, халық игілігі үшін көп күш жұмсады. Байтұрсыновтың философиялық ойлары тіл философиясынан айқын көрініп, халықтың санасын оятуда үлкен ықпал етті. Оның бұл бағыттағы еңбектері ағарту философиясымен сабақтасып, ұтымды үйлесім тапты деп есептейміз. Сондықтан да білім философиясына Байтұрсыновтың үлкен мән беруі болашақ ұрпақтың көкірегінің ояу болып, өркениетке бет бұрсын деген ойдан туған деп түсінеміз. Ал, оның бұл ойлары қазіргі заман талабына сай келетіні ешкімге күмән туғызбайды.

Ұлттық болмыстың екінші арқауы - тіл. Қазақ тілін қоғамдық өмірден шеттетті. Халықты тілден айырып, мәңгірттікке апаруды ойлады. Тіл арқылы адамның қоршаған табиғи-әлеуметтік ортаны игеру нәтижелері, адамгершілік қадір-қасиеті жинақталады, ұрпақтар арасындағы сабақтастық жүзеге асады. Тіл игеру арқылы адам белгілі бір ұлт өкілі болып қалыптасады, халқының мұң-мұқтажын, арман-тілегін ұғады, сол арқылы адамның ұлттық санасы тұрақтанады. Тілден айырылса, адам санасы да көмескіленеді. Тілден айырылса, адам рухани түп тамырынан алыстап, жат болады.

Сондықтан болар баланың ана тілін білуін ұлттың ұлт болып өмір сүруінің

ең басты шарты деп қараған еді. Ол: “Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы ешуақытта адам құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қауіптісі - тіл” - деп, кесіп айтқан еді. Міне, өзі шығара бастаған газеттің алғашқы 2 санында-ақ кемеңгер Ахәң қазақтың ұлттық болмысын ана тіліне байланыстыра қараған еді. Оны халықтың сол кездегі әлеуметтік ахуалымен тығыз байланыстыра қарастырды. Ахәңды елімізге сырттан келіп жатқан кірмелердің көбеюі қатты аландатты. Соған байланысты ол: “Тарих жолымен қарасақ - деп жазды сол газет санында, - келімсек жұрт күшті болса, тұрған жұрт аяқ асты болып азып-тозып жоғалмақшы. Тұрғын жұрт күшті болса, келімсек жұрт сіңіп, тұрғын жұрттың түріне түсіп, бетендігі жоғалмақшы. Байтұрсыновтың осы үлкен кемеңгерлікпен айтқан әлеуметтік-этнологиялық концепциясы кеңестік жүйе кезінде қазақтың басына түсіп, орыс қауымы Қазақстанда үлкен этностық күшке айналды. Оның әлеуметтік зардабы қазақ тілінің мүшкіл хәліне, тарихи және рухани сабақтастықтың бұзылуына әкеліп соқтырды.

А. Байтұрсынов: “Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек” - деп мәселені айқындап қояды. Оқытқанда баланы (шәкіртті) ана тілі қазақ тілінде оқыту қажет деп санайды. Ал “орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек... Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе, орысша да білу қажет” - деп, [1] түйеді. Бұдан біз Байтұрсыновтың бала алдымен ана тілінде білім алып, ана тілінің ықпалымен азамат болып қалыптасуы қажеттігін көрсеткенін, соны ғылыми-педагогикалық, психологиялық тұрғыдан дұрыс деп танығанын көреміз. Ол бұл пікірін басқа Ресейге бағынышты ұлттар қайраткерлерінің пікірлерімен үндес екенін көрсетеді. Мәселен, Байтұрсынов 1910 жылы бастауыш мектептер туралы Ресей Думасында талқылағанда: “мектептерде оқу орыс тілімен оқылсын, жасынан балалар орыс тіліне үйреніп, Россияға қараған басқа тілді жұрттар өз тілдерін ұмытып, орыс тіліне ауып, орыспен бірігіп, сіңісуіне жақсы деген. Сонда, жоқ, олай емес, әр халық бастауыш мектепте өзінің ана тілімен оқуы тиіс” - деп басқа жұрттар, әсіресе татарлар Думаның нәсілдік-шовинистік әрекетіне наразылық білдіріп, қарсы болғанын құптай отырып, сондай әрекет қазақ тарапынан да істеліп жатқан жағдайды көреді.

Байтұрсыновтың басты ісі қазақ тілі мен әдебиетін дамытуға бағытталды. Байтұрсынов бұл фактордың ұлт пен оның рухани мұрасын сақтаудағы шешуші рөл атқаратындығын жақсы түсінді. “Қазақ” газетінің 1 нөмірінде жарияланған бағдарламалық мақаласында Байтұрсынов “өз дербестігімізді сақтап қалу үшін, бізге барлық күш-жігерімізбен білім мен жалпы мәдениетке ұмтылуымыз керек, ол үшін біз алдымен ана тіліндегі әдебиетімізді дамытуымыз керек. Дербес өмірге өз тілінде сөйлейтін, өзінің әдебиеті бар халықтың ғана жете алатынын ешқашан ұмытпауымыз керек” [2, 6 б.]. Оның көптеген мақалалары қазақ тілі мен әдебиетін дамыту мәселелеріне арналған. А. Байтұрсынов - араб графикасына негізделген қазақ әліпбиінің тұңғыш әрі талантты реформаторы, “Жаңа әліпби” (1912), “Оқу құралы” (1912), “Тіл

құрал” (1914-1915) еңбектерінің авторы. Оның бұл еңбектері тек қазақ тіл білімі үшін емес, бүкіл түркітанудың ғылыми әлеміндегі жаңалық болып есептеледі. “Қазақша оқу жайынан” деген мақаласында Байтұрсынов балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың қаншалықты маңызды екендігіне мән берді. Байтұрсынов: “Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенінше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі хәлінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек. Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында” [1]. Байтұрсынов өз халқының болашағына қатты алаңдап, қоғамдық прогресске жетудің қажетті құралдарының бірі ағарту ісі деп санады.

Осы мақаласында елдегі келеңсіз құбылыстар оқу-білімге келіп тірелетінін және көлденең тартады: “Біз болысымыз, басқа жұрттың болысындай елді баға алмайтын мінін айтып жатырмыз, билерімізде судьядай әділдік жоқ мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доктордай ауруды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз - халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз. Бұлардың мінін айтқанда, бала оқытуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқуменен түзеледі” [1]. Дегенмен, прогрессивті-демократиялық бағыттағы зиялылар сауатсыздықтың қайнар көзі отарлық қанауда, патшалықтың ұлттық және мәдени саясатында жатқанын ашық көрсеткен жоқ. Жекелеген болыстарда, аймақтарда хат танымайтындар қанша екенін айтқанмен, бүкіл өлке бойынша қалыптасқан ахуалды сараламады. Сонымен осы әлеуметтік құбылыстың тамырларын, ұмтылыс, Бостандық - руханилық ұғым. Бостандықтың мәнін түсінген адам ғана тіршілік мәнін аша алады. Оны түсіну дегеніміз ақыл-парасат пен сана-сезімнің талмай еңбектенуін, ізденуін талап етеді. Осы жағынан алып қарағанда А. Байтұрсыновтың саяси күресі ағартушылық ойларымен ұштасып жатады.

А. Байтұрсынов өз қызметінің бас кезінен-ақ күштеу, зорлық атаулының бәріне қас болғанын атап өту керек. А. Байтұрсынов қазақ қоғамының тауелсіздігіне заңды, конституциялық жолмен, қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға бағытталған саяси күрес арқылы қол жеткізуге тырысты. Ол қантөгіс пен күштеу, зорлыққа қарсы болды, сондықтан 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс кезіндегі оның ұстанымын түсінуге болады, бірақ мұны қазірге дейін қазақ халқына жасалған “сатқындық” деп бағалайтындар бар. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтар “Алаш азаматтарына” үндеу-хат [3] (“Қазақ” газеті, 1916 ж. 11 тамыз) жариялады, онда олар жұмысқа шақыру туралы патша үкіметінің бұйрығына қарсы шықпауға үндеді. Мұндай үндеудің

себебі өз халқын апаттан сақтау, жаппай өлімнен құтқару еді ...”, “... Мұндай істен бас тартпау керек - деп жазып олар, - үкімет мұны бізге кешірмейді, олар заңсыз түрде репрессивті шара қолданады. Далаға әскерін жібереді, халық тыныштығынан айырылады, мал да, жан да бірдей шығынға ұшырайды, тәртіп негізі бұзылады”.

“... Әскери жағдай халық үшін апатпен бірдей”. Күштеуге қарсы, мемлекеттің таптық табиғатын жоққа шығара отырып, алаштықтар қоғамда бір таптың үстемдік алуына қарсы шықты. “Байлар” мен “кедейлер” деген түсініктерді қолданғанына қарамастан олар барлық қазақ халқының атынан сөйледі, қоғамдағы қарсы күресуші екі таптың қарсылығын бақылады. Бірақ “Алаш партиясының белсенділерінің бір де біреуі әлеуметтік қайшылықтардың себебін түсініп, оны шешу деңгейіне жете алмады.

Алаштықтар өз бағдарламаларында президенттік басқару формасын және “шығу тегіне қарамастан” бәрі сайлауға қатысуы құқылы болатын демократиялық сайлауды жақтады. “Алаш Орданың” түгелге жуық өкілдері патшалық Ресейдің қоныстандыру саясатына қарсы болды және мұндай ұстанымдары аграрлық мәселеге қатысты ашық айтылды. Бұрын қоныстанушылардың қазақтардан тартып алған жері кері қайтарылуы керек және жергілікті халық бірінші кезекте жер алуы керек” — деп, жазылған бағдарламада.

Қазақстан Республикасындағы демократиялық қозғалыстарға, азаматтық қоғамның дамуына, құқықтық мемлекет құруға Алаш зиялы қауымының теориялық - практикалық жағынан қосатын үлесі өте зор. Бүгінгі ұрпақтың міндеті оларды терең зерттеп, қатарына таңбаларды, кодтарды, Морзе әліппесін, жол белгілерін жатқызуға болады. Ақырында сөздің көмегімен шартты белгілер жүйесі айқындалып, белгілі мәнге ие болады. Ахмет Байтұрсынов әдебиет пен өнердің басқа түрлері арасындағы ара қатысына, байланысына талдау жасағанда да шамамен осы пікірге сүйеніп отырған. Символдық сипаты бар сәулет өнері, кескіндеме өнері, музыкада әдетте символдық түр ретінде автордың ойы беріледі. Өнердің бұл түрлерінде қарапайым адамға ұғынықты болатын жайлар шамалы. Өнердің және оның кез келген түрлері мен жанрларының символикасы бұларды білмейтін адамдар үшін беймәлім күйінде қалары хақ. Ал сөз және оған негізделген ауызша және жазбаша сөздің орны бір басқа, өнердің ешбір түрі сөздің көмегімен жасалатын істі атқара алмайды. Сөз арқылы кез келген өнер түрлерінің, кез келген символдар жүйелерінің сырын ашуға болады.

Ахмет Байтұрсынов сөз өнері адам санасының үш негізіне сүйенеді деп есептеген. Олар - ақыл, қиял, көңіл күй. Өзіңнің сананда туындаған ойынды өзгенің санасына жеткізу үшін үлкен шеберлік, қабілет иесі болуың керек. Сөз өнерінің ұлы шеберлері А.С. Пушкин, Л.Н. Толстой өз шығармаларының текстерін асқан мұқияттылықпен өңдеген.

Мәселен, А.С. Пушкин өз шығармаларының кейбіреуін отыз реттен түзеткен. Л.Н. Толстой шығармаларын баспаға өткізгеннен кейін де түзетулер

мен өзгертулер енгізуін жалғастыра берген. Ахмет Байтұрсынов оқырмандардың, айтушының, жазушының сезімін, реніш, күйінішін, ойын дәлме-дәл бейнелеп, жеткізе білгенде ғана сөздің бағасы құнды болатындығына қалтқысыз сенетін. Адамдардың бәрі де сөйлеуге машық. Бірақ ішкі ойларының дәл мағынасын сөзбен жеткізе білу бәрінің бірдей қолынан келе бермейді. Олай болатыны адамдардың ойлары әрдайым дәл келіп, үйлесе бермейді, көбіне-көп мүлде үйлеспейді. Сөзді адамдардың барлығы игере біледі. Олар - сөзді тұтынушылар адамдар. Олардың барлығы бірдей сөзді орын-орнымен дұрыс қолданып, оның көмегімен өздерінің ойларын, сезімдерін, реніш - күйініштерін дәлме-дәл көрсетіп, жеткізе бермейді. Дыбысты сөз және оның кескіндемелі (графическое) бейнесі - адамның ойын білдірудің түрлері. Дыбыс шығару әрқашан ойды анық шығармауды жеңілдетеді. Дыбысым беру сияқты өткен ойдың белгісі. Осы мағынада сол ойды объективті қылады, оны біздің алдымызға қояды, өзін өзі тану мүмкін емес іске қызмет етеді. Сөз қабылдаудың үздіксіз ағымын жеке актілерге бөледі, сөйтіп осылар сияқты әрекетке жататын басқаларға да ойлау объектісін жасайды [4,306 б.].

Сондықтан сөйлеу мен ой әрдайым бір-бірімен үйлесіп тұруы тиіс. Сөз дәлдігі - ой дәлдігі. Сөз бен ой да бір-бірімен үйлесімді болуы қажет. Адамдар бір-бірімен жақсы түсініске келсе, осы мақсатқа жету үшін тырысуы керек. Іс жүзінде жағдай басқаша. Көптеген адамдар қалағанынша көп сөйлейді. Кейде тіпті жатық сөйлейді. Бірақ олардың сөздерінде мән-мағына жоқ. Мұндай адамдарды қазақтар мылжың деп атайды. Мылжың адам ойшыл емес. Ол - тек бос сөзді адам. Ахмет Байтұрсынов тілге философиялық талдау жасау, оның даму логикасын және қызмет ету заңдылықтарын анықтау қажет деп есептеген. Ол тілдің философиясын сөздің қалыптасу заңдылықтары туралы көркемдік және эстетикалық мәні бар ғылым деп қарастырған. Адамның творчестволық іс-әрекеттерінің басқа да түрлерінің негізгі тірегі - сөз эстетикасы деп қарастырылатындықтан, бұған ерекше мән беріледі. Творчестволық іс-әрекеттері нәтижесінде адамның табиғаттың әсіресе әлеуметтік-тұрмыстық дүниесінің болмысын көркем түрде бейнелеу, яғни эстетикалық түрде менгеру ісі жүзеге асады.

Осы себепті Ахмет Байтұрсынов ауызша және жазуша тілмен білдірілетін өнер творчасының заңдылықтарын зерттеу, осы танылған заңдылықтарды творчестволық ой иелерінің күнделікті қызметінде бұлжымас ережеге айналдыру қажеттігіне ерекше мән береді.

Болмысты жоғары көркемділік, анық әрі тура мағыналы түрінде көрсетіп, бейнелеп бере алатын мағыналы түр ретінде сөйлеу мен тіл өнерінің қалыптасу заңдылықтарын зерттеуді сөз өнері туралы ғылымның негізгі мақсаты деп есептеуінің себебін осылай түсінуге болады. Сөз адамның не ойлап отырғанын жай ғана дыбыспен білдіру немесе кескіндеп бейнелеу емес, ол саналы түрде ұйымдастырылған мағынаны алып жүретін және осы мағынаға толық үйлесімді түрде эстетикалық көркемдеуге келтірілетін фактор. Олай

болмағанда сөз және сөйлеу өнері өзінің мағынасын, қызметін жояды да, ешкімге қажетсіз бас қатыратын бос сандыраққа айналады.

Ахмет Байтұрсыновтың осы пайымдауларының барлығында да терең философиялық мазмұн бар. Өйткені оның қозғаған проблемалары тек қазақтар мәдениетінің нақтылы заңдылықтарын дамытуға ғана жанасып тұрған жоқ (абзалында оның бұл мәселеден басқа алдына қойған мақсаты жоқ). Бірақ оларды барша адамзаттың өмірінде шешуші рөл атқаратын тарихи-мәдениет феномендері (ерен қабілетті, жұрттан ерекше) ретіндегі түрлерді дамытудың жаһандану үрдістер әлеміне енгізді.

Жоғары құндылық сөзді тиімді түрде қолдануда өнегелі қызмет істеп жүрген сөз зергерлерінің шығармашылығымен кеңінен таныстыру адамдардың ойлау мәдениетін қалыптастыру процесін жеделдете түсуге ықпалын тигізеді деп есептеген еді. Оның пікірінше тек осылайша ықпал еткенде ғана сөзді қолдану ісін жетілдіруде ненің қолайлы, ненің қолайсыз екендігін айқын ұғынуға болады деп есептеген. Осы пікір пайымдауларының дұрыс екендігін көрсету мақсатында ол өзінің эстетикалық параметрлері тұрғысында сөздер мен әңгімелердің көмегімен сөз құру өнерін біртұтас архитектуралық (сәулет) құрылысындағы жекелеген кірпіштерден салынған үй құрылысы өнерімен салыстырады. Үй салу үшін кірпіш керек, ал әдеби шығарма жазу үшін сөз керек. Егер архитектуралық құрылыстың атомы кірпіш болса, әдеби шығарманың атомы - сөз. Құрылысшылар тұрғызған үйдің сапасы қандай болатындығы ең ақырында тек кірпіштің сапасына ғана байланысты болмайды. Құрылыс сапасы осы кірпіштің қалай орналастырылып, қаланғанына байланысты. Кейде кірпіштің сапасы жақсы болғанда да оны дұрыс қаламаудың салдарынан құрылыс ғимараты түкке жарамсыз болуы мүмкін. Бұл ең алдымен жобаға, жобалаушының қиялына байланысты. Жобалаушының қиялы неғұрлым асқақ, бай болса, оның жобалауы бойынша салынған үй де сапалы әрі әдемі болады. Осыған орай, жақсы үй салу үшін кірпіштер де сапалы, жоба да жақсы, құрылысшылардың да шеберлігі шындалған мамандар болуы керек. Ауызша және жазбаша тіл өнерінде де солай. Әдебиеттегі кірпіш - сөз, оның атомы, берік негізі. Жансыз кірпіштен сөздің айырмашылығы сол, сөз жанды дыбыстардан, кескіндемелі бейнелерден тұрады. Сөздің кірпіштен айырмашылығы, сөз адамның ойын, жан дүниесін жандандырып жібереді. Олай болатын себебі сөздің өзіндік құдіреті бар.

Сөздің асыл болуы үшін дыбыстар тіркесі үйлесімді болуы керек. Осы үндестіктің шарттары табиғатта да, адам санасында да асыл сөздің қалыптасуының жалпы заңдылықтарының ықпалымен белгіленеді. Мәселен, адамның сұлулығы екі көзі, екі құлағы басқа органдарының бірдей құрылымдық пішіндерінің кеңістікте орналасу кезеңімен тепе-тең болу белгісімен анықталады. Сөзде де осындай белгілер кездеседі.

Байтұрсыновтың осындай пайымдаулары қазіргі заманмен үндес деп ойлаймыз, себебі кез келген қызметтегі адам қазақ тілінің қасиетін жақсы білуі қажет. “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі”, “Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік

тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы” - деп, [5] жазылған Қазақстан Республикасының “Тіл туралы” Заңында.

Демек, Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы бүгінгі күні де өз маңызын жойған жоқ. “Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң сыйлаған елшілдік ұраны - “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды” – деп М. Әуезовтан артық қорытынды жасаған ешкім жоқ.

Сонымен, қорытынды жасасақ, Ахмет Байтұрсыновтың XX ғ. басындағы қазақ философиясына қосқан үлесі орасан зор, әрі өзіндік із қалдырған жаңашыл ғалым. Өз шығармашылығындағы философиялық бағытын “Әдебиет танытқыш” еңбегінде жүйеледі.

Ахмет Байтұрсынов ауызша және жазбаша сөз өнеріне ерекше көңіл бөлген. Мұның екі себебі бар. Біріншіден, ауызша және жазбаша сөз өнері қазақтың халық мәдениеті аясында біршама басым болған. Екіншіден, ғалым өнердің бірде бір түрі сөз өнерінің орнын баса алмайды деп есептейді. Яғни, өнердің бірде-бір түрі сөз өнерін алмастыра алмайтын болса, сөз өнері өнердің кез келген басқа түрлерінің қызметін жеңіл түрде, дәлме-дәл суреттей алады. Оның пікірі бойынша сөз өнерінің айналасында барлық өнер түрлері шоғырланып, өздерінің сүйкімділік, көркемдік жақтарымен көрнекті түрде бой көрсетеді. Сөз - дейді ол, басқа өнер түрлерінің атқара алмайтын қызметін атқара алады. Осыған орай сөз өнері негізгі мәнге ие деп есептейді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың “Сындарлы он жыл” кітабында: “Біз Қазақстандықтар, рухтың сатылы өктемдігі, парықтаудағы келеңсіздік және болашағынды белгілеп берушілік үстемдік құрған, абсолютті жабық қоғамда ғұмыр кештік. Ал енді осыған біз кінжіміз бе? - деп. [6, 220-221 бб.] жазуы Байтұрсынов өмір сүрген кездерді де білдіреді. Ал қазіргі ашық қоғам жағдайында азаматтық қоғам мен демократияны орнатуда өркениетті елдің қатарында жүруге Байтұрсынов шығармашылығының философиялық ой-тұжырымдарының маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары / А. Байтұрсынов. - Алматы: Жазушы, 1989. —320 б.
2. Байтұрсынов, А. Оқу жайы / А. Байтұрсынов // Қазақ. -1913. -21 сәуір.
3. Байтұрсынов, А. Алаш азаматтарына /А. Байтұрсынов // Қазақ. -1916. -16 тамыз.
4. Байтұрсынов, А. Шығармалары / А.Байтұрсынов. - Алматы: Жазушы, 1989. —306 б.
5. Назарбаев, Н.Ә. Сындарлы он жыл Н.Ә. Назарбаев. —Алматы:Атамұра, 2003. – 347 б.

*Дуйсалиева Лейла Өтеугалиевна магистр.
Актюбинский университет им.С.Баишева*

РОЛЬ ФИЛОСОФСКИХ ИДЕЙ А. БАЙТУРСЫНОВА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЕ.

Аннотация.

В данной статье рассматривается весомый вклад Ахмета Байтурсынова в Казахскую философию и неповторимый путь в науке.

Ключевые слова: *национальное бытие, просветительская философия, движение Алаш, язык, ораторское искусство, воспитание, образование.*

*Duysaliev Layla Uteugalyqyzy
master student.
Aktobe university named after S. Baishev*

THE ROLE OF A. BAITURSYNOV'S PHILOSOPHICAL IDEAS IN MODERN KAZAKH SPIRITUAL CULTURE.

Summary.

The paper presents the considerable contribution of Akhmet Baitursynov in Kazakh philosophy and his unique way towards science.

Key Words: *national existence, enlightenment philosophy, Alash Party, language, eloquence, upbringing, education.*

ӘОЖ: 1

*Ешниязова А. Ч., магистрант,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕНІ ЖАС ҰРПАҚ БОЙЫНА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ.

АННОТАЦИЯ

Мақалада қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту және жас ұрпақтың бойына рухани және адами қасиеттерді орнықтырып, қазақтың дәстүрлі құндылықтарын жаңғырту мәселесі қозғалады.

Кілт сөздер: *жас ұрпақ, ұлттық салт-дәстүр, білім, тәрбие.*

Қазақстан Республикасы егеменді ел болып дүние жүзіне танымал болды. Осы жетістікке жету үшін Қазақстан халқының, соның ішінде негізгі шешуші қазақ ұлтының рухани және материалдық игіліктерін арттыруға байланысты ауқымды жұмыс атқарылғанын білеміз. Тәуелсіз мемлекеттің рухани даму үдерісінің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер сол мемлекетте мекен ететін халықтардың тұрмыс-тіршілігімен, рухани мәдениетімен, салт – дәстүрімен және тарихи даму жолымен айқындалады. Халқымызға тән тәрбиенің өнегелі дәстүрлерін бүгінгі жаңа ұрпақ тәрбиесіне пайдалану аса маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының «жалпы адамзаттың және ұлттық құндылықтар негізінде жастардың өз Отанына сүйіспеншігін, халық дәстүріне құрметін тәрбиелеу» қажет деген жетекші міндеттері бар[1].

Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Бұл дегеніміз жаңа жаһандық демократиялық құндылықтардан бас тартпай, осы жаңашылдықты қалыптастыруда қазақтың дәстүрлі құндылықтарын жаңғырта отырып, ұлттық қорға, яғни, ұлттық тәрбиемізге сүйену. Қашанда мемлекет алдыменен адамның кісілік қасиеттері мен тұлғалық құндылықтарына мұқтаж. Осы екі құндылық көздері адамның қасиетімен, адамгершілік рухымен келетін дүние. Елдің тәуелсіздігі, тәуелсіздіктің мәңгі әрі баянды болуы адамның ұлттық қасиеттеріне негізделген құндылықтарда. Елбасының көтерген ұлт болашағына негізделген «Мәңгілік - Ел» идеясы тарихтан алшақ кетпейді, бүгінгі уақыт талабына сай тарихи танымдық, ұлттық деңгейдегі мәдени құндылықтарға ие, саяси бағыты терең ұғым.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білікті, алғыр әрі жалынды жастар қолында екені даусыз. Қай заманда да қоғамның негізгі қозғаушы күші – кейінгі ұрпақ. Бүгінде тәуелсіз еліміздің іргесін нығайту жолында жас ұрпақты заман көшіне сай қалыптастыру, рухани және адами қасиеттерді орнықтыру басты мәселелердің бірі болып отыр. Жас ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ол ұлттық тұрғыдағы тәрбие болып табылады.

«ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТТІ ЖАҢҒЫРТУ, ӨЗ ХАЛҚЫННЫҢ ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ЖҮГІНУ – БҰЛ ӨЗІ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ИЕ БОЛҒАН ЕЛДІҢ ӨМІРІНЕН ОРЫН АЛАТЫН ЗАҢДЫ ҚҰБЫЛЫС» [2] - екенін Елбасы Н.Ә.Назарбаевта атап өтті.

Халқымыздың рухани өрлеуі ұлттық құндылықтарымыздың қоғамға оралуымен байланысты. Қазақтың рухани өрлеуі, дамуы – Қазақ халқының түп негізін құрайтын тарихи дәстүрлерінің қайта түлеуімен, жаңғыруымен тікелей байланысты. Сондықтан, бүгінгі жаһандану заманында қазақ ұлтының тағдыры өз тарихына, дініне, діліне, дәстүріне деген жауапты істерінде болып отыр.

Дәстүр дегеніміз –адамдар арасында өркендеп және өзгеріп отыратын тұрақтылықты ретке келтіретін қоғамдық құрал. Тұрақтылық болмаса даму да болмайтыны сияқты, дәстүрсіз қоғамдық қатынастардың қалыптасуы да, дамуы да, өзгеруі де мүмкін емес. **«ЖАҚСЫ ЗАҢЫҢ БОЛҒАНША, ЖАҚСЫ**

ДӘСТҮРІҢ БОЛСЫН» - деген халық нақылы бар. Салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады.

Салт – дәстүр ұлт үшін өмір сүру қағидасы, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық – өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге, оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды.

Мысалы, той, наурыз көже, қыз-ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт дәстүрдің ел арасында тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт - сана, мінез - құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүрдің байлығы мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай халық. Әдет-ғұрып, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүрдің көрінісі.

Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу-білім мен тағылымды тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюды қолға алған. Әр ұлттың уақыт төрінде көрінетін биіктер мен игі жетістіктері ұрпақ тәрбиесімен тікелей байланысты. Толық жетіліп қалыптасқан ұлттың сана-қабілетінде, түсінік - талғамында мінез - құлқында, өзіне тән ерекшелік менталитеті болатын ғылыми тұрғыдан дәлелденгені ақиқат. Өсіп келе жатқан ұрпаққа жан-жақты тәрбие беру, болашағына жол сілтеу – бүгінгі күн тәрбиесіндегі бірден-бір қажетті, кезек күттірмейтін мәселе. Олай болса, бүгінгі ұрпаққа берілетін тәрбиені ата-бабаларымыз салып кеткен дәстүрлі ұғымдар мен құндылықтарымен қабыстыра білу ұрпақ тәрбиесіне ажар беретіні сөзсіз.

Ұлттық дәстүрге берік, елі мен жерін сүйіп, қастерлейтін уақыт талабына сәйкес болашақты бағдарлайтын азамат тәрбиелеу – ұстаздар үшін күн тәртібінен түспейтін міндеттердің бірі. Бүгінде дамыған заманда тұлғаға жан-жақты тәрбие беру, ең алдымен, ұлт тағылымын тәрбиеленуші бойына сіңіруден басталады.

Бүгінгі қоғамда ұлттық құндылықтар туралы жиі айтылып жүргенмен оқу орындарында ұлттық құндылықтар деген ұғым этнографиялық түсініктер, яғни тақырыптық қойылымдар көрсетумен шектетіліп жататынын бәріміз білеміз.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев қазақ халқы үшін жасанды, виртуалды әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өз төлтумалығымызды, қайталанбас

ұлттық болмысымызда, ұлттық ойлауымыз бен кейпімізді сақтап қалу жолында көптеген құнды маңызы жойылмайтын тапсырмалар беруде. Батыс мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай ХХІ ғасырдағы рухы биік мәдениетімізді, ұлттық дәстүрімізді қалыптастырған жөн. Рухы мен мәдениеті биік деңгейдегі халық пен мемлекеттің болашағы жарқын болары анық.

Ұлт құндылықтарын насихаттау, дәріптеу мен адам бойына сіңіру – тәрбиедегі басты бағыт. Ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбиенің негізі болар інжу-маржан: ата-бабаларымыз ұрпақтарын аманаттаған адамгершілік, өмірді танып білуге құштарлық, білім, рухани тазалық, сезім, елжандылық т.б. құнды қасиеттер – бүгінде ұстаз беретін тұлға таным сабақтарының берік діңгегі. Ұлттық құндылықтардың бағыттарын тәрбие жұмысында жүйелі түрде жүзеге асырып, болашақ ұрпақ тәрбиесін ұлттық дәстүрмен, әдет-ғұрпымен тәрбиелеу жарқын болашаққа кепіл болары сөзсіз.

Қазақ баласының бүгінгі экономикалық кеңістікте еркін әрекет жасар тұлға болып қалыптасуы үшін де ұлттық құндылықтардың алар орны мен мән-маңызы ерекше болмақ. Бәсекелестікке барынша бейім тұлға жеңісті де жемісті нәтижеге жеткізетін ұлттық ерекшелікті сақтай білуі мен оның қарсыластікінен басым екендігіне көз жеткізуі қажет. Уақыт талабына сай қазіргі заманда бәсекелестік адамның санасы мен түсінігіне ауысқан, ғаламдастыру үдерісі шекараларды жоғалтуға барынша тырысып бағып отырған тұста, белдік белгісін танытар қазақы құндылықтар әлемдік аренада жарқ еткізер мүмкіндірге жол беретінін, оны ұтымды да тиімді пайдалану қажеттілігін мойындауымыз керек. Салт-дәстүрінен, мәдениетінен айырылған ел басқаның жетегінде кетеді, тәуелсіз ойлаудан қалады. Ел брендінің қызметі де осы бағытта атқарылуы тиіс. Салтымызды бүкіл қазақ болып жаңғыртуға атсалысып жатырмыз, алайда бұл жеткіліксіз, оны әлемдік деңгейге жеткізу қажет. Ұлттық дәстүрлердегі, ұлттық өнер мен ұлт спортын таныстыру орыс және ағылшын тілде де жүруі тиіс. Ешкімнен ұялмай жасқанбай көрсете алатындай мәдениетіміз бар екен, оны басқалар да білуі тиіс.

Еліміздің бейнесін қалыптастырудағы басты назар аударылуы тиіс бағыт – **ата-баба** мұрасы. Оны да дұрыс түсіне білу қажет, тарихи ескерткіштер де, ауыз әдебиеті де т.б. көптеген мұралар бұл ұғымға сәйкес келеді. Бірақ, бабаларымыздың бізге қалдырып кеткен басты мұрасы – салт-дәстүр. Кез-келген дәстүрдің халық санасын қалыптастыруда атқаратын белгілі бір қызметі болады. Соған сәйкес құндылықтар жүйесі де реттеледі. Сол салт-дәстүрлер елдің ажырамас ерекшелігі, одан бас тарту өзіне-өзің ор қазумен тең. Бүкіл бір халықтың жоғалып кетпеуінің негізі де осы салт-дәстүрді ұстану, оның жоғалып кетпеуіне жол бермеу.

Мысалға, қазақтың ұлттық ойындарын алайық. Қазір ұлттық ойындардың барлығы бірдей насихатталып жүрген жоқ. Көбі қағаз бетінде болмаса, қолданыста жоқ. Осының бәрі – ұлттық дәстүрді жоғалту. Ұлтты жоғалту. Ұлттық спорттың көптеген түрлері бар. Мемлекеттен ақша бөлінсе де, ұйымдастырушы азаматтарымыз өзге елдің спортын дамытуға жанын салады.

Наурыз мерекесін алар болсақ біз оны саяси жиынға айналдырып жібердік. Бұл мейрамда ұлттық киім киіп, үлкен ұжымның басын қосып, көже ішумен ғана шектелеміз. Наурыз бұған дейін мыңдаған жыл бұрын шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өткен. Шығыстық данышпандар Махмұт Қашқари, Әбу Райхан Бируни, Ә.Фердоуси, Ә.Науаи, О.Хаямнан бастап қазақтың Абай, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Сәкен сынды ғұламалары да Наурыз туралы еңбектер, өлеңдер, жақсы сөздер жазып қалдырған. Бұрын наурыз мерекесінің ішінде күрес, ат бәйге, ақындар айтысы сияқты ұлттық құндылықтарымыз жарқырап көрініп жататын. Мейрамдарымызды өз деңгейінде жаңғыртып, дәріптеп өткізер болсақ, ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрімізді бұрынғыдай көркейтіп, болашақ ұрпаққа дін-аман жететіні анық. Сауықтық ойындардың да түр-түрі бар. Сақина салу, алтыбақан, ақ сүйек, белбеу соқты, қабар күн-түн, шертпек, түйілген орамал, бастанғы, ай керек, соқыр теке, жасырынбақ, үндемес, орамал-телпек, т.б. болып кете береді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «ӨЗ ТІЛІН, ТАРИХЫН, МӘДЕНИЕТІ МЕН ДӘСТҮРІН ҚАДІРЛЕЙ БІЛГЕН ҰЛТ ҚАНА ТОЛЫҚҚАНДЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БІЗДІҢ ҚОҒАМДА ДӘСТҮРДІ САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ИНСТИТУТЫ – ОТБАСЫ. МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ӨМІР СҮРУІ ТҰТАСТЫҒЫНА ТӘУЕЛДІ. БІЗ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІ НЫҒАЙТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ҚОҒАМДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НЫҒАЙТУҒА ТЫРЫСАМЫЗ» [3] - деп, нықтап айтқан болатын. Дәстүрлі отбасылық құндылықтар бар жерде ұрпақтар сабақтастығы ұлттық құндылық ретінде сақталатыны сөзсіз.

Мемлекет және қоғам қайракері **Гүлшара Әбдіхалықова**: «Бүгін бізге батыстың желімен домалай беретін қаңбақ ұрпақ керек емес, пайдасын алып, зияның бойына дарытпай, дауылға қарсы тұра алатын, тамыры ұлт рухына терең бойлаған білікті ұрпақ керек. Қазақ қыздарының нәзіктігімен ибалығы жоғалып барады. Жат қылықтарға әуес ұрпақ өсіп келеді. Осының бәрі қоғамымыздың ұлттық салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа қаншалықты зәру екенін байқатады. Ұлттық тәрбиеден алыстаған сайын, көлденең кесапаттардан шыға алмай келеміз. Сондықтан жас ұрпақты толыққанды дәстүрлі қазақ отбасында тәрбиелеудің маңызы зор » [4], - деп бүгінгі таңдағы жастардың өрескіл іс-әрекеттерге қандай себеппен баратындығы жөнінде, «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген сынды жастарға қазақи салтымыздың маңызы зор екендігін басып, орынды пікір айтқан. Елбасы Жолдауындағы «Жастар - біздің болашағымыздың негізі – өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктеріне қол жеткізеді» деген пікірін еске алайық. Біз әлемдегі бәсекеге аса қабілетті елу-елдің қатарына енуді мақсат тұтқан Қазақстанның келешегін даярлау ісінде негізгі басымдық ретінде халықтың дүниетанымы, мәдени және тарихи, өнер құндылықтарымен үйлестіре оқыту мен тәрбиелеуді қолға алғанда ғана еліміздің жаңа өрлеу кезеңіндегі ұрпақ тәрбиесін жан-жақты, ерікті де негізді түрде жүзеге асырамыз сөзсіз. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан

тағылым – тәрбиесі, ұлт тұлғаларының өмірі мен ерлік істерінің тарихы, нақыл өсиеттері – жастар тәрбиесіне арқау болатыны анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. Астана, 2007. – 26 б.
2. Назарбаев, Н.Ә. Ғасырлар тоғысында / Н.Ә. Назарбаев. - Алматы, 1999. - 359 б.
3. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан [электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>. – Заголовок с экрана. – Данные соответствуют на 15 марта 2016 г.
4. Манкеш, А.Е. Отбасының тәлім-тәрбиелік рөлі /А.Е.Манкеш //Ұлттық тәрбие. – 2014. - №4. – Б.9-12

*Ешниязова А.Ч. Магистрант.,
Актюбинский университет им.С.Баишева*

**ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ И
ТРАДИЦИОННОГО ВОСПИТАНИЯ В РАЗВИТИИ МОЛОДЕЖИ В
СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ**

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматриваются вопросы воспитания личности в связи с национальными ценностями. Национальные ценности характеризуется как комплексный фактор развития человеческих ресурсов.

Ключевые слова: молодежь, национальная традиция, образования, воспитания.

*Yeshniyazoba A.
Master Student speciality «Philosophy»
Aktobe university named after S.Baishev*

**FORMATION OF NATIONAL VALUES AND TRADITIONAL
EDUCATION IN YOUTH'S DEVELOPMENT IN MODERN SOCIETY**

ABSTRACT

In given article considered questions of edication of the person in connection with national values. National values characterized as the complex factor of development of human resources.

Key words: youth, national tradition, education.

УДК 343.85

*Ильясов А.М. магистрант
Казахско-Русского Международного Университета*

ПРОФИЛАКТИКА ПРЕСТУПЛЕНИЙ СРЕДИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

АННОТАЦИЯ

В данной статье автор исследует профилактику преступлений среди несовершеннолетних, правоспособность и предлагает новые задачи по профилактике преступлений среди несовершеннолетних

Ключевые слова: профилактика, предупреждение, правоспособность, дееспособность, несовершеннолетний.

За большинство преступлений, предусмотренных уголовным кодексом РК, виновные привлекаются к ответственности, если им до совершения преступления исполнилось 16 лет. В этом возрасте он имеет достаточно четкое представление о том, чего делать нельзя. И каждый 16-летний молодой человек знает, что кража, хулиганство – это преступление. По закону несовершеннолетний преступник лишается свободы [1].

В соответствии с Гражданским Кодексом РК правоспособность гражданина возникает в момент его рождения и прекращается смертью. Правовая самостоятельность (правоспособность) гражданина в полном объеме возникает с наступлением совершеннолетия, т.е. по достижению 18-го возраста. Однако правовая дееспособность приходит юному гражданину и раньше этого возраста, по мере роста сознательности, ответственности, способности принимать разные решения .

Некоторые моменты дееспособности относятся к шести годам, когда ребенок может выполнять небольшие поручения родителей (от 6 до 14 лет). Предполагается, что с этого возраста ребенок способен разумно действовать и осознавать значение своих действий при совершении сделок, предусмотренных Гражданским Кодексом Республики Казахстан [2].

С 14-ти лет дееспособность (правовая самостоятельность) несовершеннолетних расширяется. В этот момент начинает действовать гражданская ответственность. Сам факт возможности привлечения человека к уголовной ответственности с 14-ти лет за ряд преступлений свидетельствует том, что человек уже юридически обязан с повышенной ответственностью, относиться к своему поведению.

Лица, достигшие ко времени совершения преступления 14-летнего

возраста, подлежат уголовной ответственности за убийство, умышленное причинение тяжкого вреда здоровью, изнасилование, похищения человека, кражу, грабеж, разбой, вымогательство, умышленное уничтожение или повреждение государственного или личного имущества, терроризм, захват заложника, заведомо ложное сообщение об акте терроризма, хищение либо вымогательство оружия, боеприпасов, взрывчатых веществ, взрывных устройств (статья 255), взрывчатых веществ, взрывных устройств, хулиганство при отягчающих обстоятельствах, хищение либо вымогательство наркотических веществ или психотропных веществ, надругательство над телами умерших и местами их захоронения при отягчающих обстоятельствах, умышленное приведение в негодность транспортных средств или путей сообщения [1].

За остальные преступления подростки этого возраста не несут уголовной ответственности. Но если подросток этого возраста совершил общественно опасное деяние, материалы на него передаются в комиссию по делам несовершеннолетних, где к нему применяются меры воспитательного характера Суд, освободив подростка от уголовной ответственности, передает его под строгий надзор родителям или лицам, их заменяющим. При этом вначале выясняется, способны ли они правильно воспитывать и контролировать поведение несовершеннолетнего.

Если перевоспитание такого подростка связано с определенными трудностями, по решению суда он направляется в специальное лечебно-воспитательное или учебно-воспитательное учреждение. Комиссия по делам несовершеннолетних систематически проверяет, как осуществляется надзор или наблюдение над несовершеннолетним подростком, и если убедится, что подросток исправился и ведет себя нормально, выносит решение о снятии с него надзора или наблюдения. Судом предусмотрена еще такая мера наказания, как условное осуждение. Виновному дается испытательный срок, в течение которого он должен доказать, это сделал для себя правильные выводы из приговора суда и больше не нарушит закона. Продолжительность испытательного срока устанавливает суд. Условное осуждение - гуманный акт позволяющий правонарушителю исправиться. Но у подростков не должно возникать чувства безнаказанности за совершение преступления. В течение испытательного срока виновный постоянно находится под угрозой наказания, которое назначено ему судом. Если в этот период он не совершит нового умышленного преступления, то наказание погашается. А сам человек считается не имеющим судимости. К сожалению, некоторые подростки, не оценив оказанного им доверия, вновь грубо нарушают закон. Расплата следует незамедлительно. Виновный несет ответственность за последнее преступление

и плюс за первое, отложенное наказание, Отсрочка исполнения приговора - тоже гуманная мера, применяется в том случае, если подросток впервые осуждается к лишению свободы. Исполнение приговора может быть отсрочено. Осужденный подросток находится под постоянным контролем комиссии по делам несовершеннолетних. Отсрочка исполнения приговора предоставляется осужденному подростку для того, чтобы дать ему возможность исправиться. Часто такая гуманная норма закона оправдывает себя: подросток нормально себя ведет, успешно трудится, хорошо учится. Но иногда случается по-другому. Закон становится суровым и непримиримым к тем, кто не встал на путь исправления. Нередко подростки переходят грань закона, находясь под отрицательным влиянием взрослых. Вовлечение несовершеннолетних в преступную деятельность происходит по-разному. Для этого используется запугивание, насилие, обещание что-либо сделать для подростка при условии, если он пойдет на преступление. Взрослые часто действуют уговорами, убеждениями, обманом. Обычно в группе подростков кто-то занимает главенствующее положение, оказывает решающее влияние на их поведение. Именно он зачастую оказывается инициатором преступления, в котором участвует вся группа

Данные судебной статистики говорят о том, что 82% преступлений, которые совершают подростки, составляют кражи, а так же хулиганские действия, отличающиеся жестокостью.

Культурно-образовательный уровень несовершеннолетних правонарушителей обычно невысок. Они не отличаются трудолюбием, интересы их носят односторонний характер. Собраться компанией, выпить бутылку вина, а затем побродить по улицам - вот основной круг "занятий" таких подростков. У них ослабленное чувство стыда за свои действия, искаженное представление о таких понятиях, как товарищество, дружба, смелость. Неблагоприятное бытовое окружение, контакты по месту жительства, учебы - одна из причин правонарушений среди подростков. Часто они объединяются в группы, где верховодят ребята, уже совершавшие антиобщественные поступки. Иногда такие группы находятся под влиянием взрослых людей, имевших в прошлом судимости. Оторванные от интересных дел и увлечений, от внимания в семье, такие ребята заполняют свой досуг бесцельным хождением по улицам, выпивками, хулиганскими выходками [3].

В связи с тем, что «трудные» подростки являются слабыми личностями, поддающимися влиянию со стороны, необходимо в целях профилактики классному руководителю начать свою работу с знакомства кругом общения несовершеннолетнего, с выявления его интересов, привычек, а также направить

все усилия на то, чтобы вырвать несовершеннолетнего из той среды, которая негативно влияет на его поведение. Классный руководитель должен владеть исчерпывающей информацией о каждом ученике в отдельности и обращать внимание на несовершеннолетних, которые подвергаются негативному влиянию со стороны сверстников, старших учеников, родителей и т.д.

В целях реализации данных задач классные руководители должны осуществлять следующие действия, которые помогут вовремя отреагировать на надвигающуюся конфликтную ситуацию.

Во-первых, классный руководитель должен составить характеристику каждого ученика.

Во-вторых, определить конкретно-воспитательные задачи индивидуальной работы с учеником, рассчитанные на определенный период времени.

Задачи по степени их сложности должны подразделяться на задачи – минимума и максимума.

Для реализации поставленных задач при работе с «трудными» подростками классному руководителю необходимо руководствоваться следующими методическими рекомендациями:

- осуществлять постоянный контроль за посещаемостью занятий и информировать об этом родителей;
- вовлекать несовершеннолетнего подростка в общественно полезную трудовую деятельность класса, школы методом выполнения им как разовых, так и постоянных общественных поручений;
- систематически контролировать обстановку в семье и использовать различные меры воздействия на родителей;
- формировать положительные эмоции несовершеннолетнего методом поощрения (благодарность, поздравление с днем рождения);
- проводить систематические индивидуальные беседы по заранее продуманной теме;
- включать несовершеннолетнего во внеклассный, внешкольный воспитательный процесс и проявлять постоянный интерес к его занятиям в кружке, секции и использовать эти занятия в воспитательной работе;
- проводить классные часы, собрания, рассчитанные на восприятие информации конкретным учеником [4].

Список использованной литературы

1. Осипов, П.П. Теоретические основы построения и применения уголовно-правовых санкций /П.П.Осипов. - Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1976. – 134 с.
2. Уголовное право Казахстана: Учебник для вузов: В 2 т. Т.1: Общая часть. /

Под ред. д. ю. н., проф. А.Н. Игнатова и д. ю. н., проф. Ю.А. Красикова. Алматы, 2005. – 905 с.

3. Джоробекова, А. Уголовная ответственность несовершеннолетних по законодательству Кыргызской Республики /А.Джоробекова //Уголовное право. - 2004. №4. - С. 20.
4. Уголовное право. Общая часть: Учебник / Под ред. Б.В. Здравомыслова, Ю.А. Красикова, А.И. Рарога. М.:Юридическая литература,1998.- 535 с.

*Ilyasov A.M. master of
Kazakh-Russian International University*

CRIME PREVENTION AMONG UNDERAGE

ABSTRACT

In this article the author examines the prevention of crime among minors, capacity and offers new targets for the prevention of crime among underage.

Key words: *Prevention, prevention, capacity, capacity, underage.*

*Ильясов А.М. магистрант
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті*

КӘМЕЛЕТТІК ЖАСКА ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ.

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада автор, кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алуын, сыйымдылығын және кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу үшін жаңа мақсаттар ұсынады.

Кілт сөздер: *алдын алуы, ескерту, сыйымдылық, кәмелетке толмаған.*

УДК 81'243

*Қарағұлова А.А. магистр, аға оқытушы
С.Байішев атындағы Ақтөбе университеті*

*Нурғалиева Г. 4-ші курс студенті
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ӘНДІ ҚОЛДАНУ ӘДІСІ.

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада шет тілін оқытудың әдістемесінің бір түрі қарастырылған. Студенттердің шет тілін үйренуге қызығушылығын артыру үшін сабақта әнді қолдану өте тиімді. Көп жастар әнмен өмір сүреді, сондықтан әнді сабақта қолдану, олардың мотивацияларын артыра түседі.

Кілт сөздері: *ән, үйрену, әдістеме, қызығушылық, шетел тілі, мотивация.*

Қазіргі кезде оқушыларға ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, видео кешені – оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ оқыту процесінде мультимедия бағдарламасының көмегімен, ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады.

Шет тілін оқыту – оқытушының үздіксіз еңбегінің және оқушының оған жауабының тізбегі. Оқытушы алдымен оқушының оқуға қызығушылығын ояту қажет. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды.

Студенттердің қызығушылығын арттыру үшін, әдіскерлер әртүрлі тәсілдер қолданады. Олар талапшыл топ болғандықтан, оларды қызықтыру оңайға түспейді. Сондықтан оқытушыға шет тілі сабағын өткізуде, қызығушылықты әрі қызықты өткізуге құралдар іздеуге тура келеді.

Шет тілін үйренуде оқушы мынадай кезеңдерден өтеді:

1. Қабылдау. Оқушы тыңдайды.
2. Қабылдау – еліктеу. Оқушылар қайталайды.
3. Әңгімелесу. Оқушы әр түрлі сұрақтар қойып, оған жауап беруді үйренеді.
4. Сөйлеу. [1; 8]

Шетел тілдерін оқытуда ең маңызды аспект - тыңдау. Қазіргі заманғы әдіскерлер тыңдап оқытудың түрлі тәсілдерін ұсынуда. Соның бірі – музыка немесе ән қолдану.

Егер әнді жан дүниенмен түсініп, ой елегінен өткізе алсаң, оның шетел тілдерін оқытуда алар орны ерекше. Шетел тілдерін оқытуда ән жеке әсерлер қалдырып, нәтежиесінде субъективті шығармашылық лингвистикалық өнімге ие болады.

Бұл тәсілдің көп артықшылығы бар:

Көп жастар әнмен өмір сүреді, сондықтан әнді сабақта қолдану, олардың мотивацияларын анықтай түседі.

1. Әндердің көптігі соншама, тақырыпқа сәйкес ән таңдау қиынға соқпайды.
2. Ән арқылы айтылуы мен интонациясын жақсартуға болады.
3. Негізінде әндер сөйлеу тілінде жазылған, сондықтан ән көмегімен сөйлеудің стилін үйренуге болады.

Түпнұсқа өлеңнің кез келген тілдің маңызды элементтерінің бірі болғандықтан қатаң назар аударылатыны белгілі. Сонымен қатар өлең оқытылып жатқан елдің тіліне деген қызығушылығын арттыруда таптырмас құралы. Және де жоғары сатыдағы оқытуда тілдік материалдарды қайталаудың тиімді тәсілі.

Өлең мәнері түпнұсқа материалдары сияқты көпқырлы. Олар бір-бірінен лингвистикалық қиындығынан, стильдік және тарихи қатысы жағынан айырмашылығы болуы мүмкін. Сондықтан оқушының оқу деңгейіне байланысты және нақты сабақтың жақын және алыс мақсатына байланысты өлеңдер әр түрлі қолданылады.

Музыканың адам организміндегі психикалық процестерге жақсы әсері психиаторлармен, дәрігерлермен, педиаторлармен зерттелген. Сонымен бірге шетел тілдерін оқытуда ғана қолданылмайды.

Музыкалық үзіліс – жаттығу, әуен аясында жаттығу жасау – сабақ барысындағы маңызды құбылыс. Сабақтың тақырыбына сәйкес таңдалған, балаларға арналған әртүрлі әуендерді қолдануға болады. Балаларға арналған ән жинағын «Listen to your heart» атты жинақтан алуға болады [2;].

Шетел тілінде дұрыс сөйлеу мәдениеті тек қана лексикамен, мәтінмен жұмыс арқылы жүзеге аспайды, сонымен қатар оқушыларды сергіту, қызығуын арттыру мақсатында іске асады. Әндер арқылы оқушылардың білімін өмірмен байланыстырып, үйреніп жатқан тілде сөйлейтін елдердің өнерімен, мәдениетімен танысады және өнер жұлдыздары туралы өз білімдерін молайтады.

Әнмен жүргізілетін жұмыс түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: әндік диктант, ән мазмұны бойынша әңгіме жазу, әнді оқи отырып таныс грамматикалық жүйелерге талдау жасау, әннің сөздерін оқу, ана тіліне аудару, таныс емес сөздерді дәптерге түртіп алу және де әнді тыңдау мен оны фонограммамен бірге орындау жиі жүзеге асырылады. Бұнымен шектеліп қалудың да қажеті жоқ. Әннің мағынасын ұғу үшін әртүрлі жаттығулар ойлап табуға болады, және лексико-грамматикалық жаттығулар қолдануға болады. Жаттығулардың айтылған түрлері сабақтың қызықты өтуіне, оқушылардың мотивацияларын арттыруға септігін тигізеді.

Әнмен жұмыс жасау әдетте мынадай жолдармен яғни ереже арқылы жүзеге асады.

1. тыңдау алдындағы тапсырма;
2. тыңдау кезіндегі тапсырма;
3. тыңдағаннан кейінгі тапсырма.

Әнді тыңдатпас бұрын мұғалім әуелі әннің тарихымен таныстырып немесе қысқаша дерек беріп өтсе, оқушылардың әнді үйреніп, есте сақтауларына зор ықпал етеді. Кездесетін қиыншылықтардың алдын алу үшін жаңа лексиканы

таныстырып алған да жөн. Мұндай жағдайда үйренушілер әннің мазмұнын жартылай біліп отырады. Әнді тыңдауға назарын бұрып, әнді тыңдап жатқан кездегі оқушылар зейінін назардан тыс қалдырмай бақылау қажет. Әнді тыңдағаннан кейін әннің шумақтарымен жұмыс жасап, әр сөйлемді талдап, әнге байланысты тапсырмалар беріп оқушылардың тілдік қорын молайтады. Жүргізілген жұмыс барысы мен нәтижесі тілдік танымның компоненті болып табылады.

Мысалы, Depeche Modetтің «Free love» атты әні бойынша мынадай жұмыс түрлері жүргізілді. Алғашқы тапсырма түрі әнді тыңдалымға дейінгі орындалатын жаттығулар және тыңдалымнан кейін орындалатын жаттығулар. Үшінші кезеңде әнді тыңдай отырып, бірге қосылып айтып, жатқа айтуға тырысу.

Free love

Pre-listening task

1. Жақшаның ішіндегі етістіктерді Present Perfect Continuous Tense формасына қойып шық.
2. Төмендегі сөйлемдердің шақ етістік формасын сәйкестендір және қазақ (орыс) тілдеріне аудар.

You've suffered

We don't know

I'm running

I can understand

Modal Verb

The Present Continuous Tense

The Present Perfect Tense

The Present Indefinite Tense

Free love

If you (1) _____ (hide) from love

If you (2) _____ (hide) from love

I can understand where you're coming from

I can understand where you're coming from

If you've suffered enough

If you've suffered enough

I can understand what you're thinking of

I can see the pain that you're frightened of

And I'm only here

To bring you free love

Let's make it clear

That this is free love

No hidden catch

No strings attached

Just free love

No hidden catch

No strings attached

Just free love

I (3) _____ (run) like you

I (4) _____ (run) like you

Now you understand why I'm running scared

Now you understand why I'm running scared

I (5) _____ (search) for truth

I (6) _____ (search) for truth
And I (7) _____ (not get) anywhere
No I (8) _____ (not get) anywhere
Hey girl
You've got to take this moment
Then let it slip away
Let go of complicated feelings
Then there's no price to pay
We (9) _____ (run) from love
We (10) _____ (run) from love
And we don't know what we're doing here
No we don't know what we're doing here
We're only here
Sharing our free love
Let's make it clear
That this is free love
No hidden catch
No strings attached
Just free love
No hidden catch
No strings attached
Just free love

Listening

3. Тармақтарды ретімен қойып шық. (Әннің тармақтарының орнын ауыстырып тапсырманы беру).
4. Өлеңді жатқа айтамыз.

Қорытындылай келе мынадай шешім шығаруға болады: музыка өнері сан қырлы, ол адамның жанын рухани құндылықтарға толтырып, оның шығармашылық әлеуетін ашып, тілдік сапасын жоғарылатады.

Шетел тілін оқытуда әннің атқаратын 7 қызметін атап өтуге болады.

- Психологиялық (есте сақтау қабілетін артырады)
- Психогигиеникалық (қанағаттану деңгейінде музыкаға қызығушылығын арттыру)
- Көңіл-күй мен сезімді жеткізу құрлымы
- Когнитивті әрекетті жеткізу құрлымы
- Коммуникативті тапсырмаларды шешу құралы.

Қорыта айтқанда шетел тілдерін оқытуда әуен мен музыканы сауатты қолдана білу оқушының көкжиегін кеңейтіп, шығармашылық әлеуетін арттырады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Амандықова, Г.Н., Шет тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы /Г.Н.Амандықова, Ш.Е. Мұхтарова, Б.С.Баймұханова, А.Н.Бисенғалиева. – Астана: Фолиант, 2010. - 264 б.

2. Аитов, В.Ф., Аитова В.М. «Listen to your Heart»: сборник песен на английском и русском языках / В.Ф.Аитов, В.М.Аитова. – Уфа, 2015. - - 40 с.
3. Баданбекқызы, З. Ағылшын және қазақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: оқу құралы / З. Баданбекқызы. – Алматы: Бастау, 2010. – 420 с.

*Карагулова А.А. магистр, старший преподаватель
АУ имени С.Баишева*

*Нургалиева Г. студентка 4 курса
КазНУ имени Аль-Фараби*

МЕТОД ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПЕСЕН НА ЗАНЯТИЯХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

АННОТАЦИЯ

В этой статье рассматривается один из методов преподавания иностранного языка. Для того, чтобы повысить интерес студентов к изучению иностранного языка во время занятия очень эффективно использовать песни. Многие молодые люди живут с песней, поэтому, использование песен на занятиях повышает интерес у студентов.

Ключевые слова: *песня, изучать, методика, интерес, иностранный язык, мотивация.*

*Karagulova A.A. master, teacher
Aktobe University named after S.Baisheva*

*Nurgaliyeva G. 4th year student
Al-Farabi Kazakh National University*

METHOD OF USING SONGS ON THE LESSON OF FOREIGN LANGUAGE

ANNOTATION

The article is about one of the method of foreign language teaching. To increase the interest of students to learn the foreign language during lesson is very effective to use the songs. Many young people live with the song; therefore, use the song on the lesson motivates the students.

Key words: *a song, to learn, a method, to interest, a foreign language, motivation.*

УДК 811.111

*Кишкенебаев Р.У. магистр, оқытушы,
Халымбек А. магистр, аға оқытушы,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АЯЛЫҚ БІЛІМДІ ПАЙДАЛАНУ

АННОТАЦИЯ

Оқушылардың лингвомәдениеттану құзіреттілігін қалыптастыруда аялық білімді пайдалану және олардың маңыздылығын айқындау.

Кілт сөздер: лингвомәдениет, құзіреттілік, аялық білім, іскерлік, тіл, мәдениет, тұлға.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру жүйесінің отандық дәстүр мен үрдістеріміздің ерекшелігіне сай өзіндік жолы бар. Еліміздің білім беру бағытының дамуы үшін «компетенттілік амалдың» қажеттігі «Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасының» негізгі қағидаларында белгіленген. Осыған байланысты шетел тілін оқытуда басты назар оқушылардың алған білімдерінің нәтижесіне аударылады. Ал шетел тілін оқытудан күтілетін нәтиже ретінде оқушы игерген ақпараттар жиынтығы емес, оның түрлі мәселелік жағдаяттарда әрекет ету қабілеттілігі қарастырылады. Мұнда өзекті ұғым ретінде «компетенция» термині басты рөл атқарады. Латын тілінен аударғанда «компетенция» дегеніміз өз ісін жетік білу, танымы мол, белгілі бір мәселе төңірегінде өз ойын білдіруге дайын және мәселенің шешімін табуға қабілетті, тәжірибелі деген мағынаны білдіреді.

Осы ұғымды зерттеуші ғалым В.Г. Костомаровтың пікірінше, компетенция дегеніміз - бұл өз мамандығына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған, негізді ой - тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын тұлғаның қасиетін білдіретін ұғым [1].

Компетенция - оқу нәтижесімен қатар, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін және құндылық бағыттарының жүйесін де көрсетеді әрі ол оқушылардың алған білімін, меңгерген іскерлік пен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір мәселені шешу үшін қолдана алу қабілеттілігімен сипатталады.

Бүгінде Қазақстанның білім беру жүйесінде жиі қолданылып жүрген компетенция ұғымы «тұлғаның белгілі бір мәселелер шеңберіне қатысты білімді меңгеруі» немесе «тұлғаның белгілі бір мәселелер шеңберінде таным мен тәжірибеге ие болуы» деген мағынада кеңінен қолданылып жүр. Шетел тілінде сөйлей алудың ерекшеліктерін есепке ала отырып, жоғарыда аталған талдауларға «хабардарлық», «бір нәрсемен таныс болудың дәрежесі» деген анықтамалар қосылуы мүмкін. Компетенция ұғымы шетел тіліндегі әдебиеттерде «тәжірибе», «іскерлік», «дағды» мағыналарында көбірек

қолданылса, отандық әдебиеттерде бұл ұғым «білім», «теория», «процесс» деген мағынада түсіндіріледі [2].

Қазіргі уақытта лингвомәдениеттану әдісінің басты міндеттерінің бірі шетел тілінде тілдесім мәдениетіне оқыта отырып оқушылардың мәдениеттану, лингвоелтану, лингвомәдениеттану құзіреттіліктерін қалыптастыру болып табылады. Оқыту үрдісінде оқушытерді шетел тіліне үйретуде сол елдің мәдениетімен салт дәстүрімен сол елге ғана тән сөз өнерінің ерекшеліктерімен таныстыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осыған орай белгілі әдіскер С.С. Құнанбаева өз монографиясында «тіл-мәдениет-тұлға» компоненттерін қамтитын лингвомәдениет терминін әдіснаманың негізгі категориясы ретінде қарастырады. Шетел тілін беру мазмұнында көрініс тапқан комплексті және күрделі құрылым ретінде лингвомәдениет ғылыми танымның және дидактикалық оқытудың бірыңғай объектісі болып табылады. Себебі, тіл мен мәдениет жүйе ретінде танымдық және екінші когнитивтік сананы қалыптастырудың ажырамас бөлігі болып табылады [2].

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеген ғалымдар Э. Бенвенист және С.Г. Воркачев «лингвомәдениет» ұғымын тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың және тіл мен ұлттық менталитеттің бірлігін бейнелейтін «тіл-мәдениет-тұлға» деп аталатын үштіктің негізінде анықтайды. Мұның мәнін ғалымдар былайша түсіндіреді: шетел тілін үйренуде оқушылар алдымен сол тілді қолданушы халыққа тән мәдени ерекшеліктермен танысып, оларды өз мәдениетімен салыстырады, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратады. Одан кейін оларға қорытынды жасап, оны өз санасында бекітеді. Осының негізінде оқушылардың санасында «әлемнің тілдік бейнесі» қалыптасады.

Осы мәселені зерттеген ғалым В.В. Воробьевтың пікірінше, жаңа шетел тілін меңгеруде тіл оны қолданушы халықтың мәдениетімен ажырамас бірлікте қарастырылуы керек [3].

Тілді өзге тіл ретінде оқыту саласына катысты соңғы жылдары жарияланған мақалалар филология, мәдениет тарихы және мәдениеттану сияқты ғылымдардың өзара жақындаса бастағанын көрсетеді. Осының нәтижесінде аталған ғылымдардың түйіскен жерінен шекаралық ғылым лингвомәдениеттану пайда болды. Лингвомәдениеттану әр тілде сол халықтың тілі арқылы көрініп, сол тілде бекіп орнығып, сол халықтың мәдениетін үйретеді. Мұны ғалым А.В. Федоровтың сөзімен айтсақ: «Язык хранит увлекательную повесть тысячелетних усилий человека познать и объяснить мир и себя в этом мире» [4].

Басқаша айтқанда, тіл ұлт мәдениетімен тығыз байланысты. Ол мәдениет арқылы жетіледі, сонда дамиды, сөйтеді де оны көрсетеді. Бұл еңбектердің барлығында адам және оның мәдениеттегі орны арқылы сөз бірліктерінің ұлттық мәдени семантикасының қалыптасу жайы әңгіме болады. Мұндай көзқарас адамды оның сөйлеу тілі және осы тілі арқылы көрінетін мәдениетті бойынша тану керек деген ұғымға әкеледі. Яғни бұл лингвомәдениеттанудың рөлін биіктете түседі. Мұны өз зерттеулерінде Е.М. Верещагин былайша

тұжырымдайды: «Лингвокультурология ориентирована на человеческий, а точнее на культурный фактор в языке и на языковой фактор в человеке. А это значит; что лингвокультурология - достояние собственно антропологической парадигмы науки о человеке центром притяжения которой является феномен культуры» [5].

Лингвомәдениеттануды қазіргі жағдайда тіл мен мәдениеттің өзара әсері бойынша мәдениеттанушылар өз қажеттіліктері тұрғысынан зерттесе, ал әдіскер ғалымдар тілді өзге ұлт өкілдеріне оқыту мақсатына сәйкес зерттейді. Осыған байланысты Ресей психолингвистерінің бірқатар жұмыстарын атауға болады. Мысалы, Ю.А. Сорокина, Е.Ф. Тарасова, Р.М. Фрумкиналардың бірігіп шығарған ұжымдық монографиялары «Национально-культурная специфика речевого общения» (1982) атты еңбектері мен «Этнопсихолингвистика» (1988) т.б. деген кітаптарын атауға болады. Лингвомәдениеттану тұрғысынан карағанда тіл мен мәдениет адамның кез келген дүниеге көзқарасын білдіріп қана қоймай, біріне-бірі өзара әсер етеді де. Сонымен бірге мәдени құндылығы бар ақпараттардың жиналып сақталатын қоймасы іспетті рөлді тіл атқарса, ал сол тіл арқылы, атап айтқанда, адамның сөйлеу тілі, аузынан шыққан сөзі арқылы оның мәдениеті көрінетіні белгілі. Сондықтан олар белгілі бір дәрежеде адам санасының түрлері болып есептеледі. Сонымен, лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны - тіл мен мәдениеттің өзара әсері. Мұндайда тіл мәдени ақпараттарды беруші құрал рөлін атқарса, ал мәдениет - халықтың тарихи жады, есі болып саналады.

Лингвомәдениеттануға берілген айқындамалардың көптігіне қарамастан, біздіңше, ғалым В.Н. Телияның тіл мен мәдениеттің арақатынасына берген айқындамасы барынша нақтырақ көрінеді. Ол: «Лингвокультурология - новая филологическая дисциплина, которая изучает определенным образом отобранную и организованную совокупность духовных ценностей и опыта языковой личности данной национально-культурной общности, исследует, прежде всего, живые коммуникативные процессы и связь используемых в них языковых выражений с синхронно действующим менталитетом народа» деп жазды.

Жалпы лингвомәдениеттанудың теориялық негізі жаңа ғылыми пән ретінде В.В. Воробьевтің еңбектерінде терең зерттеледі. Оның пікірінше, лингвомәдениеттану лингвоелтану сияқты тілді оқытып-үйрететін аспект емес, ол - мәдениет пен филологияны үйрететін ғылымдар шегінде пайда болған аралық ғылым. Лингвомәдениеттану негізінен тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен өзара әсерін қарастырады, ал оқыту тұрғысынан келгенде, тіл мен мәдениетті тұтас жүйелі құбылыс ретінде қарап, олардың бір-біріне өзара әсерін тәпсірлеуді үйретеді [3].

Сонымен бірге лингвомәдениеттану құзіреттілігін В.В. Воробьев былай түсіндіреді: тілде сипатталған сол елдің барлық мәдениет құндылықтарының жиынтығының жүйесі [3]. Ал Е.И. Шумагер пікірінше лингвомәдениет тану «лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысынан туындаған лингвистика саласы ретінде, тірі ұлттық тілге кіріккен және тілдік үрдісте көрінетін материалдық

рухани мәдениет» ретінде немесе «өзіне мәдениет пен тіл біліміндегі этнолингвистика мен мәдени антропологиядағы зерттеулер нәтижесін сіңірген білімнің біріккен саласы» - деп анықтайды [6]. Сонымен қатар Сепир Уорф болжамына сәйкес «лингвомәдениеттану тілде көрінетін мәдени құндылықтардың қоданыстағы жүйесі, лингвистикалық салыстырмалылық теориясының негізінде әртүрлі тілдердің лингвомәдениеттану саласын жан-жақты талдау ретінде біртұтас теориялық сипаттамалық болып табылады. Виктория Владимировна Красных «Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология» деген еңбегінде лингвомәдениеттануды «әлемнің ұлттық көрінісін, тілдік сананы, ментальды лингвалдық кешеннің ерекшеліктерін зерттеумен тікелей байланысты тіл мен дискурстегі мәдениеттің пайда болуын, көрінісін және орнығуын зерттейтін пән» ретінде анықтайды. Сонымен лингвомәдениеттану құзіреттілік дегеніміз - рухани мәдениет пен көркем мәдениетті біріктіре оқыту арқылы оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, мәдени білімінің кеңейуіне, интеллектісінің дамуына, үйреніп жатқан тілінің әлем мәдениетінде алатын орнын түсінуге және сол тілде қатысым арқылы сөйлеу ерекшеліктерін қалыптастыруға, тілдегі стереотиптерді түсініп қабылдауға көмектесе алуы. Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны - белгілі бір халықтың мәдениетінде символдық, эталондық, бейнелі - метафоралық маңызға ие болып, сол тілде тіркеліп, бекіген тілдік бірліктер. Адамзат жасаған рухани және материалдық мәдениет өзінің күнделікті тілде өмір сүруі арқылы лингвомәдениеттанудың негізгі зерттеу нысаны қызметін атқара алады. Осының өзі әлемнің тілдік картинасын жасайды.

Шынайы тілдесу тілдік құзыреттілікпен шектелмейді, ол лингвоелтанулық, лингвомәдениеттанулық білімді қажет етеді. Елтану, мәдениеттану мәліметтерін тілді өзге тіл ретінде оқып - үйренуші басқа ұлт өкіліне толық өз дәрежесінде жеткізу, әрине, қиын. Бірақ оның бөліктерін оқыту кезінде біріктіріп ұсыну әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктің мақсатты түрде дұрыс бағытталуын қамтамасыз етіп, халықтар арасындағы тілдесуді, мәдениеттер сұхбатын өзара байытудың негізі болып есептеледі. В.Г. Костомаров мұндай құзыреттілікті мәдениетаралық құзыреттілік деп атайды. Ғалымның пікірінше: «Мәдениетаралық құзыреттілік үйренушінің өзге мәдениет дәйектерін шыдаммен қабылдауға қабілетін қалыптастырады, шын ниетпен өзге мәдениетті түсінуге сол, тілде сөйлейтін адамдардың жүріс тұрыстарын солардың көз қарастарын үйрету болып табылады. Осы жол арқылы бүкіл әлемдік мәдениетті қабылдауға, олардың ұлттық тұрмысын білуден сол арқылы өз мәдениетінде, тілінде байытады [1].

Лингвомәдениеттану құзыреттілігі - мәдениетаралық, қатысым жағдай - ында лингвомәдениеттану дағдыларын орынды пайдалана білумен ерекшеленетін көп сатылы, бірі екіншісіне тәуелді бірнеше кезеңдері бар, өз сөзін дұрыс ұйымдастыра білумен, ең соңында басқа мәдениет өкілімен еркін тілдесуге қол жеткізуімен айқындалатын құзыреттілік. Жалпы алғанда лингвомәдениеттану құзыреттілігіне былайша анықтама беруге болады:

Лингвомәдениеттану құзыреттілігі дегеніміз - басқа лингвомәдени қоғам өкілімен тілдік қатынас кезінде тіл бірліктерінде көрінетін әлем туралы білім негіздерін меңгеруі арқылы мәдениеттер сұхбатына танымдық іргетас жасай тілдесе алуын қамтамасыз ететін өзара әрекеттестік пен өзара түсіністік жағдайында сөйлесуге дайындығы лингвомәдениеттану құзыреттілігі болып саналады. Бұл мәселемен айналысқан ғалымдар өзге тілге оқытудың ең соңғы жетістігі лингвомәдениеттанулық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейімен өлшенетінін айтады.

Лингвомәдени компетенцияның білімділік негізін мына төмендегілер құрайды:

- 1) лингвоелтанымдық білімдер (тілін үйреніп жатқан елдің реалиилерін, эквивалентсіз лексикасын, жүріс - тұрыс ережелерін білу);
- 2) елтанымдық білімдер (тілін үйреніп жатқан елдің климаттық, экономикалық, қоғамдық - саяси және әлеуметтік ерекшеліктерін білу, оның тарихы және мәдени дамуының негізгі кезеңдерін білу);
- 3) мәдени - танымдық білімдер (ұлттық мінез - құлық, тұрмыстың, ұлттық психологияның ерекшеліктерін, дәстүрлерін білу) [2].

Келесі кезекте, біз жоғарыда аталған лингвомәдени компетенцияның білімділік негізін құрайтын «мәдениет» және «тіл» ұғымдарын жан - жақты қарастырып алуды жөн деп білдік.

Мәдениет - халықтың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған шығармашылық мұрасы, онда лингвомәдени қоғам мен жеке адамның рухани ізденісі, халық даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталған. Халықтың рухы мен келбеті, оның ерік бостандығы мен тарихи зейін - есі, философиялық жүйелері мен рәміз - таңбалық белгілері, өмірлік сабақтары, діні мен тілі, ділі мен мұраты бәрі біте қайнасқан.

Е.М. Верещагин және В.Г. Костомаров өз зерттеулерінде «мәдениет» ұғымына бірнеше анықтама берген. Оларды атап өтетін болсақ:

- Мәдениет - бұл қоғамның мәдени әдет - ғұрыптарын құрайтын материалдық және рухани дамудағы жеткен табыстарының жиынтығы;
- Мәдениет - бұл тарихи экономикалық базис негізінде жинақталған қоғамның материалдық және рухани құндылықтары;
- Мәдениет - бұл адамдар қоғамының өндірістік, қоғамдық және рухани өмірде жеткен жетістіктерінің жиынтығы [1].

Ал белгілі лингвист С.Г. Тер-Минасова жоғарыда аталған ғалымдардың пікірімен келісе отырып, өзінің «мәдениет» ұғымына берген анықтамасын одан әрі былайша кеңейткен: «мәдениет - бұл белгілі бір халықтың белгілі бір уақыт ішінде қол жеткізген жетістіктері».

Жоғарыдағы мәдениет ұғымына берілген анықтамалардан және ой-пікірлерден мәдениеттің әрбір халықтың өзіне ғана тән ерекше бір құбылысы екенін байқауға болады. Сонымен қатар, әрбір мәдениетті оны тұтынушы халықтың өмірде жеткен жетістіктері, тарихи, мәдени, экономикалық, саяси білімдері және сол халыққа немесе этносқа ғана тән мәдени құндылықтар жүйесі құрайтынын аңғаруға болады. Адам қолымен жасалған мәдениетті

танытушы әрі жеткізуші күш - тіл, мәдениет тек қана тіл арқылы көрініс табады. Осыған байланысты белгілі ғалым В. фон. Гумбольдтің мәдениетті тілдің ішкі құрылымдық бөлшегі қаторында санауы тіл мен мәдениеттің арасындағы байланысты жақындата түсіп, этнос тулғасын қалыптастыруға арқау болады. Ғалымның пікірінше, мәдениет көріністері оны тудырушы халықтың тілінен орын алады және ұлттық нышанды танытушы, адам мен табиғатты жалғастырушы күш болып саналады.

Сонымен, ұлттық тілдік тұлғаның лингвомәдени құзіреттілігін қалыптастыру үшін оның бойында жеткілікті дәрежеде қажетті білімдер болуы шарт. Ол үшін қатысым жасау кезінде тілін үйреніп жатқан елдің салт дәстүріне, тұрмыс тіршілігіне, мәдениетіне тән етене болып табылатын таза ұлттық ерекшеліктерін сипаттауға қажет білім қоры. Осыны әдістеме ғылымында аялық (фондық) білімдер деп атайды. Енді «фондық білім» ұғымына нақтырақ тоқталсақ. Оқушылардың шетел тілін оқуда алған жалпы білімі фондық білім деген атқа ие болады. Ол мәдениеттің бөлігі болып табылады. Фондық білімнің құрамына мыналар кіреді:

- 1) жалпы адамзаттық білімдер;
- 2) аймақтық білімдер;
- 3) нақты бір мәдени, этникалық және тілдік ұйым мүшелеріне тән мәліметтер;
- 4) әлеуметтік топ өкілдері туралы мәліметтер [4].

Фондық білім (ағылшын background knowledge) - тілдік қатынас жасауда негіз болып табылатын сөйлеуші мен тыңдаушының болмыстың өзара білімі. Яғни «Фон» терминінің мағынасы: басқа елдің, халықтың өмірі, мәдениеті туралы білім [20]. Аялық білім ол басқа елдің шынайы өмір тіршілігінің бейнесі және көрінісі туралы жиынтық [5]. Е.М. Верещагин және В.Г. Костомаров оларды қатысымдық білімдердің жалпы жиынтығы деп анықтайды. Е.И. Шумагер аялық сөздерді басқа елдің ұлттық ерекшелігін айқын бейнелейтін лексикалық бірліктер деп қарастырады [6].

Осы мәдениетаралық қатысымға оқытуда аялық білімнің бір тобы үлкен рөл атқарады. Олар - басқа мәдениет ерекшеліктеріне, басқа елге тән сөздер. Бұлар да мәдениетаралық қатысымда өзара түсінісуді жеделдетеді. Бұларға реалиялар жатады. Лингвистикада бұл ұғымға берілген айқындама әртүрлі. О.С. Ахманованың түсіндіруінше реалия «в классической грамматике разнообразные факторы, изучаемые внешней лингвистикой, такие как государственное устройство страны, история и культуры данного народа, языковые контакты носителей данного языка и т.д. точки зрения их отражения в данном языке». Реалия - ол да материалдық мәдениетке жататын заттарды бейнелейтін ұғымдар. «Белгілі бір ұлт пен халыққа ғана тән материалдық мәдениет атаулары, тарихи деректер, мемлекеттік институттар, ұлттық және фольклорлық кейіпкерлердің аттары, мифологиялық жайлар т.б.». Осылайша, зерттеуші реалия ұғымына жекелеген заттарды, ұғымдарды, тұрмыс пен мәдени құбылыстарды, сол халық пен сол елдің тарихына қатысты сөздерді жатқызады. Бұл айқындамадан автордың реалияны заттың белгісі мағынасында деп

түсіндіргені байқалады.

Г.Д. Томахиннің өте дәл көрсеткеніндей реалияларда тілмен мәдениеттің тығыз байланысы айшықтала көрінеді. Белгілі бір қоғамның материалдық және рухани өмірінде жаңа реалиялардың пайда болуы соған сәйкес жаңа сөздің пайда болуына әкеледі [7].

Осы бөлімді қорыта келе белгілі әдіскер Е.И. Пассовтың пікірінше, шетел тілін оқытатын оқытушы әрекетіндегі басты мақсат - өзге тілді үйрету ғана емес, өзге мәдениетке де үйрету болып табылады. Тіл де мәдениеттің бір бөлігі ретінде оның мазмұнына енуі тиіс. Басқаша айтқанда оқушы өзге мәдениетпен таныса отырып, оның тілін үйренеді. Е.И. Пассов: «На прагматическом уровне язык можно выучить и вне культуры но только на основе одного (т.е. единственного) языка, без культурного фона войти в мир языка просто невозможно», - деп тұжырымдайды. Лингвомәдени компетенцияны қалыптастыруда оқушылардың үйреніп жатқан шетел тілін оның мәдениетімен бірлікте меңгеруіне баса назар аудару қажеттігін байқадық. Ол үшін оқушыларға шетел тілін үйретуде тіл мен мәдениетті бір - бірінен ажырамас, бірін - бірі толықтырып отыратын кұбылыс ретінде жан - жақты меңгертуіміз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Костомаров В.Г. «Человеческое измерения» как перспективное направление в развитии лингвострановедения // Русский язык как иностранный: Лингвистические проблемы.-1997.
2. Кунанбаева С.С Современное иноязычное образование: Методология и теория.- Алматы: Эдельвейс, 2005.
3. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы).-М.:Из-во РУНД, 1977
4. Федоров А. В. Основы общей теории перевода. – М. : Высшая школа, 1983. – 400 с.
5. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. М.: Русский язык, 1983. 269с.
6. Шумагер Е.И. Фоновая лексика, ее своеобразие и связь с культурой//Лексика и культура. Тверь: Тверской государственный университет, 1990. – С. 124 –129.
7. Томахин Г.Д. Реалии в языке и культуре//ИЯШ.–1997.- №3. С.13-

*Кишкенебаев Р.У. магистр, препод,
Халымбек А. магистр, ст. препод,
Актюбинский университет им.С.Баишева*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФОНОВЫХ ЗНАНИЙ В ФОРМИРОВАНИИ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧЕНИКОВ АННОТАЦИЯ

В статье говорится о необходимости использования фоновых знаний в формировании лингвокультурологических компетенций учеников.

Ключевые слова : *фоновое знание, лингвокультурология, компетенция.*

*Kishkenebayev R.U. master, teacher
Halymbek A. master, senior teacher of
S. Baishev university*

USING OF BACKGROUND KNOWLEDGE IN IN FORMATION LINGUOCULTURAL COMPETENCE OF PUPILS

ABSTRACT

The goal of this article is to consider background knowledge in formation linguocultural competence of pupils.

Key words: *background knowledge; linguoculture, competence, culture.*

УДК 378=161.1

*Кулмухамбетова Г.К. ст.преподаватель,
Западно-Казахстанский государственный медицинский
университет имени Марата Оспанова.
Дербисалина А.К. ст.преподаватель.
Западно-Казахстанский государственный медицинский
университет имени Марата Оспанова,*

РАЗВИТИЕ МОТИВАЦИИ К ИЗУЧЕНИЮ РУССКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В данной статье авторы знакомят с видами и классификацией мотиваций при изучении русского языка. Также указывают на пути решения проблемы формирования у студентов мотивации изучения русского языка.

Ключевые слова: *мотивация, формирование, классификация, мотив, языковая компетентность.*

Компонентами мотивации, факторами, побуждающими человека осуществлять какую-либо деятельность, являются мотивы. «Мотив» буквально означает «двигатель», «то, что движет».

Анализ различных определений показывает, что в современной психологии термин «мотивация» чаще всего обозначает совокупность конкретных факторов, детерминирующих поведение отдельно взятого человека, инициирующих, направляющих и поддерживающих поведенческую активность данного человека в данной ситуации на определенном уровне. Опираясь на этот вывод, в нашем исследовании под мотивацией деятельности мы будем понимать совокупность факторов, побуждающих человека осуществлять эту деятельность.

Мотивы являются «мотором» любой деятельности и учебной деятельности в том числе, «запускным механизмом» изучения иностранного языка. Практика преподавания разных учебных предметов показывает, что без наличия соответствующих мотивов учебная деятельность неэффективна. Иными словами, мотивация обучения тесно связана с эффективностью обучения, с поиском способов достижения высокого уровня результатов учебной деятельности.

Уровень мотивации является одним из определяющих факторов успешного овладения студентами русским языком.

Различают два вида мотивации: внешнюю и внутреннюю. Внешняя мотивация, или дистантная, связанная с осознанием студентом общеобразовательной важности изучения языка. Внутренняя мотивация вызывается положительными эмоциями, которые человек получает от процесса изучения языка. Разновидностями внутренней мотивации является игровая, коммуникативная, познавательная и эстетическая, а также мотивация, связанная с осознанием определенного прогресса во владении языком. Для формирования внутренней мотивации большое значение имеет установка – «неосознаваемое личностью состояние готовности к определенной деятельности, с помощью которой может быть удовлетворена та или иная потребность (например, изучить иностранный язык)». [1, с. 31]. Важно отметить, что мотив непостоянен и меняется в зависимости от многих внешних и внутренних факторов. Студенты при изучении русского языка руководствуются не одним, а несколькими мотивами. Поэтому говорят о «мотивационной системе», так как она «может включать потребности, мотивы, цели и мотивирующие факторы в самом учебном процессе, а также элементы, которые не входят непосредственно в учебный процесс, но могут выполнять те же функции, что и названные объекты». [2, с. 320].

Это означает, что необходимо формировать и развивать у студентов положительное мотивационное отношение к русскому языку. Особенно важно формировать у них интерес к учебным занятиям, желание общаться на русском языке, интерес к русской культуре.

Формирование у студентов мотивации изучения русского языка уже на протяжении ряда десятилетий рассматривается в качестве одной из актуальнейших проблем методики обучения русскому языку как иностранному. [3, с. 334].

Формирование языковой компетенций в процессе обучения русскому языку как иностранному протекает успешнее, если оно поддерживается формированием мотивации изучения русского языка. Существует и обратная связь — успешное обучение является важным мотивоформирующим фактором, рациональное сочетание способов формирования компетенций и мотиваций в процессе обучения положительно сказывается и на достигаемом уровне компетенций, и на достигаемом уровне мотиваций. Взаимосвязь между мотивацией и результативностью учебной деятельности свидетельствует о том, что высокие результаты обучения могут быть косвенным показателем высокой мотивации изучения русского языка

При разработке системы работы с целью повышения мотивации необходимо обращать внимание на возрастные характеристики, динамику изменений интересов и индивидуальные особенности студентов, имеющих непосредственное влияние на стратегию их поведения на уроках русского языка. Кроме того, важно учитывать действие негативных факторов, формирующих отношение студентов к предмету и сдерживать их активность. Прямопропорциональным является зависимость желания учить лучше предмет от осознания его важности. Другими словами, чем более важным считают студент для себя тот или иной предмет, тем выше готовность приложить усилия для улучшения знаний.

Среди факторов, влияющих на снижение уровня активности студентов на занятиях русского языка является следующее: индивидуальные факторы, связанные с неуверенностью, низкой самооценкой. Некоторые студенты считают свои языковые навыки несовершенными и предпочитают молчание, чем ответы с ошибками и потерю уважения среди сверстников, проблемным является также высокий уровень требований, особенно для студентов с низкой самооценкой.

Решение проблемы повышения мотивации студентов можно связать с комплексным подходом, который должен включать создание специальной системы заданий, воспитательные мероприятия и минимизацию отрицательной мотивации. Всестороннее комплексное воздействие на мотивационную структуру студента будет более эффективным, чем использование отдельных его компонентов.

Задания должны носить коммуникативный творческий характер, соответствующий потребностям студентов. Использование специально отобранного материала, который основывался бы на учете интересов студентов, их желанием самоутвердиться как взрослая личность; включения для обсуждения волнующих проблем при использовании коммуникативных и творческих задач, сделает обучение личностно значимым, что является неотъемлемым атрибутом высокой мотивации.

Преподаватель должен предлагать задачи, мотивировать их поддерживать разговор, пока специально заданная цель не будет достигнута. Большая концентрация внимания студентов на мотивированном неформальном общении, чем на грамматическом дает лучший результат, поскольку сама работа приносит удовольствие.

Можно рекомендовать преподавателям для повышения мотивации студентов к изучению русского языка:

- 1) Подбирать аутентичные тексты, учитывая интересы и хобби студентов.
- 2) Поскольку предпосылкой успешного обучения студентов является общение, необходимы самые современные темы для обсуждения. Такое общение осуществляется в форме беседы, которая рассматривается как особый вид межличностной коммуникации, лежащий между крайними полюсами монолога и диалога и представляет собой диалогическая речь с "вкраплениями" монологов разных функциональных типов.
- 3) использовать элементы народного творчества – пословицы, поговорки, загадки, которые помогают систематизировать и углублять знания не только по русскому языку, но и способствуют развитию творческих способностей студентов. Просьба постараться расшифровать, объяснить действия, происходящие в народных сказаниях гарантирует не только интерес к учебе, но и высокую эффективность, поскольку даже студенты с низкой самооценкой с удовольствием включаются в процесс, поскольку это развивает воображение и творческие способности, помогает понять культуру.
- 4) Кроме аудирования, студентам необходимо предлагать научные фильмы для просмотра, с последующим их обсуждением и выполнением упражнений. Для изучения грамматики теоретический материал презентуется в наиболее удобной форме — в виде таблиц. Практический материал представлять грамматическими заданиями.
- 5) Разнообразить спектр упражнений: упражнения на исправление ошибок (это упражнение создает положительную атмосферу, поскольку исправление существующих ошибок не так волнительно, как их создание), текстовые упражнения на объяснение употребления времен в определенных предложениях, упражнения с пропусками и другие, способствующие развитию умений и навыков грамотного письма и устной речи, необходимых для изучения русского языка.

Большое значение для повышения мотивации имеет желание самого студента изучать русский язык, его стремление к использованию своих знаний и умение в различных жизненных условиях, поэтому мы создаем на занятиях различные ситуации общения, требующие от студентов принятия нестандартных коммуникативных решений. Особую роль играет система упражнений по каждой теме, причём упражнения используются в учебном процессе в зависимости от уровня развития у студентов навыков построения текстов разных типов, стилей и жанров.

Таким образом, в процессе формирования языковой компетентности у студентов на занятиях по русскому языку и культуре речи важным условием

становится обеспечение положительной мотивации студентов, нацеленность на практическую языковую деятельность, выработку навыка свободного составления письменных и устных текстов, развитие коммуникативных качеств речи, повышение культуры речи.

Список литературы:

1. Бердичевский, А.Л. Является ли русский язык международным [электронный ресурс] /А.Л.Бердичевский.–Режим доступа: <http://www.russianaustria.org/index.php/russkij-jazik/80-russkij-jasik-megdunarodnost> . - Данные соответствуют на 05.04.2016.
2. Молчановский, В.В. Преподаватель русского языка как иностранного /В.В. Молчановский, Л.Ю. Шепелевич. - М.: «Русский язык», 2002.- 320 с.
3. Щукин, А.Н. Методика преподавания русского языка как иностранного: учебное пособие для студентов вузов / А.Н.Щукин. - М. «Высшая школа», 2003.- 334 с.

*Кулмухамбетова Г.К оқытушы
Дербисалина А.К оқытушы
Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті*

ОРЫС ТІЛІН ҮЙРЕТУ БАРЫСЫНДАҒЫ ДӘЙЕКТЕМЕНІ ДАМУ

Аннотация

Берілген мақалада авторлар орыс тілін үйрену барысындағы дәйектемелердің түрлері мен жіктелуімен таныстырады.

Кілт сөздері: *дәйектеме, қалыптасу, дәлел жіктеу, тілдің құзыреттілігі*

*Kulmuhambetova G.K.,
Derbisalina A.K.
West Kazakhstan Marat Ospanov
state medical university Teachers*

DEVELOPMENT OF MOTIVATION TO LEARNING RUSSIAN LANGUAGE

Annotation

The authours of article introduce types and classification of motivations in the learning of the Russian language. Ways of solving of students motivation formation in the process of the Russian language learning are also being mentioned.

Key words: *motivation formation, classification, reason language complence.*

УДК 37:159.9

Майдангалиева Ж.А. к.п.н., ст.преп.
АУ им. С. Баишева,
Алдабергенова Г.Н, Бекегулова А.М, Юркова Л.В.
студенты группы 2/2
специальности «Педагогика и психология»
АУ им С. Баишева

СОВРЕМЕННОЕ ПРОЧТЕНИЕ КНИГИ В.А СУХОМЛИНСКОГО «СЕРДЦЕ ОТДАЮ ДЕТЯМ»

Аннотация

Цель статьи состоит в приобщении педагогов к наследию В.А. Сухомлинского (1918-1970 г.г.). В отзыве представлены доказательства жизни книги «Сердце отдаю детям».

Ключевые слова: человек, познание, психика, дети, душа, добро.

В преддверии 100-летия со дня рождения Василия Александровича Сухомлинского мы предприняли попытку прочтения известного труда советского педагога, писателя, классика народной педагогики «Сердце отдаю детям». Эта книга стала итогом тридцати трехлетней работы в сельской школе, за которую автору была присуждена Государственная премия УССР (1974).

Новое прочтение книги «Сердце отдаю детям» доказывает актуальность обращения к жизненному опыту В.А. Сухомлинского, полному духовного поиска, направленного на трудное и благородное дело – обучение и воспитание детей. Это книга-открытие об «особом мире детства» при жизни педагога приобрела популярность, о чем свидетельствует ее перевод на 23 языках мира. Может ли она оставаться «открытием» для современного поколения педагогов?

У каждого читателя будут свои «открытия».

Для нас **первым открытием** явилось убеждение в необходимости у каждого учителя вдохновения к работе. Таким «вдохновителем» для В.А. Сухомлинского служил Я. Корчак, чей подвиг показал, что высшим проявлением любви к детям самопожертвование [1, с. 13].

Вторым открытием для нас стало подтверждение в каждой главе книги сущности названия «Школы радости» практическим опытом работы с детьми.

Третьим открытием оказалась методика «Человековедения» В.А. Сухомлинского, которая может быть не только авторской, но и должна стать массовой. Он проводил уроки-открытия «окна в окружающий мир» «под голубым небом», чтобы дать возможность с удивления, ярких представлений и образов возникнуть детскому мышлению. Доказал, что такие качества человека как доброта, сопереживание, любовь к Родине, трудолюбие могут формироваться только в процессе деятельности (уход за животными и растениями; экскурсии в природу, производство; теплица и др.).

Четвертое открытие в процессе прочтения книги мы сделали для себя, как только осознали вслед за автором первостепенности семейного воспитания и обучения. Один только факт об этом ярко свидетельствует:

«В течение 33 лет я изучал словарный запас детей младшего, среднего и старшего возраста, а также взрослых людей. Передо мной открылась поразительная картина. Семилетний ребенок из обычной семьи колхозника (отец и мать – люди со средним образованием, в семье библиотека – 300-400 книг) к моменту поступления в школу понимает, чувствует эмоциональную окраску 3-3,5 тыс. слов родной речи, из них свыше 1,5 тыс. – в его активном словарном запасе. Рабочий, колхозник со средним образованием в 45-50-летнем возрасте понимает, чувствует эмоциональную окраску 5-5,5 тыс. слов родной речи, из них в его активном словарном запасе не больше 2-2,5 тыс. слов» [1, с. 14-15].

О том, что главная цель коллектива должна состоять в развитии его духовности [11], стала для нас **следующим открытием**. Обучая детей состраданию, поддержке в трудные моменты «не для того чтоб все видели, какой я добрый», а так чтоб эти чувства сострадания изливались непосредственно из души.

К шестому открытию мы относим глубокие познания автора в психофизиологии ребенка, на основе которых подбираются эффективные способы применения детской фантазии, сказки в познавательном процессе, создания обстановки для раздумья и т.д. Для ребенка сочинение сказки – это способ раскрытия самого себя. Одну из таких картин мы наблюдаем в «Нашем уголке мечты». В.А. Сухомлинский также утверждал, что именно в детстве ребенок должен пройти период мыслительных упражнений, представляющих собой видение предметов и явлений через воображение. Заметим тот момент, когда автор сравнивает способность детей мыслить с потоком реки.

Седьмое открытие заключается в отношении к отметке как оценке совместного труда ребенка и учителя.

Наши «открытия» в процессе прочтения стали для нас путеводителем в воспитании и обучении детей. На доказательства жизни наследия педагога также указывают современные исследования [2-13].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Сухомлинский, В.А. Сердце отдаю детям. Рождение гражданина. Письма к сыну / В.А.Сухомлинский. - К.: Радянська школа, 1985.-557 с.
2. Титова, Е.Ю. Гуманистические тенденции в отечественной педагогике во второй половине 40-х — 60-х гг. XX в. (на примере воспитательной системы В.А. Сухомлинского): автореф. дис. канд. пед. наук / Е.Ю. Титова. — Екатеринбург, 2004. — 18 с.

3. Челпаченко, Т.В. Развитие идеи гармонии умственного и физического труда подростка в педагогическом наследии В. А. Сухомлинского: автореф. дис. ... канд. пед. Наук /Т.В.Челпаченко. – Оренбург, 2005. – 26 с.
4. Челпаченко, Т.В. Дидактическая система В.А. Сухомлинского как целостное педагогическое явление: автореф. дис. ... канд. пед. наук. /Т.В.Челпаченко. – Оренбург, 2012. – 28с.
5. Тимофеева, О.С. Воспитание уважительного отношения младшего школьника к родителям в педагогическом наследии В.А. Сухомлинского: автореф. дис. ... канд. пед. Наук / О.С.Тимофеева. – Оренбург, 2005. – 23с.
6. Биушкин, Г.И. Воспитание нравственной ответственности подростка (на основе идей В. А. Сухомлинского): автореф. дис. ... канд. пед. Наук /Г.И.Биушкин. – Оренбург, 2007. – 22с.
7. Гончарова, К.М. Стили педагогической деятельности А.С. Макаренко и В.А.Сухомлинского: автореф. дис. ... канд. пед.наук /К.М.Гончарова. – Пятигорск, 2006. – 22с.
8. Даньшов, П.Н. Умственное воспитание школьника на уроке мышления в педагогическом наследии В.А. Сухомлинского: автореф. дис. ... канд. пед. наук /К.М.Гончарова. – Оренбург, 2008. – 23с.
9. Шитикова, З.С. Ценность семейного воспитания в педагогическом наследии В. А. Сухомлинского: автореф. дис. ... канд. пед. наук /З.С.Шитикова. – Смоленск, 2008. – 20с.
10. Даниленкова, Т.О. Педагогические условия укрепления здоровья школьников в воспитательной системе В.А. Сухомлинского: автореф. дис. ... канд. пед. наук /Т.О.Даниленкова. – Смоленск, 2012. – 20с.
11. Аванесян, Л.Р. Гражданское воспитание младших школьников на педагогическом наследии В.А. Сухомлинского: автореф. дис. ... канд. пед. наук /Л.Р.Аванесян. – М., 2012. – 24с.
12. Кузнецова, Е.М. Влияние педагогических концепций С. Френе и В.А. Сухомлинского на развитие компетентностно-ориентированного образования в России: автореф. дис. ... канд. пед. наук /Е.М.Кузнецова. – Томск, 2015. – 23с.
13. Богуславский, М.В. Сердце отдаю детям В.А. Сухомлинского: Потенциал нового прочтения» /М.В.Богуславский // Проблемы современного образования. – 2013. – №6.- С.47-51

Ж.А.Майдангалиева
п.ғ.к., С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті,
Г.Н.Алдабергенова, А.М.Бекегулова, Л.В. Юркова
С Бәйішев атындағы АУ
«Педагогика және психология» 2/2тобының студенттері
Ақтөбе, Қазақстан Республикасы

В.А СУХОМЛИНСКИЙДІҢ «БАЛАЛАРҒА ЖУРЕГІМДІ АРНАЙМЫН» КІТАБЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ОҚЫТЫЛУЫ

Аннотация

В.А Сухомлинскийдің қалдырған мұрасы арқылы оқытушылар арасында байланыс орнату мақаланың негізі мақсаты болып табылады. Пікір беруде «Балаларға жүрегімді арнаймын» кітаптың өмір дәлелі ұсынылады.

Кілт сөздер: адам, таным, психикасы, балалар, жаны, жақсылық.

*Zhumagul Aldiyarovna Maydangalieva,
candidate of pedagogical sciences, senior lecturer
Aktobe university named after S.Baishev
G.N.Aldabergenova, A.M. Bekegulova, L.V.Yurkova
Students of group «Pedagogy and psychology» 2/2
Aktobe university named after S.Baishev*

CONTEMPORARY READING OF THE V.A SUKHOMLINSKIY'S BOOK «THE HEART IS GIVEN TO CHILDREN»

Annotation

The purpose of the article consists in introducing teachers to the heritage of Sukhomlinskiy (1918-1970). Review provides evidence from the book of life «The heart is given to children»

Keywords: human, cognition, mind, children, soul, goodness.

УДК 81

Сабирова Н.Ж., ст.преподаватель, магистр ,

Актюбинского университета имени С.Баишева

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме

Мақалада қытай аудармашылығының даму мен аудармашылар аударма мәселелерін қандай әдіс-тәсілдер қолданылды, тура мағыналы аударма мен еркін аударма пайда болуы, және құрмалас сөйлемдерді қазақша аудармаларын талдау жасап, саралап, жинақтап әдістерін қолдана отырып қытай тілінің

құрмалас сөйлемдерінің қазақ тіліне аударылу ғылыми жолдарын қарастырылды.

Кілт сөздер: *Жай сөйлем, құрмалас сөйлем, сқйлем құрылымы.*

Салалас құрмалас сөйлемдердің аударылуы. Алдымен қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерді еске сала кетсек, екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемдер құрмалас сөйлем деп аталады. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің мағыналық жағынан өзгешеліктерінің кестесі

ЖАЙ СӨЙЛЕМ	ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ
1. Жай сөйлем жеке бір ойды білдіреді.	Құрмалас сөйлем күрделі ойды білдіреді.
2. Жай сөйлем бір-бірінен айырым интонациямен айтылады.	Құрмалас сөйлемнің бірінші сыңары екіншісімен ұласпалы интонациямен айтылады.
3. Жай сөйлем интонациялық жағынан тиянақты болады.	Құрмалас сөйлемнің сыңарлары интонациялық жағынан тиянақсыз болады.
4. Жай сөйлем аяқталған ойды білдіріп, бір бүтін болып саналады.	Құрмалас сөйлемнің алғашқы сыңары аяқталған ойды білдіре алмайды, бүтіннің бір бөлшегі болып табылады.

Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен салаласажәне сабақтаса байланысады. Мысалы: Қорқып тұрған атты алқымынан алды да, омбы қардан шығармай жығып алды. Бұл – салаласа байланысқан құрмалас сөйлем. Алғашқы сөйлем мен екінші сөйлемнің баяндауыштары тиянақты болып, екеуі тең дәрежеде байланысып тұр. Желге тұмсығын төсеп, белгілі иіс күтті. Бұл–сабақтаса байланысқанқұрмалас сөйлем. Алғашқы сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, екіншісіне бағына байланысып тұр. Бірінші жай сөйлемді екіншісінен бөліп, өз алдына жеке айтуға келмейді.

Құрамындағы жай сөйлемдердің салаласа, сабақтаса байланысуына орай құрмалас сөйлемдер: салалас құрмалас, сабақтас құрмалас және аралас құрмалас болып үштүрге бөлінеді.

Түрлері	Құрамы	Белгісі	Мысалдары
Салалас құрмалас сөйлем	Кемінде екі жай сөйлемнен құралады	Өзара тең дәрежеде байланысады, баяндауыштары тиянақты болады.	Әлден уақытта екі атты кісі келді де, мені ағаштан шешіп алды.
Сабақтас құрмалас сөйлем	Кемінде екі жай сөйлемнен құралады.	Бірі екіншісіне бағынады, бірінші сөйлемнің баяндауыштары тиянақсыз болады.	Жігіттер жабылып болмаған соң, әнші сандыққа отырды.
Аралас	Кемінде үш	Өзара салаласып	Қыздың маңдайынан сипады

құрмалас сөйлем	жай сөйлемнен құралады.	та, сабақтасып та байланысады.	да, толқындай қара шашынан бір сүйіп, өз жөнімен кете берді.
--------------------	-------------------------------	-----------------------------------	--

Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі салалас құрмалас деп аталады. Мысалы: Сақадай сайланған қырық жігіт маңдайды батысқа қойды да, төскейді үзеңгіге ала жүріп кетті.

Салаластың құрамындағы бірінші жай сөйлемнің баяндауышы – қойды екінші жай сөйлемнің баяндауышы жүріп кетті сияқты тиянақты, сондықтан олар тең дәрежеде (салаласа) байланысып тұр. Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара екі түрлі жолмен байланысады: 1) Іргелес тұрып, ұласпалы интонация арқылы байланысады. Мысалы: Жалпақ балуан оқ бойы алда отырды, астындағы сары қасқа ат киіктей орғып келеді. 2) Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Салалас құрмалас сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулық шылаулар: 1) да, де, та, те әрі және деген ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 2) бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де деген қарсылық мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 3) өйткені, себебі, сондықтан, сол себепті, неге десеңіз деген себеп-салдар мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 4) не, немесе, я, яки, не (я) болмаса, болмаса, әлдедеген талғаулық мәнді жалғаулық шылаулар арқылы; 5) кейде, бірде, біресе деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулар арқылы. Құрамындағы жай сөйлемдерінің мағыналық қарым-қатынасына қарай салалас құрмалас сөйлем алты түрге бөлінеді: 1) ыңғайлас салалас, 2) себеп-салдар салалас; 3) қарсылықты салалас, 4) кезектес салалас, 5) түсіндірмелі салалас; 6) талғаулы салалас.

Ыңғайлас құрмалас сөйлемдерінің аударылуы. Мағыналық жақтан тығыз байланыста болатын, құрмаластық жақтан бірін-бірі қамтымайтын екі немесе онан артық сөйлемшелерден құралған тілдік, бірлік құрмалас сөйлем деп аталады. Қытай тіліндегі құрмалас сөйлемдерді қалыптастыратын жай сөйлемдердің (сөйлемшелердің) арасындағы қатынас сөздердің рет-тіртібі

g uān lián cí

немесе жалғаулықтар(,关 ,联 ,词 guan lian cí) арқылы бейнеленеді.

Мұнда құрмалас сөйлемдердің жалғаулықтары біршама жүйелі болып, жай сөйлемдерді байланыстырумен бірге, сол байланыстың сипатын да білдіреді. Сондықтан, бұл сөйлемшелерді ара сематикалық байланыс пен құрлымдық байланыстың белгісі есептеледі. Құрмалас сөйлемдерді аудару жұмысында жай сөйлемдердің рет-тәртібі мен жалғаулықтар ерекше маңызды рөл атқарады. Қытай тіліндегі құрмалас сөйлемдер құрамындағы тармақ сөйлемдердің грамматикалық байланысы мен жалғаулықтардың сипатына қарай, саллас

lián hé fù jù

piān

құрмалас сөйлем (,联 ,合 ,复 ,句) және сабақтас құрмалас сөйлем(,偏 zhèng fù jù

,正 ,复 ,句) болып екі түрге бөлінеді. Саллас құрмалас сөйлем ыңғайлас

сатылы, талғаулықты, ұласпалы, түсіндірмелі құрмалас сөйлемдерді қамтиды, мұнда сөйлем мүшелер мағыналық жақтан бірін-бірі түсіндірмей, айқындамай, теңдес келеді де, басыңқылық, бағыныңқылық қатынаста болмайды. Ал, сабақтас құрмалас сөйлем қарсылықы, болжамдылық, шартты себеп-салдары, мақсатты құрмалас сөйлемдерді өз ішіне алады. Мұнда сөйлемшілер басыңқылық, бағыныңқылық қатынаста, яғни меңгеру-меңгерілу байланыста болады. Саллас құрмалас сөйлемдер мен сабақтас құрмалас

сөйлемдер күрделесе-араласа келе көп қабатты құрмалас сөйлемді(多层复句, 多层次复句)

және сөйлем шоғырын(复句群) құрайды. Қытай, қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер түрі жағынан көп жағдайда ұқсап кетеді. Алайда, сөйлемшілер ара қатынас қытай тіліндегі сияқты жалғаулықтың түріне қарай емес, қайта баяндауыштың морфологиялық өзгерісіне сай айқындалады. Сондықтан қытай тіліндегі құрмалас сөйлемді қазақ тіліне аударғанда мағынасын да, формасын да, сақтауға күш салу, аударма тілінің бейнелеу жағындағы ерекшеліктерін де ескеру керек. Құрмалас сөйлемдерді аудару барысында, сөйлемшілер арасындағы қатынастың тығыз болмауы, жалғаулықтардың түсіп қалуы, қате қолдануы, сәкесімдік таппауы және орның ауысып кетуі сияқты ағаттықтар кейде оңай туындайды. Бұл құрмалас сөйлем аудармасында айрықша көңіл бөлуге тиісті түйіндердің бірі саналады. Сол себепті, құрмалас сөйлемді аудару практикасында кездескен мәселелерді мазмұн мен форманың бірлігі принциптік бойынша үйлесімді шешу керек.

Бірнеше істі немесе бір істің бірнеше жағынан бірнеше сөйлем арқылы теңдес қатынаста жеке-жеке баяндайтын, түсіндіретін яғни сүреттейтін сөйлем түрі ыңғайлас құрмалас сөйлем деп аталады. Қытай тіліндегі ыңғайлас құрмалас сөйлем қатарлас ыңғайлас және салыстырмалы ыңғайлас сынды екі түрге бөлінеді. Демек, мұның біріншісінде өзара байланысты бірнеше істің немесе бірнеше тараптың қатар тұратындығын білдіреді, ал, екіншісінде екі түрлі жағдайдың немесе екі түрлі істің салыстырмалы яғни қара-қарсы екенін меңзейді [7, 70].

Сабақтас құрмалас сөйлемдерінің аударылуы. Құрамындағы жай сөйлемдерінің алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі сабақтас құрмалас деп аталады. Мысалы: Тапсырманы тиянақтап алғысы келгенмен, қайта сұрауға батылы бармады. Бұл құрмалас сөйлемнің бірінші жай сөйлемін өз алдына бөлек айтуға келмейді, себебі ой тиянақты емес, ойды тиянақтап, аяқтап тұрған екінші жай сөйлем. Құрмаластың құрамындағы бірінші жай сөйлем екінші жай сөйлемге бағына байланысып тұр. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы тиянақсыз жай сөйлем бағыныңқы сөйлем, ал өз алдына дербес айтыла беретін, ойды тиянақтап тұратын екінші жай сөйлем басыңқы сөйлем деп аталады. Сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының баяндауышының жасалу жолдары төмендегідей:

А. Бағыныңқының баяндауышы көсемше тұлғалы етістіктен болады. Мысалы: Аудан орталығына қоныс аударғалы, тұрмыстары недәуір түзеліп қалып еді.

В. Бағыныңқының баяндауышы шартты райлы етістік болады. Мысалы: Біреуге жақсылық жасасаң, ол ешқашан жерде қалмайды.

С. Бағыныңқының баяндауышы -ша/ше, -дай/дей жұрнақтары мен жатыс, көмектес септікті есімшеден және -дықтан/діктен қосымшалы есімшеден болады. Мысалы: Жолаушылардың қарасы үзілгенше, қорықшы жота басында қарап тұрды. Баласынын келген бір жапырақ қағаз көңілге демеу болғандай, ана жұмысқа құлшына кірісті. Күн райы бұзылып тұрғандықтан, жас төлдерді өріске шығармады. Таң құланиектеніп атабергенде, ауыл үстін айқай-шу басып кетті. Жұмысшылар ертежиналғанымен, жұмыс бірден басталып кетпеді.

Д. Есімшеден кейін сайын, соң, бері, шейін, бұрын шылаулары және кезде, шақта, уақытта деген көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: Қыстаудан жайлауға көшкен соң, ауыл-ауыл бір-бірін ерулікке шақырыса бастайды. Отырғандар қопарыла сыртқашыққан кезде, Қуаныш пен Анар да жеке серуендеуге беттеді.

Сатылы құрмалас сөйлемнің аудармасы. Соңғы жай сөйлемде алдыңғы жай сөйлемде айтылған ойды онан ары тереңдей баяндайтын құрмалас сөйлем салтылы құрмалас сөйлем деп аталады. Сатылы құрмалас сөйлемде бірер істің, қимылдың немесе нәрсенің көлемі кішкенедең ұлғаяды, саны аздан көбейеді, сапасы төменнен жоғарлайды, деңгейі таяздан тереңдейді, дәредесі оңайдан қиындайды, салмағы жеңілден ауырлайды, уақыты қысқадан ұзарады, т.б. Мұнда сөйлемдердің рет-тәртібі тұрақты болатындықтан, қытай тілінде олардың орнын беталды ауыстыруға келмейді. Сатылы құрмалас сөйлемшелер ара қатынас жалғаулықтар арқылы бейнеленеді. Қытай тілінде сатылы құрмалас сөйлем жай сатылы құрмалас және көрнектілендіруші сатылы құрмалас деп бөлінеді. Мұның біріншісінде екі сөйлемше де болымдылықты білдіреді, ал, екіншісінде алдыңғы сөйлемше болымсыздықты білдіріп, соңғы сөйлемшені айшықтап - әрлендіре түседі, сонымен соңғы сөйлем мағыналық жақтан тіпті де ілгерлейді, жоғарлайды, және тереңдейді [5,230].

Аралас құрмалас сөйлемдерінің аударылуы. Қазақ тілінде аралас құрмалас сөйлем — құрмалас сөйлемнің бір түрі. Кемі үш жай сөйлемнен құралады. Олар өзара синтаксистік байланыстың ерекше түрі — аралас байланыс арқылы құрмаласқан. Мысалы: Жалма-жан от жағылып еді, үй еңсесі көтеріліп, туырлықтың оюлары көзге шалынды (Ғ. Мүсірепов). Бұл — тиянақты-тиянақсыз-тиянақты тұлғалы аралас құрмалас сөйлем. Аралас құрмалас сөйлем енді бірде тиянақсыз-тиянақты-тиянақты тұлғалы болып келіп, әр сыңарының өзіндік басыңқы сыңары болады. Мұнда алғашқы тиянақсыз тұлғалы сыңар өзінен кейінгі сыңардың бағыныңқысы сипатында жұмсалады, ал екінші сыңар тиянақты тұлғалы бола тұра, келесі сыңардың бағыныңқы бөлігі болып табылады. Үшінші сыңар ортаңғы сыңарға басыңқы сипатта тұрса да, бірінші сыңармен мағыналық байланысқа түспейді. мысалы: Көк қалың болғанмен, жерде әлі сыз бар, қар суын бойына тартып, дегди

қоймаған-ды (Ә.Нұрпейісов). Аралас құрмалас сөйлемнің айтылу ырғағы да кең. Онда салаласқа тән тиянақты, сабақтасқа тән тиянақсыз ұласпалы ырғақ орын ауысып, бірде тиянақты-тиянақсыз, бірде тиянақсыз-тиянақты түрде келеді. Аралас құрмалас сөйлемнің мағыналық топтастырылуында өзгешелік бар. Бірінші топ қатарын бірыңғай қатынастағы түрлер құрады да, екінші топ қатарын әрыңғай қатынастағы түрлер түзеді. Ал бұл екеуінің мағыналық жігін танытуда бір-бірінен өзгешелік жоқ, қойылған талап бір. Оның үстіне мағыналық қатынастардың белгіленуі жеке сыңарлардың тұлғалануына тәуелді емес. Ең алдымен алғашқы екі сыңар аралығындағы, соңынан соңғы екі сыңар аралығындағы мағыналық қатынас айқындалады. Осы мағыналық қатынастардың сәйкес келіп, бір атаумен аталуы оның бірыңғай қатынастағы сөйлем екенін көрсетеді. Оның ыңғайлас мәнді, себеп мәнді, шарт мәнді, салыстырма мәнді, түсіндірме мәнді, мезгіл мәнді түрлері бар. Ал сөйлемдегі алғашқы екі сыңар аралығындағы және соңғы екі сыңар аралығындағы мағыналық қатынастар екі түрлі болған жағдайда әрыңғай қатынастағы Аралас құрмалас сөйлем болып қосақталған түрде белгіленеді [9, 35].

Ұласпалы құрмалас сөйлемдердің аударылуы. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жәй сөйлемдер жалғасты жүргізіліп жатқан өзара байланысты істі немесе қимылды рет-тәртібі бойынша баяндайтын құрмалас сөйлемдер ұласпалы құрмалас сөйлем деп аталады. ұласпалы құрмалас сөйлемнің басты ерекшелігі: жәй сөйлемдердің орнын ауыстыра беруге болмайды, ергер реті ауыстырылатын болса, олардың арасындағы мағыналық байланыс былығып кетеді де, аударған кезде жаңсақтық туылады.

Аударма тарихына қатысты қолда бар (кітапханаларда деп түсініңіз) әдебиеттердің ұсынар мүмкіншілігіне сай, ежелгі өркениеттердің кейбіреулеріне ғана тоқталып отырмыз.

Қытай тіліндегі құрмалас сөйлемдердің қазақ тіліне аударылуындағы әдістерді тереңінен зерттеліп қазақша аудармашылыққа жаңалық енгізілді.

Қытай аудармасының пайда болу алғышарттарын, қытай қоғамындағы қажеттілік деңгейін, оның қытай қоғамының дамуына жеткізген әсерін зерделеу;

Қытай тілінің құрмалас сөйлемдерінің қазақ тіліне аударма жасау ережелерін және қолдануға болатын амалдарды сипатталды; және аудару барысында пайда болатын мәселелерді талқы жасалынды, қазақ тіліндегі аударсына ең ұтымды тәсілдерді қолданылды. Қазақша аударманы дамыту үшін, құрмалас сөлемдердің аударма жасауды үйретуге болатынын дәлелденді.

Қытай аудармасындағы құрмалас сөйлемдердегі қытай-қазақша, қазақ-қытайша аударма мәселелердің алдын ала, олардың аударма кезінде болған қиындықтарын ортаға қойып зерттелді. Мақаланың теориялық негізін Қытай тіліндегі құрмалас сөйлемдердің аударылу туралы зерттеулері құрайды. Мақаланы жазу барысында қытай аудармашылығының даму мен аудармашылар аударма мәселелерін қалай әдіс-тәсілдер қолданылды, тура мағыналы аударма мен еркін аударма пайда болуы, және құрмалас сөйлемдерді қазақша аудармаларын талдау жасап, саралап, жинақтап әдістерін қолдана

отырып қытай тілінің құрмалас сөйлемдерінің қазақ тіліне аударылу ғылыми жолдарын айқындадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Китайский язык для выезжающих в КНР: Прохождение паспортного и таможенного контроля; Прибытие в Китай; В городе и др.: учебное пособие /сост. Омельченко О. А. – М.: Восток – Запад, 2004. – 252 с.
2. Суханов, В.Ф. Новый китайско-русский тематический словарь. 3000 наиболее употребительных слов /В.Ф.Суханов. – М.: Ось-89,2008. – 320 с.
3. Кун, О.Н. Китайский язык за один месяц. Самоучитель разговорного языка /О.Н.Кун. – М.: Восток – Запад, 2007. – 316 с.
4. Благой, Д.Д. Новый русско-китайский разговорник для туристов и деловых людей /Д.Д.Благой. – 5-е изд. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. – 526 с.
5. Кочергин, И.В. Сборник тренировочных упражнений, контрольных заданий и тестов по базовому курсу китайского языка /И.В.Кочергин, Хуан Лилян. - М.: АСТ: Восток-Запад, 2007 — 252 с.
6. Тун, П.Ч. Китайский за три месяца /П.Ч.Тун, Х.Д.Р.Бейкер; перс англ. В.И.Семенова, О.Н.Семенов. – М.: Астрель АСТ, 2006. – 317 с.
7. Омельченко, О.А. Изучаем грамматику китайского языка. Восточная книга / О.А.Омельченко. – М.: Грааль, 2007. – 320 с.
8. Чжан Яцзунь 汉语三百句 300 фраз для повседневного общения /Чжан Яцзунь, Мао Чендун . - Пекин: Sinolingua; М: АСТ: Восток — Запад, 2007. —155 с.
9. Ма Джиен Фей 汉语教程 Учебник китайского языка /Ма Джиен Фей. – Китай: Пекинский университет культуры и языка, 2007. – 319 с.

Сабилова Н. Ж.ст.препод. магистр.,
Актюбинский университет имени С.Байшева

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА СЛОЖНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ С КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы перевода сложных предложений с китайского на казахский язык. Перевод сложных предложений с китайского на казахский язык включает в себя виды сложных предложений: сложносочинённое предложение, сложноподчинённое предложение, сложное предложение с разными видами связи.

Ключевые слова: *простое предложение, сложное предложение, структура предложений.*

Sabirova Nagima Zhambulovna
Master of Arts, teacher
Aktobe University named after S.Baishev

PROBLEMS OF TRANSLATION OF COMPLEX SENTENCES FROM CHINESE INTO KAZAKH

Annotation

The article deals with the translation of Chinese compound sentence into Kazakh language and the method of compound sentence translation. According to translating process there are discussed some problems of translation and are used the most effective ways of translation.

Keywords: *simple sentence, complex sentence, structure of sentences.*

УДК 81

Сабилова Н.Ж., ст.преподаватель,. магистр ,
Актюбинского университета имени С.Баишева,

ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫП ҮЙРЕНУ КЕҢЕСТЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Түйіндеме

Мақалада қытай тілін оқыту әдістерінің принциптері қарастырылады. Шет ел мәдениеті аспектілерін өзара байланыстыра оқыту принципі - оның тәлімдік, танымдық, тәрбиелік және даму аспектілерінің өзара байланынысы мен бірлігінің көрінісі.

Кілт сөздер: *Қытай тілі иероглифтері, қарым- қатынас, диалект, принцип, мәдениет.*

Коммуникативті әдіс құрылымына оқушыны тәрбиелеуге бағытталған танымдық, дамыту және оқыту аспектілері кіреді. «Коммуникативті» ұғымының мазмұнын, сондай-ақ оқыту жүйесінің көпқырлылығын ескере отырып, коммуникативті әдістің мынадай методикалық принциптерін тұжырымдауға болады:

Қарым-қатынас - материалдық және рухани мәдениеттен нақты тәжірибелер мен іс-әрекет алмастырылып тұратын әлеуметтік процесс. Қарым-қатынас барысында азаматтардың эмоциональды және рационалды әрекеттестігі мен бір-біріне жасаған ықпалы іске асады.

Осылайша, қарым-қатынас коммуникативті оқыту әдісіндегі тәрбиелеу, таным-түсінігін қалыптастыру, дамыту және оқыту функциясын атқарады.

Шет тілімен қарым-қатынас жасауға оқыту процесі - негізгі параметрлер бойынша нақты қарым-қатынас жасау процесінің моделі: дәлелдеу, мақсаттылық, қарым-қатынас процесінің мәлімделуі, жаңашылдық, ситуациялық, функциональдық, қарым-қатынас жасаушылардың өзара әрекеттестік сипаттамасы мен сөйлеу құралдарының жүйесі.

Шет ел мәдениеті аспектілерін өзара байланыстыра оқыту принципі - оның тәлімдік, танымдық, тәрбиелік және даму аспектілерінің өзара байланысы мен бірлігінің көрінісі. Осы аталған аспектілердің бәрінің де құндылығы бірдей.

Оқу процесіндегі кез келген жаттығу мен кез келген жұмыс түріне шетел мәдениетінің төрт аспектісі іріктіріледі.

Бұл принципке аралық аспектілік және ішкі аспектілік өзара қарым-қатынас қатысты. Мәселен: оқу процесіндегі ішкі сөйлеу әрекетінің төрт түрінің (оқу, айту, аудиокұрылғы және жазу) өзара шарттастығы мен өзара байланысы ұйғарылады.

Шет тілдері мәдениеті аспектілерінің мазмұнын модельдеу принципі. Елтану мен лингвистикалық білім көлемін бір ғана мектеп курсы шеңберінде игеру мүмкін емес. Сондықтан танымдық нысан мазмұнының моделін құру қажет. Мұнда қаралатын елдің мәдениеті мен тілдік жүйесі жеткілікті көрініс алатын болуы шарт. Сол үшін оқытуда танымдық талап-тілектерді ескерген орынды. Кванттық және программалық база негізіндегі оқу үрдісін басқару пиринципі. Кез келген оқыту жүйесіндегі оқу үрдісінің барлық компоненттері (мақсаты, оқу құралдары, материалдары т.б.) квантталуға тиіс. Кванттаусыз мақсат орынсыз, материал нәтижесіз, шарт оңтайлы бол алмайды, сондай-ақ қажетті оқу құралдары да сәйкес келмеуі мүмкін. Оқытуды басқару мен оның тиімділігін бақыламайынша оқу жүйесін оңтайлы ету мүмкін емес. Қазіргі уақытта көптеген адамдар қытай тілін оқып үйренуге қызығушылық танытып, қытай тілін үйренуге шешім қабылдайды. Бұл шешімге әркімнің өз жолы бар, әркім сұрақ қояды, қытай тілін оқып үйренуде неден бастау керек? Біз бұл мақалада негізгі ақыл- кеңестер мен ұсыныстарды жинауға тырыстық. Көптеген бастамаларыңызға ең бастысы- табандылық және шыдамдылық керек. Бәлкім, бұл қытай үшін кез- келген басқа тілге арналған ретінде шынайы болып табылады. Тіл қиын деп айтады, айтатын ештеңе жоқ. Бірақ, қытайдың нақыл сөзі бойынша- кім қалайды, сол қол жеткізеді. Сондықтан, басынан бастап бар күшін салу қажет.

Ең бастысы қытай тілі неден құралады соны түсіну керек. Қытайдың әр жерінде өз диалектілері бар. Әркім өзінің диалектісін қолданса, олар бірін- бірі түсінбейді. Егер олар парак алып, соған өз сөздерін жазса, сонда түсінісушілік орын алады.

Қытайлық иероглифтік жазу- диалект сөздерге ортақ. Себебі, олар әрбір жекеленген тілдерге бөлінбейді. Бүкіл ел ішінде әмбебап байланыс орнату үшін, Ресей мемлекеттік тілде ең көп таралған диалектісі негізінде путунхуа әзірленіп отыр. Бұл сол қытай тілі, яғни біз шетелдіктер оқып жүрген. Әрине,

сіз көптеген қытайлық диалектілерді мақсатты оқуыңызға болады. Бірақ, бұл кейбір зерттеулер сияқты нақты байланыста болуы қажет. Мысалы: ғылыми, немесе сіз көп күш жұмсайсыз. Бұнда сізді тек сол диалекті қайдан шыққан сол бөлігі ғана түсінеді. Ал путунхуа бұл қытайда кез- келген жерде сөйлейтін қытай тілі, әмбебап нұсқасы. Қытай тілінің дыбыс жүйесі.

Қытай тілін оқу дыбыстық жүйесінен басталуы керек. Қытай тілінің дыбыстық құрылымы біздің тілдік отбасы құрылымнан мүлдем өзгеше болып табылады (орыс, ағылшын, неміс, испан тілдері т.б). Қытай тілінде әріптер түсінігі жоқ. Ең төменгі дыбыс бірлігі - буын, бірнеше айқын дыбыстардан құралады. Буынды жазуға таңба сипаты сәйкес келеді. Қытай тілінде буындардың саны шексіз, ал путунхуада 414. Әрбір буын латын жазуын қамтиды, пиньинь деп аталатын. Ең алдымен сізге буындарды үйрену керек, сонымен бірге олардың әрқайсысының айтылуын есте сақтау керек. Біз сіздерге буынның екі нұсқалы кестесін дайындадық. Бірінші нұсқада орыс оқуы Палладия нормативтік транскрипциясы жүйесіне сәйкес көрсетілген. Бұл жүйе ресми орыс тілді құжаттарда орыс әріптерімен қытай сөздерін (қытай қалаларының атауы, тегі т.б) жазуда міндетті болып табылады. Бірақ, бұл жүйе кейбір қытай дыбыстарды дұрыс емес береді. Сондықтан, біз екінші нұсқаны құрдық. Бұнда Ресей оқуы қытайша айтылу сәйкестігі тұрғысынан берілген. Бірақ бұл Палладия нормативтік транскрипциясы жүйесіне сәйкес емес. Ең бірінші оқу барысында екінші нұсқаны қолдануды ұсынамыз. Сонымен қатар, тәжірибелі мұғалімнен немесе тілді тасымалдаушы адамнан дұрыс айтылуын білу. Сондай-ақ, оқулықтан жазба тыңдауыңызға, қытайша айтылуы бойынша бірнеше кеңестер алуыңызға болады. Сосын дұрыс айтуға үйрену кезінде Палладия жүйесін оқу қажет болады. Бұл неге қажет, егер онда қытайша айтылуы сәйкес келмесе? Содан кейін қытай есімдерін орыс тілінде дұрыс жазу. Мүмкін сіз аудармашы боларсыз, ал аударма ісінде ауытқушылықтар қолайсыз болып табылады, және интернетте форумдарда хабарламалар қалдыруда да дұрыс жасау керек. Мысалы: Гуанчжоу деп қабылданған жағдайда Гуанджоу деп жазбау керек. Алғашқы қарағанда айырмашылық шамалы, бірақ тәжірибелі қытайлықтар осындай қателіктерді бірден көзге алады. Одан әрі, қытай тілінде үн тұжырымдамасын білу керек. Үн- буынның айтылу ерекшелігі, біз бұл буынды қалай айтамыз, жоғары немесе төменгі дауыс ырғағы арқылы. Путунхуада 4 үн қолданылады. Бірінші үн жоғары, тегіс және созылмалы. Екінші үн төменнен жоғары. Үшінші үн бірінші төмен, сосын жоғары. Төртінші үн жоғарыдан төменге дейін, кенеттен тырыспалы. Буын сияқты үнді дұрыс жадта сақтау үшін мұғалімді немесе тасымалдаушыны мұқият тыңдау, болмаса жазба тыңдау қажет. Әрбір 414 буын түрлі үнде айқын болады. Кейбір фонетика тілі ауқымын кеңейтеді.

Кілттер мен таңбалар қытай тілінің негізгі бірлігі болып табылады. Әрбір таңба біздің әріптен айырмашылығы оның өз мағынасы бар

(иероглиф [nǐ 你] -ты, иероглиф[hǎo 好] –хорошо, иероглиф [ài 爱]- любовь). Сөздердің басым көпшілігі қытай тілінде бір немесе бірнеше таңбадан тұрады.

Сондай-ақ сөздер үш немесе одан да көп таңбадан тұрады. Бұл негізінен күрделі терминдер немесе шетелдік тиісті атаулар. Қытай тілінде таңбалардың саны нақты емес, сандар 40 мың, 50 мың және т.б. Бірақ, ең көп таралғаны шамамен 3-4 мың. Бұларды біле тұра сіз қытайдың ресми мәтіндерін , баспасөздерді оңай түсінетін боласыз. Әрбір таңба мүмкіндіктер мен кілттердің жиынтығы. Әрбір кілт өз мағынасына ие, және ол қарапайым сипаттағы бір түрі болып табылады. Сізге қытай тіліндегі барлық кілттерді үйрену керек. Ол үшін барлық кілттің жазылуы мен мағынасын есте ұстаған жөн.

Сонымен бірге, қытай тіліндегі кітаптарды қараңыз. Олар қазірде аз емес. Мысалы: А.Ф Кондрашевский « Практический курс китайского языка» , Х.Шуин Т.П Задоев « Начальный курс китайского языка» және т.б. Кітаптарда жаңа материалдар бөліктер мен құрылымдық болып беріледі. Сонымен қатар, міндетті түрде ілеспе оқулықтағы аудио жазбаны тыңдаңыз. Егер сіз үнемі Қытайда және тілдік ортада болмасаңыз ең басынан дұрыс фонетикаға үйренісу керек. Ең басында қытай тілі курсына жазылу керек. Олар қазірде көптеген, мысалы: шығыс тілдері университеттері және жеке мекемелерде қосымша білім беру. Басында мұқият оқыту бағдарламасын біліп алыңыз, ең бастысы бұнда білікті мамандар білім беріп, тәжірибелік тілдік практика Қытайда болуы керек. Оқу процесін одан әрі таңдаулы оқулықтармен не курс бағдарламасымен өз бетіңізше жалғастырыңыз.

Егер сіз қарапайым деңгейді алсаңыз , сізге орыс тілін үйренуші қытайлық әріптес табу оңайға соғады. Бұл жағдай туралы қазірдің өзінде қараңыз. Мүмкін жақын арада институтта немесе қытайлықтардың алмасып оқуы не интернет желісінде болуы мүмкін. Оқулықтар және тірі қарым- қатынас әрдайым оқыту тиімділігін арттырады.

Сонымен, жоғарыда айтылған ақпаратты қорытындылай келе, қытай тілін үйрену үшін қажет:

1. Шыдамдылық пен табандылық көр нәрсе ұтады;
2. Қытай тіліндегі буындармен танысу, Палладия кестесін үйрену. Бұны білікті мамандармен немесе тіл тасымалдаушымен үйрену;
3. Қытай тіліндегі 4 үнмен танысу;
4. Қытай тіліндегі кілттерді үйрену, жазылуы мен мағынасын есте сақтау;
5. Қытай тіліндегі оқулықты таңдау, ең бастысы – қытай тілі курсына жазылу;
6. Қытайлық әріптес тауып, тұрақты байланыс орнату, міндетті емес бірақ, өте маңызды.

Өткізетін түрлі іс шаралар үшін қытай тілі байланысу құралы ретінде қытай тілінде мамандарды даярлау біздің елімізде Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым –қатынастың даму тұрғысынан қазіргі уақытта өте өзекті болып табылады. Алайда, қытай тілін оқытудың әдістері мәселесі салыстырмалы жаңа және аз екені белгілі. Осы саладағы іргелі жұмыстар және басқа да зерттеулер ғалымдары мен оқытушылары, қытайтанушылар мен практиктердің арасында белгілі бір алшақтыққа байланысты есептеледі. Нәтижесінде, осы саладағы ең үздік ұлттық дәстүрлер практикалық оқытудың озық тәжірибесін ғылым

ретінде шет тілі оқыту әдістемесі қарқынды дамуы артта қалып, сабақтастығын тоқтатады. Көптеген Шығыс елдеріндегі жоғарғы оқу орындарында студенттердің тілдік дағдыларын дамытудың орнына, тек тіл тіралы түсінік қалаптастырады. Қазіргі уақытта Қазақстанның қытай тілі мен мәдениетіне қызығушылығының артуына байланысты сол тілді оқытушыларының шет тілі тәсілдерін зерделеуде ынталары артты. Қытай тілінде жұмыс істейтін жас зерттеушілер осы саладағы жеткіліксіз ғылыми негіз әсерінен көп қиындыққа ұшырайды. Осы құжаттың мазмұны шет тілі ретінде оқу әдістемелік қытай әдістерінен зерттеу қараудың нәтижесі болып табылады. Бұл мақала шетелдік тілдің оқу әдістемесі ретінде қытай мәселелері әзірлеу дәрежесін осы салада жұмыс істейтін зерттеушілерге бағытталған. Біз бұл зерттеушілердің белгілі бір перспективалық паралель бағытта жұмыс істейтін авторларының еңбектерімен танысуға қарастыруға көмектеседі. Біз бұл жаңа бастаған қытайтанушыларға қытай тілін одан әрі дамыту үшін нашар зерттелген қырын таңдауға көмектеседі деп үміттенеміз. Қазіргі уақытта шет тілі іргелі жұмыс ретінде қытай тілін оқыту әдістемесі саласындағы жұмыстар көп жоқ. Бұл жұмыстардың арасында Н.А. Деминаның қытай тілін практикалық оқыту әдістемесін айтуға болады. Ол жұмыста методологиялық принциптері, қытай тілін оқыту жолдарын тұжырымдап оларға қол жеткізуге білдіреді. Автор қытай тілін оқытудағы жас оқытушылардың ортақ қателіктерін көрсетеді. И.В.Кочергин қытай тілін үйренуші негізгі теориялық және методологиялық мәселелерді тұжырымдап оларды шешу жолдарын белгіледі. Жұмыстардың үлкен саны Шығыс Сібір мен Қиыр Шығыстағы зерттеушілерге тиесілі себебі олар Қытаймен неғұрлым озық деңгейде. Иркутск мемлекеттік университетінде Чэнь Шуан фразеологизмдердің ең көп тараған түрі-чэньюй түсіндірумен айналысады. Ол оқу студенттеріне арналған фразеологизмдері сөзінде білім мен дағдылары үшін сондай ақ фразеологизмдердің пайдалану жөніндегі жаттығулар ұсынылған олардың ұғымын көрсетті принциптерін әзірледі. Бұл жүйенің тиімділігі 4 курс студенттерімен өз жұмыстарының барысында расталды. Қиыр Шығыстағы қытай оқытушылары жоғары мектеп, орташа мектеп, тіпті бастауыш мектепте орайластырылған. Қытай тілі бастауыш мектепте оқытудың интерактивтілігін ескере отырып, бастауыш сынып мұғалімі О.В.Савчук балаларға білім беру саласындағы түрлі қорлардың маңыздылығын балаларға арналған қытай тілі әдістерін оқытудың міндетін сипаттайды. Айқындық принципі Фролова пікірі бойынша оның жоспарлы және жүйелі пайдалану ұлы істі құрайды Қытай тілін оқытуда көрнекі құралдарды қолдану қытай жазбаша дамуында маңызды роль атқарады. Соңында, қытай тілін түрлі аспектілерін зерттеумен Томск Политехникалық университетінің жас мұғалімдері айналысады. Мысалға Н.В.Королевич ерте сатысында оқу әдістемелік білімдер мен Қытай түсініксіз жазбаша дағдыларын айналысты. Бұл сондай ақ студенттің жазушылық шеберлігі оған ие болу керек деп санайды.

Е.С. Бабушкина қытай тілін негізгі тіл ретінде оқитын студенттер үшін ілеспе аударма дағдыларын зерттейді.

Қытай тілін үйренуге бір мезгілде түсіндіру мәні атай отырып ол түсіндіру дағдыларын дамыту және нығайту үшін нақты жаттығулар жүйесін ойластырды. Ол сондай ақ индикативтік негізі фонетикалық дыбыстық рәсімдеу сөз тіркестерін құрылды.

Қазір Шығыс Сібір мен Қиыр Шығыста Қытай тілін оқыту белсенді дамып келеді бірақ тек жергілікті деңгейде Қытайдың солтүстік өңірлерінің жақындығы және сауда экономикалық қарым қатынастырн дамуы қытай тілін білуді қажет етеді. Қытай тілін оқыту әдістемесі бастауыш класстардан бастап оқытылады, Батыс сібір мен Европа бөлігінде қытай тілін оқыту әдістемеснің сұрақтары қарастырылады. Қытай иероглифтерінің жазбаша және синхронды аудару біліктерін студенттерде қалыптастырады. Жоғарғы оқу орындарында қытай тілін оқыту әдістемесіне ерекше назар аударылады. Ал мектептерде жеткілікті дамымаған. Кейбір мәліметтер бойынша кейбір мектептер қытай тіл ретінде қарастырылады. Қазіргі уақытта біздің көзқарасымыз бойынша қытай тілін оқытудағы зерттеулерге сүйенсек сөйлеу жазбаша сауаттылықты дамыту керек. Жазбаша сауаттылықты иероглифтерді дұрыс жазу грамматикалық және стилистикалық сөйлем құру. Ауызша сойлеуде дыбыстарды дұрыс айту өз ойын сауатты жеткізе білу, студенттердің деңгейіне байланысты. Қытай тілін оқыту мәселесін мектептен бастау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Китайский язык для выезжающих в КНР: Прохождение паспортного и таможенного контроля; Прибытие в Китай; В городе и др.: учебное пособие /сост. Омельченко О. А. – М.: Восток – Запад, 2004. – 252 с.
2. Суханов, В.Ф. Новый китайско-русский тематический словарь. 3000 наиболее употребительных слов /В.Ф.Суханов. – М.: Ось-89,2008. – 320 с.
3. Кун, О.Н. Китайский язык за один месяц. Самоучитель разговорного языка /О.Н.Кун. – М.: Восток – Запад, 2007. – 316 с.
4. Благой, Д.Д. Новый русско-китайский разговорник для туристов и деловых людей /Д.Д.Благой. – 5-е изд. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. – 526 с.
5. Кочергин, И.В. Сборник тренировочных упражнений, контрольных заданий и тестов по базовому курсу китайского языка /И.В.Кочергин, Хуан Лилян. - М.: АСТ: Восток-Запад, 2007 — 252 с.
6. Тун, П.Ч. Китайский за три месяца /П.Ч.Тун, Х.Д.Р.Бейкер; перс англ. В.И.Семенова, О.Н.Семеновой. – М.: Астрель АСТ, 2006. – 317 с.
7. Омельченко, О.А. Изучаем грамматику китайского языка. Восточная книга / О.А.Омельченко. – М.: Грааль, 2007. – 320 с.
8. 8.Чжан Яцзунь 汉语三百句 300 фраз для повседневного общения /Чжан Яцзунь, Мао Чендун . - Пекин: Sinolingua; М: АСТ: Восток — Запад, 2007. —155 с.
9. Ма Джиен Фей 汉语教程 Учебник китайского языка /Ма Джиен Фей. – Китай: Пекинский университет культуры и языка, 2007. – 319 с.

Сабирова Н. Ж.ст.препод. магистр.,
Актюбинский университет имени С.Байшева

СОВЕТЫ И МЕТОДЫ В ОБУЧЕНИИ КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В статье рассматриваются принципы методов преподавания китайского языка. Принципы связей обучения с различными аспектами иностранной культуры означает единство и связи аспектов образований, самопознаний и воспитания.

Ключевые слова: *Иероглифы китайского языка, коммуникация, диалект, принцип, культура.*

Sabirova Nagima Zhambulovna
Master of Arts, teacher
Aktobe University named after S.Baishev

ADVICE AND METHODS OF TEACHING CHINESE LANGUAGE

Annotation

The article discusses the principle methods of teaching the Chinese language. connection principle of teaching with various aspects of a foreign culture - means unity and communication aspects of education, self-awareness and education.

Keywords: *Chinese Characters, communication, dialect principle culture.*

УДК 811.512.122

Саркенжеева Ш.А., магистрант
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті

ҚҰРАМЫНДА САН ЕСІМ, ЕСІМДІК, ЕЛІКТЕУ, ОДАҒАЙ, ШЫЛАУ МОДАЛЬ СӨЗДЕР КЕЗДЕСЕТІН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ГРАМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Аннотация

Қазақ тіліндегі номинативтік фразеологизмдер субстантив, адъектив, вербал және адвербиал фразеологизмдерге топтасып, әрбір сөз табына қатысты

фразеологизмдер өздеріне тән семантикалық, морфологиялық, синтаксистік, құрылымдарымен, категориялық қасиеттерімен сипатталады.

Кілт сөздер: *субстантив, адъектив, вербал және адвербиал*

Сан есім заттың сан мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы болса, құрамында **сан есімдер** бар фразеологизмдердің мағынасы сан мөлшермен, ретпен, шамамен тікелей сай келе бермейді, яғни тілімізде сөз табы бар деп кесіп айтуға болмайды. Мысалы: *алтау ала болса; алтыс екі тамыры босау; алтыс екі айлалы; алты арыс* т.б. фразеологизмдердің тұтас мағынасы сандық, мөлшерлік, заттың құбылыстың қанша екенін білдірмейді.

Сан есім өзінің мағынасымен қызметі жағынан сын есімге біршама жақын болғандықтан, я болмаса субстантивтеніп қолданылатындықтан, олар фразеологизмдердің құрамында нақты мөлшерді білдіруден гөрі, өте үлкен, шамадан тыс мөлшерлік мағыналарды жасауға қызмет етеді. Құрамында сан есім кездесетін фразеологизмдердің фразеологиялық мағынасының қалыптасуына сан есімдердің семантикалық жақтан өзгеріске түсуі негіз болған. Мысалы: *алты батпан азап, бес биенің сабасындай, екі езуі екі құлағында* сияқты фразеологизмдердегі «алты», «бес», «екі» сан есімдері өздері тіркескен сөздер айтатын заттардың бойына тән түрлі түрлі мөлшерлік сапалық сандық та қасиеттерді білдіріп тұрған жоқ, тұтас фразеологизмнің астарлы мәнге өтуіне ықпал ететіндей семантикалық өзгеріске түскен. Бұл фразеологизмдердегі мөлшерлік мағына ішкі экспрессивтік, туынды мәнде ұғынылады. Сол себепті «**бес тиынға тұрмайды**», «**екі дүние бір қадам**», «**алпыс екі тамыры босады**» т.б. сияқты құрамында сан есімдер кездесетін болып тұрады. Бұларды сан есімдерге жуықтастыратын белгісі – олардың бәршама мөлшерлік астарлы мағыналары ғана, олар тікелей зат я құбылыстың қанша екендігін білдірмейді.

Құрамында сан есім кездесетін фразеологизмдер өзінің номинативтік қызметіне және тұтас семантикасына қарай әр түрлі сөз таптарымен мағыналас болып келеді. Мысалы: *алты батпан азап, алты арыс* т.б. – *субстантив мағыналы*; *алтыс екі тамыры босау, бес тиынға тұрмау* т.б. – *етістік мағыналы*; *алтыс екі айлалы, бес биенің сабасындай* т.б. – *адъектив мағыналы* т.б.

Сан есімді фразеологизмдер әр түрлі сөз таптарымен мағыналас болып келетіндіктен, олар өздері қатысты сөз таптарының морфологиялық, синтаксистік көрсеткіштерін қабылдап, әр түрлі синтаксистік қызмет атқарады. Фразеологизмдердің бұл топтарының да өзгеріп түрленуі мен басқа сөздермен

синтаксистік байланыстары фразеологиялық норманың сақталу шегіне дейінгі өзгерістерді ғана қамтиды.

Сан есімдер кез келген сөзбен қарым қатынасқа түсе бермейтіндіктен, фразеологизмнің құрамындағы сан есім мен ол тіркескен сөздің арасына басқа сөзді қыстыруға, сан есімнің өзін өзгертіп- түрлендіруге болмайды.

Фразеологизм құрамындағы сан есімдермен тіркескен сөздер қабыса я жанаса байланыссада сан есімдерден кейін тұрады, орындарын өзгертіп қолдануға көнбейді. Фразеологизмнің құрамында сан есімдердің тікелей тіркесіп келетін сөздері- зат есімдер, зат есімнен жасалған сын есімдер, етістіктер, ал жинақтық сан есімдер субстантивтеніп қолданылатындықтан, бұл нормаға бағынбайды мысалы, *«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» т.б.*

Құрамында **есімдіктер** кездесетін фразеологизмдердің семантикалық және грамматикалық құрылымына ұқсас. Олар мағынасы жағынан әртүрлі сөз табының қатарына топтасады: *бұл дүние, бұл дүниелік адам, мен де біреудің атқан оғы* т.б. – субстантив фразеологизмдер; *қай жарасына жаратады, кім білгенге басты, біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді, біреудің отына жылынды, ешкімнің ала жібін аттамады* т.б. – вербал фразеологизмдер; анау – мынау емес т.б. — адъектив фразеологизмдер; әлде не уақытша т.б. – адвербиал фразеологизмдер.

Есімдікті фразеологизмдердің семантикалық жақтан өзгеріске түсіп ауысып мағынаға өтуіне құрамындағы есімдік сөздердің семантикалық дамуының әсері болғандығы байқалады. Мысалы, *« қай жарасына жаратады»* етістік фразеологизмінің тууында *«қай»* есімдігі *«көп кемшілікті, я жетіспеушілікті»* меңзеп тұрғандығын көреміз, бастапқы тура мағынадағы *«көп жара»* келе келе *« көп кемшілік , жоқтық, жетіспеушілік, тақыр кедейлік»* - ұғымын білдіру мағынасына өткен. *“Қай”* есімдігінің мағынасы *“жара”* сөзінің мағынасымен байланысында екі жақтан семантикалық даму, өзгеріс пайда болады. Бұл фразеологизмдердің морфологиялық жақтан әр түрлі фарадигмалық көрсеткіштерге ие болуы және синтаксистік қызмет атқаруы, олардың қай сөз табымен семантикалық жақтан арақатнастылығына, сөйлемде қандай сөздермен байланысқа түсуіне байланысты.

Құрамында **еліктеу сөздер** кездесетін фразеологизмдердің семантикалық және грамматикалық қерекшеліктері басқа номинативтік я коммуникативтік фразеологизмдердің тілдік табиғатынан алшақ кетеді. Фразеологизмдердің тілдік табиғатынан алшақ кетеді. Фразеологизмдердің құрамында еліктеу сөздер көбінесе тікелей етістіктермен тіркесіп келеді, соның ішінде *“ем”*, *“кел”*, *“бол”*, *“де”*, *“тус”* *“қыл”* с өздерімен тіркесу сипатында болады.

Еліктеу сөздер фразеологизмдердің құрамында да толық мағыналы дербес етістіктердің өздерінің тұлғаларына орайласатындарымен тіркесуі және семантикалық байланысы негізінде өзгеріске түсіп, фразеологизмнің тұтас мағынасын жасауға ат салысқан. Мысалы: *арс етті, беті шылп етпей, были еткізді; алау-далау болды, дел-сал болды, арса-арса болды, әлтек тәлтек болды, бұрқ-сарқ болды; алқын-жұлқын келді; апылөтапыл басты; артын жым жырт кылды; арсаң қақты; әш-пүш дегенше; беті ду ете түсті* т.б. етістік мағыналы. Олардың бір сыңары міндетті түрде етістік сөздер болып келеді.

Фразеологизмдер құрамында еліктеу сөздердің етістіктерден басқа сөздермен тіркесіп келуі кездеспейді, сондықтан құрамында еліктеу сөзі бар фразеологизмдер етістік мағыналы болып келеді, етістік фразеологизмдер сияқты өзгеріп- түрленеді және синтаксистік қызмет атқарады.

Жалпы еліктеу сөздердің еліктеушілік және бейнелеушілік сипаты, дыбыстық құрамында мағынаға әсер ететін сипат болатындықтан, оларды адма іс-әрекеттеріне, әр-түрлі құбылыстарға қатысты астарлы мәндері етістік сөздермен байланысында дамыған да, фразеологизмдердің астарлы түрде атау қызметіне өтуіне негіз болған.

Еліктеу сөздер фразеологизм құрамында негізінен етістіктермен тіркесіпкелетіндіктен еліктеу сөз бар фразеологизмдердің синтаксистік қызметі **баяндауыш** болып табылады. Мысалы: Қасқыр жеп кеткен ірі қараның сүйегі *арса-арсасы шығып*, ағарып жатыр екен. Фразеологизмнің құрамындағы еліктеу сөзбен тіркескен етістік әр түрлі формада келеді, ал фразеологизм басқа сөз таптарымен мағыналас болған жағдайда, оның синтаксистік табиғаты басқаша болады: *Әш – пүш дегенше жетіп келді де*, жұртты қамшының астына алды. Бұл жерде “*әш пүш дегенше*” үстеу мағыналы (лезде көзді ашып жұмғанша).

Құрамында **одағай сөздер** кездесетін фразеологизмдер көп емес: *ай-шай деспей, әу десті, әу дейтін жер, ойбай салды, аһ ұрды, шу дегеннен, ай түйге қарамай, айт-үйт жоқ, бәсе десеңші* т.б. одағайлар қатысқан фразеологизмдердің семантикасы одағайлардың етістіктен тіркесуі негізінде семантикалық бірлікке ие болған. Бұлардыңда морфологиялық және синтаксистік табиғаты, шектеулі болса да қздері мағыналас сөз таптарының категорияларына тән қасиеттермен ерекшеленеді. Өйткені, одағайлар қатысқан фразеологизмдер еліктеу сөз, шыылау сөз, сан есім, есімдік қатысқан фразеологизмдер сияқты, фразеологизм заңдарына бой ұсына бермейді, олар сан жағынанда аз және олардың көпшілігі фразеологизм мағынасынан жарық тұрады.

Фразеологизмдердің құрамына қатысқан **шылау сөздер** семантикалық жақтан өзгеріске түскен сөздерді байланыстырып қана тұрады: *азы мен тозы; ай мен күндей, әмбеге бірдей ақпен қызыл арасында; алып та жығады; асқан мен тасқан; бірде бие бірде түйе* т.б.

Модаль сөздер көбіне номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдерді контекстке енгізу қызметін атқарады да номинативтік те коммуникативтік те фразеологизмдердің құрамына қатыспайды. Мысалы «*Ер шекіспей бекіспейді*» деген, шекістім сен жеңдің деймін, - дейді ішінен Қоңырқұлжа, - міне қолым. Жалпы модаль сөздер номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдердің құрамында кездеспейді. Номинативтік фразеологизмдердің қайсы бір қасиеттерін еркін сөз тіркестерімен салыстырып қарастырудың нәтижелерін біраз фразеологтардың еңбектерінен кездестіруге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев, М. Қазақ тілінің мәдениеті / М.Балақаев, М. Сергалева Алматы: Мектеп, 1995. – 347 б.
2. Қалиев Ғ., Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы /Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев. - Алматы: Дәуір, 2003. – 276 б.
3. Шанский, Н.М. Фразеология современного русского языка /Н.М.Шанский. - СПб.: Специальная Литература, 1996. — 192 с.
4. Кеңесбаев, І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі /І.Кеңесбаев Алматы, 1977. – 294 б.
5. Сатенова, С. Қос тағанды фразеологиялық тіркестердің авторлық қолданысына қарай өзгеруі / С. Сатенова // Тіл тарихы және сөз табиғаты. - Алматы: Ғылым, 1997. - Б.198-203
6. Смағұлова, Г. Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары /Г.Смағұлова. - Алматы: Ғылым, 1997.- 312 б.

Саркенжеева Ш.А
Актюбинский университет имени С. Баишева

**ГРАММАТИЧЕСКИЕ И СЕМАНТИЧЕСКИЕ СТРОЕНИЕ
ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ КОТОРЫЕ В СОСТАВЕ ВСТРЕЧАЕТСЯ
ПРИЛАГАТЕЛЬНЫЕ, МЕСТОИМЕНЯ, МЕЖДУМЕТИЕ И
МОДАЛЬНЫЕ СЛОВА**

Резюме

Казахские номинативные фразеологизмы субстантив, адъектив, вербал и адвербиал группируются в фразеологизм относиться каждому частью слова. Фразеологизмы характеризуется категорическими свойствами и своеобразные семантическими, морфологическими и синтаксическими строением.

Ключевые слова: *субстантив, адъектив, вербал и адвербиал.*

*Sarkenzheeva Sh.A master of philological faculty
Aktobe University named after S.Baishev*

GRAMMATICAL AND SEMANTIC PHRASEOLOGY STRUCTURES WHICH IN COMPOUND ADJECTIVE, PRONOUNS, INTERJECTION AND MODAL WORDS.

Resume

Kazakh nominative phraseology substantive, additive, verbal and adverbial grouped in phraseology and related to each part of word. Phraseology characterized categorical properties and unique semantic, morphological and syntactic structures.

Key words: substantive, additive, verbal and adverbial

УДК 63

*Тлеуов С.Ж. а.ш.ғ.к., профессор
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

БӨГДЕ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАРДЫҢ АЗЫҚ – ТҮЛІККЕ ӨТУ ЖОЛДАРЫ

Түйендеме

Бұл мақалада бөгде химиялық заттардың азақ-түлікке өту жолдарының проблемалары қарастырылған.

Кілт сөздер: Химия, бөгде заттар, азық-түлік.

Азық – түліктердегі канцерогендік химиялық заттар (КХЗ) көздеріне, ең алдымен өнекәсіп орындарының, жылу электр станцияларының, көліктердің т.б қалдықтары жатады.

Бұл канцерогендер атмосферада, топырақта және су қоймаларында көшіп-қона жүріп, азық – түліктерге түсуі мүмкін. Қауіпті канцерогендердің ішінде полициклды аромат көмірсутектер (ПАК), нитрозоқосылыстар (НҚ), ауыр металлдардан: хром, кадмий, алюминий, никель, мұнай мен қара металлургия өнеркәсіптерінің шығатын канцерогендер. Осымен қатар, пестицидтер тағамдық және жем- шөп өсімдіктерін ластайтын канцерогендік химиялық заттардың (КХЗ) маңызды көздері болып табылалы. Қазіргі уақытта тағам шикізаттарын технологиялық өңдеу процесінде канцерогендік заттардың тағамға ену арта түсуде.

Зерттеу нәтижесінде, яғни ыстау түтінімен өңдеу кезінде ет пен балық өнімдерінде, құрамында отын жағу өнімдерінде, құрамында отын жағу өнімдері бар, ыстық ауамен кептіру кезінде өсімдік өнімдерінде, қуыру кезінде, майларды бірнеше мәрте қыздыруда ПАК (полициклды аромат көмірсутектері) пен НҚ (нитрозоқосылыстары) түзілу мүмкіндігі дәлелденді.

Нитраттар, нитреттер және құрамында азот кездесетін өзге қосылыстар қазіргі уақытта экологтар мен гигиенистердің назарын аударып отыр.

Себебі, зерттеу нәтижесінде азот тыңайтқыштарын көп мөлшерде қолдану, топырақта нитрат деңгейінің артуына әкеліп отыр, кейіннен олар тікелей азық-түлік және ауылшаруашылық жем-шөп дақылдарына көшіп отыр.

Сондықтан, нитраттардың тәуліктік мөлшерінің 80-90 % көкөністер мен көктердің есебін түседі. Нитраттардың көп жинақталуымен ерекшеліктерінде: салат (3600 мг\кг) т.б.

Табиғи еттердегі нитраттардың деңгейі көп емес 5-20 мг \кг, балықта оданда аз 2-15 мг\кг. Ал, шетелдік ет өнімдерінде нитраттар мен нитреттер жоғарғы құрамда кездеседі: сан еттерде 130-300 мг\кг, ветчинада 340-570 мг\кг, тартылған шұжық еттерінде 50-100мг\кг, сосискаларда 120-140 мг \кг жететіндігі дәлелденіп отыр.

Нитреттер қанға түскен соң , гемоглобинмен өзара әрекеттеседі. Қандағы оттегі сыйымдылығының азаю салдарынан гипоксияның клиникалық картасы дамиды.

Жедел улану ағзаға кемінде 200-300мг нитрит түскенде болады. Нитраттардың 1-4 грамға дейін ішке қабылданған жағдайларда жедел улану байқалады. Тамақпен улану едәуір таралған ауырулардың түрлеріне жатады.

Микробтардан келген тамақпен улану олар кейбір микроағзалармен немесе олардың токсиндерімен әкелініп, тамақ ішінде адамды жұқпалы түрде асқазанды ауыртады. Тамақ токсикоинфекциялар ағзаның қысқы мерзімде жұқпалы ауыруға шалдығуы. Осы жағдайда микроағзалардың көбиіп, көп мөлшерде микробтар мен токсиндері ішек- асқазан жолдарына түседі.

Кесте 1.

Азық- түліктен уланудың жіктелуі

Улану түрлері	Этиологиялық фактор
	1 . микробтық
Токсикоинфекциялар	Потенциалдық – патогендік микроағзалар, антропогендік т.б түрлері
Токсикоздар а) Бактериялық б) Микротоксикоздар	Botulinumшығаратын токсиндер, микроскопиялық саңырауқұлақтардың түрлерін шығаратын микротоксиндер.
	2. Микробсыздар
Өсімдің өнімдерімен	Амигдарині бар маттауық жемістердің дәндері бар өсіп кеткен картоп, фазині бар ішкі бұршақ
Жануарлардың шыққан өнімдерімен	Сигезатеротоксині бар балық: уылдырық шашу, кезіндегі балықтардың кейбір түрінің бауыры, уылдырығы және ұлық бездері, аралардың улы өсімдіктерін тәтті шырығы жинағында араның балы.

Гинетикалық модификацияланған организмдер (ГМО) бұлардың гендік кодына бөтен гендер «жабыстырылған» ағзалар болып табылады.

Мысалы: картоп генінің қатарына сарышаян генін қосу нәтижесінде біз ешқандай жәндік жемейтін картоп аламыз.

Немесе, күнделікті пайдаланып жүрген томатты алсақ, оған солтүстік камбаланың генін қосқан. Енді ол аязға төзімді, үсімиді т.б. Осындай азықтардан пайда болатын зияндар.

1) Өте қауіпті аллергиялық реакциялардың пайда болуы.

2) Трансгенді өнімдерді пайдалану асқазанның сілемейлі қабатының құрлымын бұзады.

3) Ісік ауыруларының көбейуіне себеп болады. Жасушаларды мутацияға ұшыратады.

Қазіргі кезде азық – түлік экологиясының адамағзасына әсер мынандай,егерде құс балапандарын екі ай ішінде тез оңалтып, салмақ құру үшін жемге түрлі дәмдер мен антибиотиктерді қосса адам ағзасына зиян әсері өте көп.

Кесте 2

Сауалнама нәтижесі

Тамақтардың атауы	Тамақтар туғызатын ауырулар
Ролтон	Бауыр ауырулары54% Семіру 14%

	Гастрит 12% Миға кері әсерін береді 12% Нейтрал 10%
Фаст- фуд тағамдары	Семіру 85% Нейтрал 10% Тағамға қатты үйрену 5 %
Тетрапактағы сүт	Антибиотиктер бауырға әсері 58% Әсер етпейді, пайдасыда жоқ 24% Тыныс мүшелерінің ауыруы 10% Ішек ауырулары 8 %
Гендық модификацияланған тамақ	Гендық мутациялар 46 % Тұқым қуалаушылық ауырулар 28% Тері ауырулары 16%
Биологиялық белсенді қоспалар	Қан қысымына әсер 62% Жүрек ауырулары 25 % Семіру 10% Тері ауырулары 16% Имунитетті нашарлатады 2%
Радиацияланған тағам	Бәрі жағынан да қауіпті 100%
Ауыр металдарды көп мөлшерлі тамақ	Ішек ауырулары 35% Көз ауырулары 34% Сүйек ауырулары 31%
Нитраттар көп көкөніс	Тыныс ауырулары 54% Анемия 35 % Көз ауырулары 11%

Ал біз жақсы көретін сосисканың құрамында 25 пайыз – соя ақуызы, 15 пайыз – құс еті, 7 пайыз – мал еті, 5 пайыз – крахмал ұны, ал 45 пайыз – малдың терісінен, тарамыс – тамырлары мен бүйреке бауырларынан жасалған эмульсиядан тұрады.

Ауыл шаруашылығындағы ластанудың негізгі көздері пестициттер, тыңайтқыштар, мал шаруашылығының ағындылары жатады.

Тамаққа пестициттердің түсуі адамда ауру туғызады. Топыраққа және ауыл шаруашылығы өнімдеріне фосфор тыңайтқыштарымен бірге едәуір мөлшерде ауыр металдар (кадмий, кобальт, мырыш) түсіп жиналуы мүмкін.

Ауыр металдардың шамамен 70% адам ағзасына тамақ өнімдері арқылы түседі де адамдардың денсаулығына зиян келтіреді.

Микронутриенттердің жетіспеушілігі (Йод). Ол құрсақтағы нәрестеден бастап адамның кез келген жасында пайда болатын жемісау және кретинизм сияқты ақыл ой бұзуларынан дейн өрбитін ауыруларға әкеледі.

Толыққанды гемоглабин түзу үшін микроэлемент темір қажет, ал ол организмге тек тамақ өнімдерімен және аздап ауыз суымен түседі.

Эритроциттердің мөлшері кемуінен пайда болатын гемоглабин концентрациясының төмендеуін анемия немесе қан аздылық деп атайды. Мұндайда организмде оттегінің жетіспеуі және ағзаның көмірқышқыл улануы пайда болады.

Кесте 3

Темірге қажеттілік

Жасы және жынысы	Темірге қажеттілік мг\ күн
1-3 жас	6
4-6 жас	6
7-9 жас	9
Еркектер 10 -18 жас	15(10- 14 жас) 19(15-18 жас)
Әйелдер 10 -18 жас	14(10-14 жас) 31(15-18 жас)

Темір адам организміне негізінен еттік, балықтық, сүттік және астықтық тағам өнімдерінен, сонымен қатар өсімдік, көкөністерден түседі.

Ауырулардың негізгі себебі - тұз, май, қант сияқты азықтарды мөлшерден тыс қолдану.

Қорытынды

Қазір әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналды.

Адамның табиғатқа әсері мыңдаған жылдар бойына қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай – ақ топрақты, су көздерін, ауаны ластау арқылы жүзеге асуда.

Экологиялық қауіпсіздікті сақтау үшін:

1. Ел экономикасына жоғары технологияларды белсенді енгізу.
2. Экологиялық қауіпсіз технологияларды пайдалану арқылы ресурстар тиімділігін арттыру.
3. Ұлтты сауықтыру үшін тамақ өнімдерінің сапасын бақылауды күшейту ісіне ерекш көңіл бөлу.
4. Таза азық – түлік өнімдер арқылы халықтың орташа өмір сүру деңгейінің өсуіне, гинетикалық ауытқулардың азаюына, иммунитеттің нығаюына, денсаулықты қалпына келтіру шығындарын азайту нәтижесінде еңбекке қабілеттілікті арттыруға қол жеткізе аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Гринберг, М.С. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыскерлік /М.С.Гринбергю – Свердловск, 1999. – 302 б.

2. Ковалев, Д.С. Ғылыми - техникалық революция жағдайында қылмысқа қарсы күрес шараларын жетілдіру /Д.С.Ковалев. - М.:Наука, 1999. - 211б.

*Тлеуов С.Ж., к.с.-х.н., профессор
Актюбинский университет имени С.Баишева*

ПУТИ ПЕРЕДАЧИ ХИМИЧЕСКИХ ВЕЩЕСТВ В ПРОДУКТЫ

Аннотация

В статье рассматриваются пути передачи химических веществ в продукты.

Ключевые слова: Химия, продукты, посторонние предметы

*Tleuov S., professor
Aktobe University named after S.Baishev*

CHEMICAL THINGS STUFF FOOD LINES PASSING

Annotation

The article deals with the development of the resource efficiency by the using of the ecological safety technology.

Key is words: Things, chemistry, stuff food

**ӘОЖ 81
Т76**

*Түгелбаева С.Т. магистр.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНДАҒЫ АНТРОПОНИМДІК ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСЫП ДАМУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Бұл мақалада қазақ есімдерінің қалыптасып дамуы көтеріледі. Осыған дейін де бұл мәселе сөз болған. Қазақ есімдерінің зерттелуінде зор орны бар ғалым Т. Жанұзақовтың есімдерді дәуірлегені баршаға аян. Әр кезеңге тән есімдерімізді нақты мысалдар арқылы беру – мақалаға арқау болды.

Түйін сөздер: антропоним, ұлт болмысы, этнос,

Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық, әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Біз зерттеу нысанымызда тікелей қатысы бар профессор Т.Жанұзақов зерттеулеріне ерекше назар аудардық. Профессор Т.Жанұзақов зерттеулерінен бастап, кейінгі Қ.Рысбергенова, С.Оңайбаева, Ұ.Ержанова, М.Мұсабаева, Б.Бияров, З.Жанғабылова, А.Арысбаев, Г.Мадиева, А.Жартыбаев, Б.Тілеубердиев т.с.с. ғалымдардың зерттеулері қазақ антропонимиясына тән бір ерекшелік ретінде оның тақырыптық шеңберінің өте кең екенін көрсетті. Антропонимия (*anthropos* «кісі» және *onoma* «ат», «есім» деген сөзі) деп бір тілдегі яки бір облыстағы кісі аттарының жиынтығын айтады. Жер жүзі халықтарының бәрінде әрбір кісінің өзіне тән аты-жөні бар. Адамзат қоғамында есімі, аты жоқ адам кездесуі мүмкін емес. Бірақ кейбір елдерде фамилиясыз, фамилия иемденбейтін адамдар ұшырасуы мүмкін (кейбір мәліметтерге қарағанда, исландықтарда фамилия болмайды екен). Қазақ есімдері де санаулы жыл ішінде тосыннан пайда бола қалмаған. Оның өзіне тән тарихы, шығу, пайда болу жолы бар. Қазіргі есімдеріміздің ішінде сол ерте замандарда шығып, көненің қарт куәсі, жұрнағы ретінде өмір сүріп келе жатқандары да, орта ғасырға тән және жаңа дәуірде жасалғандары да көп. Профессор Т.Жанұзақовтың қазақ антропонимдер құрлысының жаңарып, көбейе түсуіне әсер еткен деп көрсеткен әлеуметтік мәдени факторының бірі ислам дінінің тарауымен байланысты. Ғалымның атап көрсеткеніндей, X ғасырдан бастап ислам діні қазақ даласының түкпір-түкпіріне тарп, мүмкіндігінше сіңісе бастайды. Сөйтіп, мұсылман дінінің ықпалы күшті болып, тұрмыстық, қоғамдық жағдаяттың барлық саласына әсерін тигізді.

Антропонимдердің этномәдени, әлеуметтік мәнін, мазмұнын сипаттайтын құжаттық қызметін анықтаудың қазіргі антропоэлектік бағыттағы зерттеулерде мәні ерекше.

Мысалы, қолданудан әлдеқашан шығып қалған, бірақ тілімізге тән, жалқы есім сөздер антропонимияда сақталып отыр. Мәселен, *Ардақ, Байсал, Ораз, Жора, Жекен* т.б. Демек, антропонимдер арқылы берілетін ақпаратта өзіндік ерекшелік болады. Балаға ат қою әр халықтың өзіндік дүниетанымымен, салт-дәстүрі мен наным-сенімдермен тығыз байланысты. Мысалы қазақ халқында: *Абзал, Мақсат, Нұрлан, Айгүл, Азамат, Айбек, Дәулет, Дархан, Бексұлтан, Айнұр, Күнсұлу, Гүлім, Сұлушап, Гүлнар, Назгүл, Айдана* т.б. көптеген атаулар игі мақсатымен қойлған. Бұл атаулардың астарында ата-анасының, ат қойған

адамның баланың бойында осы сөздердің мағынасында бар жақсы қасиеттері мол азамат болсын деген арман-тілегі, ниеті жатыр.

Кейбір есімдер баланың туған уақытымен нақты жағдайымен байланысты қойылады. Мәселен: *Наурызбай, Майгүл, Маусымжан, Маусымбай, Қазанбек, Қаңтарбай* сияқты есімдер баланың туған (уақытысымен) тікелей байланыстырып қойылған. «Наурыз» мейрамы, «Жеңіс күні» мерекесі күндері туылған балаларға да *Наурызбай, Жеңіс, Жеңісхан, Жеңісбек* сияқты ат қойылады. Ал *Меңгүл, Меңсұлу, Қалдыгүл, Қалдыбек* сияқты есімдерінің меңі, қалы бар нышанды балаларға қойылатыны белгілі.

Профессор Т.Жанұзақовтың қазақ есімдерін *табиғат құбылыстармен байланысты есімдер, мал шаруашылығына байланысты есімдер, асыл металдарға байланысты атаулар, жеміс-жидек атаулары байланысты есімдер, туыстық атаулармен байланысты есімдер, жер-су аттарына қойылған есімдер, түрлі тағам аттарына байланысты есімдер, тағы аңдар мен үй хайуандары және құстарға байланысты есімдер* деп, он лексика-семантикалық топқа жіктейді. Осы еңбектің және содан бастау алған осы тектес зерттеулердің (Ж.Смағұлова, Д.Керімбаева, Ж.Ағабекова, З.Жанғабылова т.б.) нәтижесінде қазақ антропонимдерінің лексика-семантикалық топтарына негіз болған мынандай дереккөздер мен этномәдени факторларды көрсетуге болады:

1. Қазақ антропонимиясын байытудағы фольклордың орны ерекше. Кейбір фольклорлық жалқы есімдер жоғары образдылығымен, жоғары дәрежеде типтене отырып, жалпыұлттық символдарға айналады. Мұндай фольклорлық есімдер жалпыұлтқа танымал болады, ұлттық мәдениеттің негізгі тұжырымын білдіреді. Мысалы: *Қобыланды батыр, Қыз Жібек* т.б. ертегілер мен аңыз-әңгімелер кейіпкерлер аттары.

Сондай-ақ, жаңа заңға сәйкес, әскер қатарына шақырылған мемлекеттік қызметкердің жалақысы сақталмағанымен жұмыс орны сақталатын болады.

Тағы да айта кеткен жөн, жаңа жылдан бастап, «Б» корпусының кадрлық резервті қалыптастыру институты таратылады. Ал «А» корпусының кадрлық резервті қалыптастыру институты сақталады.

Осылайша, тек мемлекеттік қызмет жүйесі ғана емес, сондай-ақ, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл танытатын, яғни жемқорлық көріністерінің барынша алдын алуға бағдарланған жүйе де жаңғыртылып отыр.

Мемлекеттік қызметтің жаңа мансаптық моделі мемлекеттік орган қызметкерлері арасында жоғарғы бос лауазымға тек ішкі конкурспен, ал төменгі лауазымдарға тек жалпы конкурс арқылы ғана тағайындалуды көздейді.

Егер республика көлемінде айтатын болсақ, өткен жылы министрліктерде, олардың ведомстволарында және жергілікті атқарушы органдарында орта есеппен 828 азамат ашық конкурстық ішкі ауысу тәртібі арқылы тағайындалған. Қазіргі таңда мұндай ауысулар мүмкін емес. Аталған жаңашылдықтың тағы да оң тұсы ретінде мемлекеттік қызметшінің ішкі конкурстан өту кезіндегі үміткердің күшті немесе әлсіз жақтары мәлім екендігін айтуға болады. Осындай мансаптық модель арқылы жас мемлекеттік қызметшіге аса маңызды болып табылатын психологиялық тұрғыда бейімделуіне әрі оның кәсібилігінің артуына, болашаққа сенімді түрде қарауға және мемлекеттік қызмет аясында ұзақ мерзімді мансаптық өсуді жоспарлауға өз септігін тигізеді.

Екіншіден, барлық мемлекеттік қызметшілерге жеке жұмыс жоспарлары бекітіліп, сәйкесінше тоқсан және жыл сайын бағаланатын болады. Нақтылап айтар болсақ, «Б» корпусындағы қызметшілерді бағалау кезінде бағалаушы ретінде тікелей басшы, бағынысты қызметкерлер және әріптестер қатысады. Сондай-ақ, басшыны бағалауда тек басшылардың пікірі ғана емес, сондай-ақ, әріптестер мен қоластындағы бағынысты қызметкерлердің де пікірлері

ескеріледі. Тағы бір ескеретін жайт, аталған бағалау нәтижелері еңбекақының көлеміне тікелей әсерін тигізеді [3].

Қызметке алғаш рет кірген мемлекеттік қызметшілер үшін олардың атқаратын мемлекеттік лауазымдарына сәйкестігін тексеру мақсатында 3 ай сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімінің нәтижесі қанағаттанарлықсыз болғанда, сынақ мерзімі мемлекеттік лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды адамның не органның шешімі бойынша кейіннен қайта ұзартылмайтын үш айға ұзартылады. Бұл өз кезегінде, кадрлардың тұрақсыздық деңгейін төмендетеді.

Сынақ мерзімі кезеңінде мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет кірген мемлекеттік қызметшілерге тәжірибелі мамандар арасынан тәлімгерлер бекітіледі. Олар мемлекеттік қызметтің баспалдағын алғаш рет аттағандар үшін практикалық көмек көрсетеді және бұл ретте дағдылану жоспары бекітіледі.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153-ші Жарлығымен ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі бекітілді.

Меритократия, тиімділік және қоғамға есеп берушілік қағидаттарына негізделген қазіргі заманғы мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және дамыту үшін мемлекеттік қызметшілер өздерінің кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отырулары қажет.

Бұл Әдеп кодексі мемлекеттік қызметкерлердің қызметте және күнделікті өмірдегі жүріс-тұрыстарының жаңа стандартын бекітті. Соның негізінде енді мемлекеттік органдарда этика бойынша арнайы уәкілдер жұмыс істейтін болады. Олал әдептілік нормалардың сақталуын қадағалайды.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс барысындағы басты құралы болып табылатын жаңа Әдеп жөніндегі кодексі, бұл — жауапкершілік жүгін арттыратын, талаптар ауқымын белгілейтін маңызды құжат. Ол мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық келбетін ғана емес, сондай-ақ олардың өзін-өзі ұстау мәнерінің базалық стандарттарын бекітеді. Мемлекеттік қызметшілер өздерінің күнделікті жұмысында қарапайымдылық, әділдік, адалдық, сатылмаушылық сияқты принциптерді ұстану керектігі басты орында тұрады.

Мемлекеттік қызметшілердің әдептілігі мен сыбайлас жемқорлықтың бетін қайтаруы бірін-бірі толықтыратын фактор болып табылады. Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағытта жүйелі түрде жұмыс істеуі бүгінгі күннің талабы болмақ.

Әдеп жөніндегі кеңестің негізгі міндеті — мемлекеттік қызметшілер тарапынан орын алатын құқықбұзушылықтардың алдын алу. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңмен қарастырылған аталған әрекеттерге жол бергені үшін жауапкершіліктер түрі сақталады. Мемлекеттік қызметке кір келтіргені үшін лауазымынан босатылған мемлекеттік қызметшілер алдағы уақытта мемлекеттік қызметке орналаса алмайды.

Әдеп жөніндегі кеңестер қызметтік әдеп нормаларын бұзуға, соның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтарға жол берген басшы лауазымдағы мемлекеттік қызметшілердің істерін қарайды. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 50-бабына сәйкес мемлекеттік қызметке кір келтірген қызметшілер тәртіптік шараға тартылатын болады. Бұған дейін тәртіптік жазаға тартатын негіз 14 тармақшадан аспаса, аталған баптың 1-тармағы енді 19 тармақшаға дейін жеткізілді.

Әдеп жөніндегі уәкіл қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп Кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді; мемлекеттік қызметшілердің заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауына ықпал етеді; мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды [4].

Сонымен қатар, мемлекет басшысының Жарлығымен ҚМЭБИ құрылды, оны жыл сайын біліктілігі жоғары 200-ден астам маман бітіреді. Президенттің “Болашақ” бағдарламасының жұмыс істегеніне он жылдан асты, оның жолдамасымен талантты жастарымыз дүние жүзінің ең таңдаулы университеттерінде білім алады. Үш таңдаулы оқу орнын – дипломатиялық және сот академияларын, сондай-ақ мемлекеттік қызмет академиясын біріктірген Президент жанындағы мемлекеттік басқарудың жаңа академиясы жұмыс істейді.

Оқуды өмір бойы жалғастыру әр адам үшін заңдылыққа айналды. Президенттің Жарлығымен бекітілген ережеде мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру олардың қосымша кәсіби білімдерінің негізгі үлгісі болып табылады.

Жарты жылдың қорытындысы бойынша Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясында облыс бойынша 75 мемлекеттік қызметші, аймақтық біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығында – 514 және басқа да салалық оқу орындарында 126 адам оқыды, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда көбірек.

Жоғары тиімділікте жұмыс жасайтын мемлекеттік аппарат Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының басты бес бағытын табысты жүзеге асырудың негізі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Сыдықов, З. Басқарудың жаңа үлгісі / З. Сыдықов // Діл газеті. – 2008. - №8 (275)
2. Шектібаев, Т.Т. Парақорлық қылмысы /Т.Т.Шектібаев, Е.Т.Әбілезов Алматы 2016 . – 346 б.
3. Эффективное государственное управление: материалы III Акад. симпозиума (Астана, 25 ноября 2015 г.) . - Астана: Акад. гос. Упр. При Президенте РК, 2015. – 101 б.

*Berdigozhayeva G.C. master of Aktobe
University named after S.Baishev*

**BASIC DIRECTIONS OF INCREASE OF EFFICIENCY IN THE
WORK OF CIVIL SERVANTS**

Annotation

Public administration has always been connected to the improvement of the professional activities of a public servant. Therefore, enhancing the image and prestige of public servant was an actual problem of public administration.

Key words: *Civil servant, region, law, social institute, law institute*

*Бердігожаева Г.С. магистрант
АУ им.С.Баишева*

**ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ
В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ**

Аннотация

Совершенствование государственного управления всегда была зависима от реформирования экономической и нормативной базы. Поэтому формирование элиты и использование передовых зарубежных технологий в сфере государственной службы всегда была актуальной проблемой государственного управления.

Ключевые слова: *Государственная служба, регион, право, чиновник, социальный институт, правовой институт.*

ӘӨЖ 343

*Бухарбаев Ш.М. э.ғ.к., доцент
Ержанова З.К. аға оқытушы, магистр
Әлібеков М.М., магистрант.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

АКАДЕМИК С. БӘЙІШЕВТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ІЛІМДЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Сақтаған Бәйішевтің әлеуметтік-экономиканы дамыту мақсатындағы қосқан үлестері және әлеуметтік мүдденің экономикалық мүддеден бұрын тұруы көрсетілген.

Кілт сөздер: әлеуметтік-экономика, социалистік индустрияландыру, мәдени революция

Қазақстанда қоғамдық экономикалық ғылымның қалыптасуы мен дамуы С. Бәйішевтің есімімен тікелей байланысты.

С. Бәйішевтің жетекшілігімен күрделі қаржының тиімділігі және оны арттырудың факторлары, еңбек ресурстарын қоғамдық өндірісте тиімді пайдалану, жаңа қоғамның материалдық-техникалық базасын құруда Қазақстанның ролі мен орнын белгілеуге үлес қосты.

Ғалымның қаламынан 300-ден астам ғылыми жұмыс, оның ішінде 7 монография туды. Ғылыми жұртшылыққа кең танылған басты еңбектерінің ішінде «Советтік Қазақстанның әлеуметтік экономикалық дамуы» секілді іргелі зерттеулерді атауға толық мүмкіндік бар. Ғылыми еңбектерінің дені республика экономикасының проблемаларына арналған. Әрине, өткен он-жылдықтардың бүкіл қиындықтары мен қайшылықтарына бүгіннің биігінен көз салсақ, С. Бәйішев еңбектерінің бәрі бірдей өзекті бола бермеуі мүмкін.

Дегенмен, уақыт озған сайын ғылымның да жаңарып, өзгеріске ұшырап отыруы заңдылық.

Сонымен бірге экономиканың, көркем творчествоның жеке мәселелеріне, бірлі-жарым әдеби туындыларға байланысты ғалым сол кезде айтқан пікірлері де болды.

С.Бәйішевтің экономика және тарих ғылымына қосқан үлкен үлесі ретінде тағы да, «Советтік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері» атты зерттеуін атауға болады. Мұнда республикадағы социалистік индустрияландыру, ауылшаруашылығын коллективтендіру және мәдени революцияны жүзеге асыру тәжірибесі нақты материал арқылы сыншыл көзқараспен талданады.

Қазақстанның 70-жылдарғы әлеуметтік-экономикалық дамуына С. Бәйішев жасаған талдаудың үлкен практикалық маңызы бар. 70-жылдардың орта тұсында республикада қуатты экономикалық потенциал жинақталды, халықтың саны өсті, соған сәйкес халық шаруашылығында еңбек ететін жұмысшылардың, колхозшылар мен қызметкерлердің қатары көбейді. Қаралып отырған кезеңдегі Қазақстан экономикасына сипат бере отырып, ғылым қоғамның үдемелі қозғалысындағы қуатты фактор ғылыми-техникалық революцияның прогрестік маңызын атады. Республика экономикасын одан әрі дамытудың жетекші факторлары ретінде С. Бәйішев ғылым жетістіктерін

кеңінен және дәйекті пайдалануды, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруды, материалдық өзгеріс саласы қызметкерлерінің жалпы білімдік деңгейі мен кәсіптік мамандығын көтеруді, табиғи ресурстарға бай жаңа аудандарды қарқында игеруді қажет деп тапты [1].

Оның болашағы зор зерттеулердің барлығы ел экономикасын одан әрі дамытудың жетекші факторлары ретінде С. Бәйішев ғылым жетістіктерін кеңінен және дәйекті пайдалануды, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруды, материалдық өзгеріс саласы қызметкерлерінің жалпы білімдік деңгейі мен кәсіптік мамандығын көтеруді, табиғи ресурстарға бай жаңа аудандарды қарқынды игеруді атады.

Мысалы, әлеуметтік мүдденің экономикалық мүддеден бұрын тұруы талас туғызбайды. Ал, іс-жүзінде әркез бұлай болмағаны аян.

Дегенмен, Сақтаған Бәйішұлы болса 60-70 жылдар тұсында-ақ экономиканы дамытудың әлеуметтік факторларының маңыздылығын дәл бағалап, қажетті зерттеулер жүргізудің инициаторы бола білді. Ғалымның жетекшілігімен болашақта Қазақ ССР-інің өндіргіш күштерін дамыту және орналастыру жөніндегі зерттеулер жүргізілсе, республиканың экономикалық дербестігі кеңейіп отырған бүгінгі таңда, ондай болжаулар халық шаруашылығын дамыту үшін маңызды бағдар болып табылады.

Осы еңбекте айтылған маңызды мәселелердің барлығы жан-жақты қолға алынып, шешуін табатын болса, аймақ көп ұзамай аса қуатты экономикалық аймақ болатындығына сенім білдіріп және бұларды игеруге ғылыми болжамдар жасап, ғылыми дәйекті де дәлелді ұсыныс жасауы шағын және орта қалалар проблемаларын шешуге аса назар аударғандығының белгісі екендігін байқауға болады.

Осылайша С.Бәйішев ғылым арқылы халқының әлеуметтік-тұрмыс жағдайын жақсарту, еліміздің экономикасын өркендету ісіне зор үлес қоса білді. Жалпы ғалым саналы ғұмырын еліміздің экономикалық қуатты, басқа республикалармен терезесі тең, яғни өндірісі дамыған Кеңес елінің Еуропалық бөлігіндегі республикалар деңгейінде көргісі келгендігін байқау қиын емес. Себебі, республикамыздың батыс аймақтарындағы шикізаты мол және өндірісті дамытуға мүмкіншілігі зор екендігі туралы ғылыми еңбектердің жазуы осының дәлелі [2].

Қазіргі экономикалық жағдайда, яғни бүгінгі күннің талабынан қарастырсақ ғалымның көтерген бастамаларының өзекті екені белгілі. Бұның дәлелі ретінде елімізде өндіріс саласын жаңа технологияға сай өркендету мәселесін атауға болады.

Ол республиканың түрлі аудандарына, соңғы жылдары Батыс Қазақстанға сапары нәтижесінде жоғары органдарға байсалды ұсыныстар түсірді. Республиканың осынау кең байтақ аймағының табиғи байлықтарын игерудің және өндіргіш күштерін комплексті дамытудың проблемалары жөнінде өзін толғандырған мазасыз ойларын ғалымның «Правда» газетінің оқырмандарымен бөліскені белгілі [3]. Ғылым академиясының өндіргіш күштерді зерттеу кеңесіне қатысқан кездері ол Батыс Қазақстанды

экономикасын кешенді дамыту проблемаларына ерекше назар аударудың қажет екендігін ескертті. Бұндай мәселені Кеңес елі көлемінде көтеруге ол кезде өте тиянақты зерттеудің және нақты ұсыныстардың нәтижесінде ғана мүмкін болатын.

...Ол кейінгілерге мұра етіп заман шежіресін талмай жазған кітаптарын ғана емес, жоғары идея, азаматтық борышты, халқы алдында жанқиярлық еңбектің үлгісін қалдырды.

Сондықтан да, ғалымның сол жылдардағы зерттеулері, ғылыми тұжырымдары бүгінгі таңда да әлеуметтік-экономикалық зерттеулердің негізгі және басты бағыттарының бірі болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Аманжол Қошанов. Сақтаған Бәйішев – ғибратты ұстаз, қайраткер. //Ақтөбе газеті, 2015 ж–5б.
2. Жамантаев М. //«Қазақстану – 4» Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Астана, 2009ж–8б.
3. Сағындық Сатыбалдин. С.Бәйішев. Мол байлықтар мекені. //«Социалистік Қазақстан» газеті, 1.10.1981ж–10б.

Бухарбаев Ш.М. к.э.н., доцент.
Ержанова З.К. ст.препод. магистр.,
Алибеков М.М., магистрант,
Актюбинского университет имени С.Баишева

АКТУАЛЬНОСТЬ ЭКОНОМИЧЕСКИХ УЧЕНИЙ АКАДЕМИКА С.БАИШЕВА АННОТАЦИЯ

В статье были изложены труды Сактагана Баишева нацеленные на развитие социальной экономики.

Ключевые слова: Социальная экономика, социальная индустриализация, культурная революция.

Alibekov M.M.
Master of Aktobe university
after S.Baishev
supervisor professor of economic sciences,
associate professor Sh.M. Buharbayev
Senior lecturer, master Z.K. Yerzhanova

THE ACADEMIC RELEVANCE OF THE TEACHINGS OF S.BAISHEV

ABSTRACT

This article provides contribution of Saktagan Baishev to development of social economy

Key words: social economy, social industrialization, cultural revolution.

УДК 320

*Жанрзаева Ж.Е. магистрант
Актюбинский Университет имени С.Баишева,*

ЗНАЧЕНИЕ ИНОСТРАННЫХ КАПИТАЛОВЛОЖЕНИЙ ДЛЯ РК

Аннотация

В данной работе показана экономическая сущность государственных и иностранных инвестиций, их структура и классификация, мнения инвесторов о преимуществах и недостатках нашего инвестиционного климата, а так же действия правительства по улучшению инвестиционной привлекательности Казахстана, обеспечения стабильности условий, снижения риска для инвесторов.

Ключевые слова: капиталовложения, инвестиции, экономика, финансовый кризис.

Капиталовложения — это ресурсы, направляемые на приобретение основных средств предприятия и на их воспроизводство, на капитальное строительство. Капиталовложения следует рассматривать, как инвестиции в производство для расширения и технической модернизации предприятия промышленности, коммерческих организаций, сельского хозяйства. Частными капиталовложениями называют долю в капитале, паи или акции предприятия или компании. Капиталовложения можно так же назвать прибылью, потому что приобретение активов не относится к убыткам [1].

Ориентирующегося на рыночные отношения, главным направлением экономических реформ становится выработка и реализация инвестиционной политики государства, нацеленной на обеспечение высоких темпов экономического роста и повышение эффективности экономики. В сложившихся условиях для обеспечения структурных преобразований экономики на основе программы действий правительства по углублению реформ и в условиях ограниченности внутренних источников финансирования исключительно важное значение приобретает привлечение иностранного капитала в экономику республики.

Привлечение и эффективное использование иностранных инвестиций в экономику РК является основой, одним из направлений взаимовыгодного экономического сотрудничества странами. С помощью иностранных инвестиций можно реально улучшить деформированную производственную структуру экономики Казахстана, создать новые высокотехнологические производства, модернизовать основные фонды и технически перевооружить многие предприятия, подготовить специалистов и рабочих, внедрить передовые достижения менеджмента, маркетинга и ноу-хау, наполнить внутренний рынок качественными товарами отечественного производства с одновременным увеличением объемов экспорта в зарубежные страны.

Привлечение иностранных инвестиций в экономику Казахстана является объективно необходимым процессом. Мировой опыт многих стран

свидетельствует, что приток иностранного капитала и государственное регулирование его использования позитивно воздействуют на экономику. Инвестиции содействуют становлению и укреплению частного предпринимательства в странах со средним и низким уровнями экономического развития, мобилизуют капитал для реализации серьезных проектов, создания смешанных компаний, рынков ссудного капитала. От того, насколько успешно экономика Казахстана будет интегрироваться в мирохозяйственные связи, зависит стратегия и тактика преодоления кризиса.

Важно отметить, что иностранному инвестору важны не льготные условия налогообложения, а их стабильное, предсказуемое и экономически эффективное и для государства, и для инвестора состояние. Несомненно, то, что все эти факторы связаны с общеэкономической стратегией правительства, поэтому решение этих проблем нуждается в комплексном подходе. Необходим четкий ориентир, программа действий по привлечению иностранных инвестиций, и на основе этой программы необходимо создавать рычаги управления, привлечения и стимулирования внешних капиталовложений. Такое мнение разделяют многие экономисты.

Чтобы наш инвестиционный климат стал более благоприятным, а Казахстан вышел в лидеры по объему и качеству привлеченных иностранных инвестиций, нам нужны политическая воля и реальные действия. Необходимо также проявить высочайшее мастерство в использовании инструментов, необходимых для привлечения как можно большего количества известных миру инвесторов".

Поэтому иностранные инвестиции рассматриваются как универсальное средство решения всех проблем, связанных с преодолением инвестиционного кризиса, и должны сыграть роль достаточно сильного катализатора в инвестиционном процессе.

Таким образом, мною была сделана попытка определить и выявить основную цель политики привлечения иностранных инвестиций - это преодоление экономической отсталости, обеспечение высокого качества жизни населения страны на основе использования зарубежных капиталов в модернизации и структурных преобразованиях национальной экономики.

Республика Казахстан является одной из трех наиболее привлекательных для инвестиций стран СНГ. Согласно результатам исследования, 35% респондентов считают, что в 2014 году инвестиционный климат улучшился (в 2013 году такое мнение разделяли 27% респондентов). Макроэкономическая стабильность и потенциал экономического роста способствуют укреплению уверенности инвесторов. Несмотря на существенное влияние международного финансового кризиса, вызвавшего спад экономической активности в Казахстане, стране довольно быстро удалось восстановить темп роста экономики, который в 2014 году составил 7,5% [2].

По мнению 39% респондентов, макроэкономическая ситуация в Казахстане остается стабильной. Для успешной конкуренции в области привлечения ПИИ на международном рынке и увеличения доли создаваемой

добавленной стоимости стране необходимо улучшить качественные показатели. К ним относятся уровень развития транспортной инфраструктуры и логистики, прозрачность и предсказуемость нормативно-правовой среды, наличие НИОКР, развитие кадрового потенциала в соответствии с экономическими потребностями и необходимостью инноваций. Например, в то время как 44% респондентов считают уровень оплаты труда в Казахстане привлекательным, некоторые участники исследования высказывают мнение о том, что отраслевая квалификация специалистов еще не соответствует уровню, обеспечивающему конкурентоспособность. Ряд респондентов связывают создание Таможенного союза и Единого экономического пространства между Республикой Беларусь, Республикой Казахстан и Российской Федерацией с возникновением новых возможностей для расширения рынка, а также формирования стимулов для повышения конкурентоспособности компаний и профессиональной квалификации кадров.

Казахстан демонстрирует высокие показатели в области привлечения прямых иностранных инвестиций, особенно в добывающих отраслях. Для реализации масштабных планов страны по диверсификации экономики правительству необходимы прямые иностранные инвестиции, которые предполагают не только вклад финансовых средств, но также передачу знаний, высокотехнологичного оборудования и обеспечение возможности для развития кадрового потенциала. Для инвесторов, отличающихся высокой мобильностью в международном масштабе, принятие решения о выборе места для размещения инвестиций зависит главным образом от стабильности, прозрачности и предсказуемости бизнес - среды, близости рынков, доступности инфраструктуры и уровня квалификации кадров. Разработка конкретных отраслевых политик становится все более важным фактором для выполнения этих ключевых требований делового общества.

С точки зрения размещения инвестиций каждая страна и регион предлагают определенные преимущества, которые делают их более привлекательными для конкретных типов инвестиционных проектов. В течение последних двух десятилетий Казахстан демонстрирует высокие экономические показатели в ряде секторов, однако потенциал страны еще не полностью раскрыт. Казахстан придерживается курса на региональное и международное сотрудничество и стремится войти в группу из 50 стран мира с наиболее конкурентоспособной экономикой. Развитие страны подтверждает ее привлекательность с точки зрения размещения прямых иностранных инвестиций, объем которых с 1993 года превысил 150 млрд. долларов США.

В соответствии с рейтингом Всемирного банка EaseofDoingBusinessIndex (Индекс легкости ведения бизнеса), в 2014 году Казахстан переместился на 11 позиций вверх по сравнению с 2013 годом и занимает теперь 47-е место среди 183 стран. Таким образом, Казахстан занимает лидирующее место среди стран СНГ [3].

Согласно данным Нацбанка РК общий объем инвестиций в Казахстан на конец сентября 2014 года превысил 177,7 млрд. долларов. Практически треть вложений в Казахстан приходится на Нидерланды.

Так, объем инвестиций в Казахстан из Нидерланд составил 49 млрд. долларов. Великобритания находится на второй строчке по этому показателю - 24,7 млрд. долларов. Китай также направляет значительную долю средств в Казахстан - 18,2 млрд. долларов.

На современном этапе развития Казахстана как нового независимого государства, ориентирующегося на рыночные отношения, главным направлением экономических реформ становится выработка и реализация инвестиционной политики государства, нацеленной на обеспечение высоких темпов экономического роста и повышение эффективности экономики.

Для решения этих задач, а также для обеспечения структурных преобразований экономики на основе программы действий правительства по углублению реформ и в условиях ограниченности внутренних источников финансирования исключительно важное значение приобретает привлечение иностранного капитала в экономику республики. Привлечение и эффективное использование иностранных инвестиций в экономику республики является основой, одним из направлений взаимовыгодного экономического сотрудничества Казахстана с зарубежными странами [4].

Современный этап экономического развития Казахстана характеризуется целым рядом позитивных изменений, благодаря которым наблюдается улучшение инвестиционного климата в стране.

В качестве главных условий привлечения иностранного капитала можно указать следующие:

1. создание стабильной и развитой нормативно-правовой базы для деятельности инвесторов на территории Казахстана;
2. стабильности налоговой системы;
3. укрепление институтов собственности;
4. формирование системы страхования и залоговых форм для иностранных инвестиций;
5. создание информационных и консультативных систем, обеспечивающих принятие инвестиционных решений;
6. развитие инвестиционного сотрудничества с международными банками и финансовыми организациями.
7. Казахстану необходимо создать на первых порах привлечения иностранных инвестиций особо льготные для них условия.

Таким образом, хочется отметить, что инвестиции представляют собой сложный механизм, способный в значительной степени увеличить экономический потенциал государства. Поэтому успех, достигнутый в данной сфере, во многом предопределяет успешную реализацию социально-экономических реформ и экономическое развитие страны в целом.

Литература

1. Республики Казахстан. Законы. Об инвестициях : Закон: [Электронный ресурс]: Оежим доступа: <http://www.pravo.by/main.aspx?guid=3871&p0=H11300053&p1=1.-> Заголовок с экрана.- Данные соответствуют на 1 мая 2016 г.
2. Бланк, И.А. Инвестиционный менеджмент: учебное пособие / И.А.Бланк. — Киев: Ника-Центр: Эльга-Н, 2001. — 448 с.

*Жанрзаева Ж.Е. магистрант
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе Университеті*

ҚР-НА ШЕТЕЛДІК КАПИТАЛ САЛЫМДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Түйіндеме

Бұл мақалада отандық және шетелдік инвестициялардың мәні, олардың құрлымы мен классификациясы, біздің инвестициялық климатын артықшылықтары мен кемшіліктері жайында инвесторлардың көз-қарасы, сонымен қатар Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын жақсарту бойынша, тұрақтылықты қамтамасыз ету, инвесторлар үшін тәуекелділікті төмендету үшін үкіметтің іс-әрекеттері қарастырылған

Кілт сөздер: капитал салымдары, инвестиция, экономика, қаржылық дағдарыс

*Ganrzaeva G.E.magister
Aktobe University named after S. Baishev,*

THE IMPORTANCE OF FOREIGN INVESTMENT FOR KAZAKHSTAN

SUMMARY

In this paper, the economic essence of the state and foreign investments is demonstrated, their structure and classification, views of investors about the strengths and weaknesses of our investment climate, and government's actions to improve the investment attractiveness of Kazakhstan, ensuring the stability conditions, reducing the risk for investors.

Key words: capital investment, investment, economy, financial crisis

ӘӨЖ 336

Калденова Г. С., э. г. к., аға оқытушы,
Ержанова З.К., аға оқытушы, магистр
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ Түйін

Мақалада төлем карточкаларының экономикалық мәні мен олардың жіктелуі қарастырылған.

Төлем карточкалар нарығы тез және қарқынды дамуда және қаржы секторының перспективті бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі кезде нарықта әртүрлі карталық бағдарламалардың көптеген түрлері мен қызметтерін ұсынады.

Кілт сөздер: төлем карточкасы, электронды терминал, пластикалық карточка, кредиттік, дебеттік карталар, графикалық жазу, эмбоссирлеу, штрих кодтау, магниттік жолақтағы картаны кодтау, чип, лазерлік жазу.

Қазіргі кезде банктік технологиялардың дамуына байланысты қолма-қолсыз есеп – айырысудың жаңа түрлері қолданылуда. Соның бірі төлем карточкалары, мұндай карталар ақпараттың қазіргі жоғары технологиялық төлем құралдарының бірі, Қазақстанның төлем жүйесінің болашағы.


Төлем карточкасы – электронды терминалдар немесе өзге құрылғылар арқылы ақшаға қол жеткізу құралы, онда мұндай карточканы ұстаушыға төлемдерді жүзеге асыруға, қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауға және төлем карточкасының эмитенті белгілеген әрі соның шарттары бойынша басқа операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпарат болады.

24 тамыз 2000 жылы ҚР төлем карточкаларын шығару мен пайдалану ережесіне сәйкес, төлем карточкасы – бұл заңды және жеке тұлғалармен тауарлар мен қызметтерге қолма-қолсыз төлем жүргізу үшін, қолма-қол ақша қаражаттарын алу үшін, сонымен қатар, шетел валютасында айырбас операцияларын жүргізу үшін қолданылатын карточка.

Карточкаларды пайдалану арқылы төлем жүйесін құруда қандай да бір карточкалардың түрін таңдау маңызды болып келеді. Бұның маңыздылығын түсіну үшін карточкалардың жеке түрлеріне талдау жасау қажет.

Қазіргі уақытта төлем карточкаларының нарығында қызмет көрсетудің үлкен ассортименті көрсетілді және түрлі карточкалық бағдарламалардың елеулі саны ұсынылады. Мәселен, төлем карточкасының көмегімен дүкендер мен мейрамханаларда тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін төлем жасауға, коммуналдық қызмет көрсетулерді, байланыс қызметін, салық және кеден төлемдерін төлеуге, кредиттерді өтеуге, карточкадан карточкаға ақша аударуға, Интернет немесе телефонды пайдалану арқылы тауарларға және қызмет көрсетуге тапсырыс беруге болады.

Пайдаланушылар мен банк жұмысшылары карточкалар туралы айтқанда, түсініктер шатасып кетеді. Біреулер несие карточкалары туралы айтып, оларды банктік дейді, ал басқасы есеп айырысу карточкалары туралы айтып, оларды пластикалық деп атайды. Бұл түсініктер ұқсас болғанымен, мағынасы әртүрлі. Несие карточкаларын банктік деп, біз оларды кім шығаратынын айтамыз, пластикалық карточкалар туралы айтып, олардың қандай материалдан жасалатынын айтамыз.



Сурет 1. Төлем карталарының жіктелуі

Ескерту: автормен құрастырылған.

Шығарылған материалы бойынша:

Ең бірінші қолданылған карточкалар картоннан болды. Бұндай карточкалар өткен ғасырдың 20-жылдары кәсіпорындармен бөлшек саудада және мұнай компанияларымен пайдаланылған. Төлем ретінде бұл карточкалардың қызмет көрсету мерзімі ұзақ емес, жүзеге асыратын төлем сомасы көп емес болуы керек. Қағаз карточкалар арзан, бірақ ұзақ мерзімді емес, ал металды карточкалар қымбат және ұзақ мерзімді, пластикалық карточкалар арзанырақ, қайта өңдеуге жеңіл беріледі және ұзақ мерзімді болып келеді.

Жалпы қолданылуы бойынша:

Идентификациондық карта немесе ID-карта (ағылшынша Identity Document) – әртүрлі деңгейдегі электрондық жүйелерінде жеке басты куәландыратын ресми құжат, әдетте пластикалық карточка түрінде жасалады.

Мысалы, ірі компания өзінің әр қызметкеріне карта ұсынуы мүмкін, яғни: кәсіпорынның белгілі бір зонасына кіруге рұқсат етілетін рұқсаттама (идентификациондық қызметі); сол картада кодталған түрінде карточка ұстаушы туралы маңызды ақпарат жазуылуы мүмкін – бұл ақпараттық функция;

Сонымен қатар, бұл карточка сол компанияның дүкендерінде, асханасында есеп айырысу үшін пайдаланылуы мүмкін – есеп айырысу функциясы.

Көпфункционалды карточкаларды қолдану жүйесі шет мемлекеттерде жақсы дамыған және де көптеген қызметтерді бір карточкаға біріктіру өте тиімді болып келеді, себебі ол эмитент үшін де, карточка иесі үшін де ыңғайлы.

Есеп айырысу механизмі бойынша:

Екіжақты жүйелер – карта эмитенттерімен бақыланатын, карта иесінің шектеулі желілерде тауарларды сатып алуға қолдану мүмкіншілігі бар, есеп айырысу қатысушыларының арасындағы екіжақты келісімді айтады (универмаг, жанар жағар май станциялары);

Көпжақты жүйелер – карта иелеріне әртүрлі сауда және қызмет көрсету нүктелерінде тауарларды несиеге алуға мүмкіндік береді және де бұл карталар төлем құралы ретінде пайдаланылады. Көпжақты жүйесін банктік карталардың ұлттық ассоциациялары, сонымен қатар туризм және ойын - сауық карталарын шығаратын компаниялар басқарады (мысалы, American Express).

Карточкаларды эмитент пен ұстаушы арасындағы ***есеп айырысу тәсілі бойынша*** жіктелудің маңызы зор.

Есеп айырысу түрлері бойынша:

- 1) кредиттік;
- 2) дебеттік (төлем);

Кредиттік карталар, банкте кредиттік линия ашумен байланысты, ол карточка иесіне тауарларды сатып алғанда және суда алған жағдайда қолдануға мүмкіншілік береді. Несиелік карточкалар шет елде кеңінен таралған. Несие тек

банкпен ғана емес, сонымен қатар American Express сияқты мамандандырылған компаниялармен де беріледі. Келісім-шартта проценттік ставка, карточканы пайдаланғаны үшін жылдық төлем, несиені пайдаланудың мерзімі және т.б. шарттар көрсетіледі.

Дебеттік карточка өзімен клиенттің банктегі карточкалық шотында бар соманы ғана пайдалана алатынын білдіреді. Дебеттік карточка бойынша тауар және қызмет көрсетуге төлемді жүзеге асырған кезде банктік шотыңыздың жағдайы тексеріледі. Егер операция сомасы шоттағы қалдықтан асып кетсе, операция орындалмайды. Дебеттік карточка компьютерде иесі туралы кодталған ақпаратты (оның аты-жөні, шотының сәйкестендірме нөмірі) құрайды. Карточканы иесі салым салу үшін, қолма-қол ақша алу үшін, аударымдар жасау үшін пайдалана алады.

Клиенттердің категориясы бойынша эмитент келесі түрлерін бағыттайды:

- Қарапайым карталар
- Күміс карталар
- Алтын карталар

Қарапайым карталар әртүрлі технологиялық жүйелерді қолдануға негізделген. Оларға: Visa Classic, Eurocard / MasterCard Mass (Standard) жатады.



Сурет 2. Visa Classic и Eurocard/MasterCard Mass карточкалары

Күміс карталарын (Silver, Business) бизнес карталары деп те атайды және жеке тұлғаларға, компанияның қаражаты көлемінде шығындалатын өкілетті компания қызметкерлеріне ұсынылады.



Сурет 3. Visa Business и Eurocard/MasterCard Business карточкалары

Gold класының банктік картасы бұл элиталық карталардың бірінші деңгейіндегі карта. Бұл карта (Gold) ауқатты клиенттерге арналған. Онда қосымша қызметтер жиыны бар: жеңілдіктер, сақтандыру, жоғары шектеулер және т.б.



Сурет 4. Visa Gold и Eurocard/MasterCard Gold карточкалары

Қазақстанда стандартты карточкаларды 25 банк шығарады. Оның 16-сы өзінің клиенттеріне алтын карталар ұсынады. Visa төлем жүйесімен - 9 банк, біреуі MasterCard – пен және 6 –ы екі жүйемен де жұмыс жасайды. 16 банктің 4 –уі алтын карточкаларды стандартты пакеттерімен ұсынады, ал қалған 12-сі карточка иесіне ешқандай міндеттемесіз «алтын» карточкасын ұсынады.

Егерде клиент алтын пакетін таңдаса, онда Альфа банктен алу тиімді – 10 800 теңге. Ең қымбаты Сбербанкте – 60 мың теңге.

Егерде жеке алтын карточканы қарастыратын болсақ, Bank RBK мен Евразийский Банкте – 15 мың теңге болса, БТА банкте – 46 600 теңге.

Қазақстанда банк желілеріндегі банкоматтардан алтын карточкалармен қолма – қол ақша алу үшін 0,5 – 1,5% комиссиялық ақы көлемінде ауытқиды.

Қолдану сипаттамасы бойынша:

Жеке карточкалардың негізгі ерекшелігі – жеке тұлғаның банкпен келісім-шарт жасасып, осыған сәйкес банк жеке тұлғаға шот ашып, несие лимитін тағайындап, карточка шығарады, жеке тұлға карточка үшін, шот ашқандығы үшін ақы төлем келісім-шартта айтылған шарттарды орындауға міндеттеледі.

Жанұялық карта, банкпен келісім шарт жасаған, банк шотына жауапты отбасы мүшелеріне беріледі.

Корпоративті карточкаларда келісім-шарт банк пен заңды тұлға арасында жасалады, бұл келісім-шарт бойынша заңды тұлға карточканы пайдалану құқығын қандай да бір жеке тұлғаға береді. Келісімшартқа сәйкес банк алдында жауапкершілікті карточканы ұстаушы емес, шоттың иесі алады. Ал шотты карточканы ұстаушы басқарады. Бір шотқа бірнеше карточкалар шығарылуы мүмкін, ал олардың ұстаушылары жалпы шоттан әр түрлі лимитте қаржы иеленеді. Бұндай шотты тек қана шоттың иесі – заңды тұлға толтыра алады, өйткені корпоративті карточкалар жол жүру шығындарына, көрме шығындарына т.б. арналады.

Шығарылған эмитент мекемесіне байланысты:

– банктік карталар, эмитенті банк немесе банктердің консорциумы болуы мүмкін;

- қаржылық емес мекемелермен немесе коммерциялық фирмалардың тобымен шығарылатын коммерциялық карталар;
- мекемелермен шығарылатын карталар, олардың негізгі қызметі пластикалық карталарды шығару және қызмет етуі бойынша инфрақұрылымын құру.

Қолдану аясы бойынша:

- Әртүрлі тауарлар мен қызметтерге есеп айырысуға қызмет ететін әмбебап карталар;
- Белгілі бір қызметті төлеуге арналған жеке коммерциялық карталар (мысалы қонақүй желісі, жанар жағар май станциялары, супермаркеттер).

Территориясына байланысты:

- Халықаралық, көптеген елдерде қолданылады;
- Ұлттық, бір елдің аумағында қолданылады;
- Локальдық, елдің белгілі бір бөлігінде қолданылады.

Қолдану уақыты бойынша:

- Шектелген, белгілі бір уақыт аралығына шектелген (мерзімін ұзарту құқығымен);
- Шектелмеген (мерзімсіз).

Карточка ақпаратты тасымалдаушы болғандықтан, ақпаратты сақтау мен енгізудің келесі түрлері бар:

Карточкаға ақпаратты жазудың ең алғашқы түрі болып ***графикалық жазу*** табылады. Ол қазіргі кезде де барлық карталарда пайдаланылады. Алғашында картаны ұстаушының тек аты мен тегі, картаның эмитенті туралы ақпарат болатын, кейін қол үлгісі қарастырылып, аты мен тегі эмбоссирленетін болды.

Эмбоссирлеу (қысу) карточкамен төлеу жасау операциясын жеделдетуге мүмкіндік береді. Карточкадағы эмбоссирленген ақпарат жедел түрде арнайы құрылғы импринтердің көмегімен қағазға түсіп отырады. Қазіргі заманғы жабдықтар карточкаға ұстаушының суретін және қол үлгісінің лазерлі көшірмесін енгізуге мүмкіндік береді.

Штрих-кодтау графикалық жазудың бір түрі болып табылады. Картаға стандарттарға сай штрихтар енгізіледі. Бұл ақпарат арнайы құрылғы арқылы оқылады. Карточкаға ақпаратты штрих-кодтау арқылы жазу магнитті сызық пайда болғанға дейін қолданылды. Бірақ штрих-кодты карточкалар арнайы карточкалық бағдарламаларда қолданылады, онда есеп айырысу талап етілмейді.

1960-жылдардың аяғына қарай қолма-қол ақшаларды алуға мүмкіндік беретін автоматты ақпараттың пайда болуы карточкалық бизнесте революция жасады. Карточкаларды ұстаушылар бұндай ақпараттарды пайдалану үшін карточканың арғы жағына магнитті пленкадан жасалған сызық жабыстырылды. АҚШ-та магнитті сызығы бар карточкаларға қызмет көрсететін ең бірінші банкоматтар болып 1969 жылы «Docutel» фирмасының банкоматтары табылады. ***Магнитті сызығы бар карточкалардың пайда болуынан*** бастап қана әрбір ұстаушыға Pin-кодты ендіру мүмкіндігі туды.

Транзакцияны жүргізу келесідей орындалады. Карточкамен операцияны жүргізу кезінде электронды құрылғы карточканың магнитті сызығынан ақпаратты өткізеді, осыдан кейін кассир операция сомасын енгізеді, ал карточканы ұстаушы арнайы Pin-пад клавиатурасына Pin-кодты енгізеді. Электронды құрылғы алынған мәліметтерден ақпараттық пакет дайындап, мәліметтерді өңдеу орталығына жібереді. Бұл орталық алынған мәліметтер пакетін өңдеп, оң нәтиже алғанда электронды құрылғыға операцияны орындауға рұқсат жібереді.

Магнитті сызығы бар банктік карточкалар әлемдік стандарттарға сәйкес жасалады, ол стандарттарды Стандарттар бойынша Халықаралық Ұйым (ISO – International Organisation of Standardization) ойластырып бекітеді.

Бұл стандарттар мыналарды анықтайды:

- карточканың өлшемі;
- магнитті сызықтың орналасуы;
- магнитті сызықтағы жазылымның құрылымы;
- символдарды қысудың орны мен формасы.

Магнитті жазылым пластикалық карточкаға ақпаратты енгізу әдісінің ең кең тараған түрлерінің бірі. Бірақ 10-15 жыл өткеннен кейін магнитті сызықтар алаяқтықтан қорғай алмады. Одан да сапалы ақпаратты тасушыны ойластыру барысында чипті пайдалану идеясы ұсынылды. **Чип өзімен интегралды** микросхеманы білдіреді. Микросхемасы бар карточкалар ақпаратты тасушынының жаңа түрін білдіреді, бұндай карточкалар ақпаратты сақтап қана қоймай, сонымен қатар оны өзінің ішкі алгоритмі бойынша өңдейді. Бұндай карталар Смарт-карталар деп те аталады.

Лазерлі жазуы бар карточкалар оптикалық карточкалар деп те аталады. Олардың негізгі ерекшелігі еске сақтау қабілетінің үлкендігі. Олар ең қымбат карточкалар болып табылады. Банк ісінде олар әзірше қолданылмайды.

Төлем карточкаларының нарығы қаржы секторының болашағы бар бағыттарының бірі бола отырып, жедел және тиімді қарқынмен дамуда.

Қазіргі уақытта нарықта қызмет көрсетудің үлкен ассортименті бар және әр түрлі карточкалық бағдарламалардың айтарлықтай мөлшері ұсынылады. Мәселен, төлем карточкасының көмегімен дүкендер мен мейрамханаларда тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін есеп айырысуға, коммуналдық қызмет, байланыс қызметі үшін ақы, салық және кеден төлемдерін төлеуге, кредиттерді өтеуге, карточкадан карточкаға ақша аударуға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Төлем карточкаларын шығару және пайдалану нұсқаулығын бекіту туралы ҚР ҰБ Басқармасының 2000 жылғы 24 тамыздағы №331 Қаулысы (2013.27.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
2. www.grandars.ru. Карты банков - пластиковые карточки и их виды
3. <https://kk.wikipedia.org/.Төлем> карточкаларымен есеп айырысулар

*Калденова Г. С., к.э.н., ст преподаватель
Ержанова З.К., ст преподаватель, магистр.
АУ имени С.Баишева*

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ И КЛАССИФИКАЦИЯ ПЛАТЕЖНЫХ КАРТОЧЕК

Аннотация

В данной статье рассматривается экономическая сущность и классификация платежных карточек.

Рынок платежных карточек, являясь одним из перспективных направлений финансового сектора, продолжает развиваться быстрыми и эффективными темпами. В настоящее время рынок представлен большим ассортиментом услуг и предлагает значительное количество разнообразных карточных программ.

Ключевые слова: платежная карточка, электронный терминал, пластиковая карточка, кредитные, дебетовые карты, графическое изображение, эмбоссирование, штрих-кодирование, кодирование на магнитной полосе, чип, лазерная запись.

*Kaldenova G.S, the candidate of economical science, a chief teacher
Yerzhanova Z.K, a chief teacher, master.
AU after S.Baishev*

ECONOMIC ESSENCE AND CLASSIFICATION OF PAYMENT CARDS

Summary

This article examines the economic nature and classification of the credit cards. payment cards market, being one of the most promising areas of the financial sector continues to develop fast and efficient pace. Currently, the market represented a great variety of services and offers a large variety of card programs.

Key words: payment card, an electronic terminal, plastic card, credit, debit card, graphic image, embossing, bar coding, magnetic stripe, chip, laser writing.

УДК 336

Кемалова А.С. э.э.к.

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті,

Жиеналина Ж.Е. магистрант

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті,

ҚР ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕСІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада елімізде шағын және орта кәсіпорындарды басқару мәселелері мен оны дамыту бағыттары қарастырылған. Бүгінде шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдаудың инфрақұрылымын дамыту негізінде экономиканың барлық секторларын жандандыруда дамыту шараларын әзірлеу және жүзеге асыру маңыздылығы арта түсуде. Жалпы аймақтарда шағын және орта кәсіпорындарды дамыту тек халықты жұмыспен ғана қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың әлеуметтік, рухани, экономикалық іргелі мәселелерін шешуге ықпалын тигізетіні анық.

Кілт сөздер: *басқару, бюджет, бюджет кірістері, әлеуметтік шығыстар, кәсіпкерлік қызмет, кластер, лизинг, инфрақұрылым, несиелендіру және қаржыландыру.*

Шағын бизнес кәсіпорнының дамуы Қазақстан экономикасындағы жүзеге асырылған реформаларының бірі болып табылады. Үлкен мөлшердегі инвестицияны қажет етпейтін осы кәсіпорындар ғана әлеуметтік тұрақтылық кепілі, нарықтық кеңейту шаралары және елдегі бәсекеқабілеттілікті жоғарылату қайнар көзі болып саналады.

Қазіргі кезде бұл кәсіпорындарды дамыту, алдымен қаржылық қамтамасыз ету және қаржылық-несиелік талдауды іздеу проблемаларымен байланыстырылады. Жаңашыл шарттарғасәйкес шағын кәсіпорын капиталының негізгі қайнар көзі болып бұрынғысынша жеткіліксіз меншік ресурстары қалады. Бұл шағын бизнес кәсіпорнының несие нарығына және жоғарғы пайыз мөлшерлемесі жағынан бағалы қағаздар нарығына қатысуындағы, әртүрлі мемлекеттік емес бағдарламалардың, қорлардың және үкіметтік ұйымдардың қаржылық ресурстарға шектеулер қоюының нәтижесі болып табылады.

Нарықтық қатынастар көптеген адамдардың «өз ісіне» деген табиғи ұмтылуды тудырып, өздерінің меншіктерін арттыра түседі. Ең соңында бұл қызметтің ерекше түрі — кәсіпкерлік қайраткерліктің әкеп соғады. Сонымен, кәсіпкерлік дегеніміз — адамдар мен олар құрған бірлестіктердің белсенді,

дербес шаруашылық қызметі. Оның көмегімен адамдар тәуекелге бел буып, мүлдіктік жауапкершілікті сақтай отырып, пайда табу жолын көздейді.

Кәсіпкерлікті шығармашылық күш — жігерді жүзеге асыруға, экономикалық және ұйымдастыру ісінде тапқырлыққа, жанашылдыққа байланысты. Кәсіпкерлікті жаңа тұрғыдан түсіндіргенде мынадай екі жағдайға: біріншіден, коммерциялық бағыт — бағдарға, тәуекелдік бел буушылық пен дербестікке, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, кездескен кедергілерді жеңе білуге; екіншіден, экономикада, ұйымдастыру ісінде тапқырлық пен жанашылдық танытуға, ғылыми — техникалық прогреске жетуге тікелей қатысты. Кәсіпкер қабылданған заңға қайшы келмейтін қызметтің қандай да болмасын түрімен айналыса алады. Олар: шаруашылық — өндірістік, сауда — көтерме сату, жаңартпашылық, көрсетілетін консультациялық қызметтер және басқа да коммерциялық делдалдық сол сияқты құнды қағаздар операциялары.

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді. Бағдарламаның мақсаты шағын кәсіпкерлік субъектілері асын барынша кеңейтуге және олардың қызметін жандандыруға бағытталған институционалдық жағдайларды жетілдіру есебінен Қазақстанның бәсекеге қабілетін арттыру болып табылады.

Бағдарлама шеңберінде жүргізілетін жұмыстардың негізгі бағыттары:

- шағын бизнес мәселелері бойынша заң шығарудың жаңа регламентін қабылдау жолымен заңнаманы жетілдіру;
- шағын бизнес мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдердің нәтижелілігін қадағалау институтын енгізу;
- әрбір мемлекеттік органда «құқықтық ақпарат кабинетін» негізу;
- әкімшілік кедергілерді азайту және бюрократиясыздандыру;
- кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

- мемлекеттің жеке сектормен өзара іс-қимылының жаңа идеологиясын құру;
- кластерлік — желілік ұстаным негізінде өмір сүруге қабілетті инфрақұрылымдық жүйені құру және қамтамасыз ету;
- шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін барынша ашық заңнамалық негіз құру;
- шағын кәсіпкерліктегі көлеңкелі айналымдағы қысқарту.

Қазіргі жағдайда капитализмге ауысу жолында қоғамдық меншікті жекешелендіру арқылы ірі кәсіпорындарды таратып, ұсақ, шағын және орта мөлшердегі кәсіпорындар құрылып жатыр. Ол дұрыс деп айту қиын. Дегенмен осы бағытта ірі кәсіпорындар жойылды. Ендігі мәселе осы шағын кәсіпорындардың кәсіпкерлік ісі туралы болып отыр. Халық шаруашылығы барлық салаларында шағын кәсіпорындардың болуы дүниежүзілік тәжірибеде экономикада тиімді іс болып табылады.

Қазіргі замандағы экономикада ірі монополистік шаруашылыққа тығыз байланысты орта және шағын деңгейдегі кәсіпорындар ара салмақтарының өзара байланысты көптеген факторлармен байланысты.

Шынында да ірі фирмаларда зор материалдық, қаржылық, еңбек ресурстары және маманданған кадрлар бар. Олар жоғары дәрежеде ғылыми-техникалық шешімдер қабылдап, өндірістің технологиялық жаңа әдістерін қолдана алады. Ал, екінші жағынан, соңғы уақытта шағын дәрежелі кәсіпкерлік істер орын алуда. Ол әсіресе күрделі қаражатты және қызметкерлер кооперациясын көп талап етпейтін салаларда және тұтыну тауарларын шығару салаларында болады.

Шағын кәсіпорындардың дамуы нарықты тауар және қызметтермен толықтырады, экспорттың потенциалын арттырады және жергілікті шикізат ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік жасайды. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек үзелдер мен механизмдерді шығару жағдайында немесе жартылай фабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері сондай-ақ, жеке адамдар да болуы мүмкін.

Шағын бизнестің басты проблемасы - ол несие беру саясаты. Несие тек қана кепілде меретінде мүлікке беріледі. Ал кепілдікке жарайтын мүлік кәсіпорында жоқтың қасы, сондықтан шағын кәсіпорындардың керекті несиесіне кепілдік бере алмайды. Сондықтан шағын бизнесті қолдайтын арнайы банк, несие банктің бір бөлімі болуы керек.

Шағын кәсіпорындар кадрларды даярлау, банктік несие алу және информациялық қызметтерге мұқтаж.

Шағын кәсіпкерлік фирмалар қазіргі жағдайда делдалдық сферада, сонымен қатар тез айналатын сала сауда — саттық, қоғамдық тамақтану, азаматтық құрылыс, техника және машиналарды жөндеу, т.б. салаларда орын алып отыр. Жоғарыда келтірілген осы жағдайлардың барлығы кәсіпорындағы басқару шараларына келіп сүйенеді. Қазіргі таңда қызметтерді басқару саласы экономиканың көптеген жақтарына маңызды әсерін тигізетін бірден бір факторлардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы жаңа заңдар еліміздің құқықтық, саяси және экономикалық жүйесінің дамуының жаңа кезеңін ескере отырып жаңа өкілеттіктер белгіледі. Оларды біліктілікпен жүзеге асыру, әсіресе кәсіпкерлік сияқты аса маңызды және үнемі дамып отыратын салада, әкімдердің басқарушылық және құқықтық сауаттылығына, олардың жаңашылдық қабілетіне және ең бастысы — бастамашылдығына байланысты болады.

Қазіргі күрделі жағдайда аймақтарда әртүрлі ұйымдық — құқықтық пошымдағы шағын кәсіпкерлікті дамыту бірінші кезектегі іс. Айта кетелік, шағын кәсіпкерлікке заңды тұлға құрмай — ақ кәсіпкерлікпен айналысатын барлық субъектілер және қызметтерінің жылдық орташа саны 50

адамнан аспайтын жыл ішіндегі активтерінің жалпы құны орта есеппен алғанда есептік көрсеткіштен алпыс мың еседен аспайтын заңды тұлғалар жатады.

Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдар бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекет нақты қолдау көрсетеді.

Айта кетейік, қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын, жыл ішіндегі активтерінің жалпы құны орта есеппен алғанда есептік көрсеткіштен алпыс мың еседен аспайтын шаруа қожалықтарының да шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде мемлекеттік қолдауға құқығы бар.

Аймақтарды дамытуға қаражат жұмсайтын инвесторлар үшін тікелей қаражат жұмсауды мемлекеттік қолдау туралы заңдарда көзделген тәртіппен және шарттармен бірқатар жеңілдіктер мен преференциялар қолданыла алады.

Атап айтқанда, біріншіден, бұл мемлекеттік заттай гранттар; екіншіден, келісімшарт жасалған сәттен бастап табыс салығының, жер салығының және мүлікке салынатын салықтың ставкасын 5 жылға дейінгі мерзімге негізгі ставканың 100 пайызына дейін кеміту, сондай — ақ одан кейінгі 5 жылға дейінгі кезеңге табыс салығыны, жер салығының және мүлікке салынатын салықтың ставкасын негізгі ставканың 50 пайызынан аспайтын шекте кеміту, үшіншіден, инвестициялық жобаны іске асыру үшін қажетті жабдықтар, шикізатпен материалдар импортына кеден бажын салудың толық немесе ішінара босату.

Жеңілдіктер мен преференциялардың мөлшері тікелей инвестиция көлеміне, инвестордың жобаны іске асыру мерзімі жөніндегі міндеттемелеріне, оның өзін — өзі өтеуіне, экономика секторының басымдылығына және басқа жағдайларға байланысты айқындалады.

Кәсіпкерлік қызмет субъектілері заңдық тұлға құрмай тұрып, азаматтық-құқықтық қатынастардың, әсіресе шетелдік заңдық тұлғалармен қатынаста белседі қатысушысы болуы белгілі дәрежеде қиын екендігін мойындау қажет.

Сондықтан да соңғы жылдары еліміздің кейбір аймақтарында, әсіресе солтүстікте, шаруа қожалықтарының заңдық тұлға құра отырып, шаруашылық жүргізудің ірірек ұйымдық — құқықтық түрлеріне бірігу фактілері елеулі құбылыс болып отырғаны кездейсоқ емес. Мұндай шешім кәсіпкерліктің осынау жаңа субъектілерінің еңбек, материал және басқа ресурстарын біріктіруге, сондай — ақ оңтайлырақ еңбек бөлінісін және өндірістің мамандандырылуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде аймақтарда кәсіпкерліктің бәрінен көп кездесетін субъектілері әзірге азаматтардың заңдық тұлға құрмай — ақ, дербес яки біріккен кәсіпкерлік болып отырғаны белгілі.

Жоғарыда айтқанымыздай мұндай азаматтар өздері барып мемлекеттік тіркеуден өтуге, сондай — ақ, тұрғылықты жеріндегі аумақтық салық органында жеке кәсіпкер ретінде есепке тұруға тиіс.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бовыкин, В. Новый менеджмент : Управление предприятиями на уровне высших стандартов :Теория и практика эффективного управления / В. И. Бовыкин. – М. : Экономика, 1997. – 368 с.
2. Рахимбаев А.Б. Менеджмент:учебное пособие / А.Б.Рахимбаев, Б.О. Сабатаева. –Алматы,2009. – 150 с.
3. Рахимбаев, А.Б. Менеджмент: учебное пособие /А.Б.Рахимбаев, А.К. Бельгебаев. – Алматы, 2006. – 164 с.

Кемалова А.С. к.э.н.

АУ им. С.Баишева

Жиеналина Ж.Е. магистрант

АУ им. С.Баишева

**УПРАВЛЕНИЕ ПРОБЛЕМАМИ И НАПРАВЛЕНИЯ МАЛОГО И
СРЕДНЕГО БИЗНЕСА РК**

АННОТАЦИЯ

В этой статье рассмотрены проблемы управления малых и средних предприятий в нашей стране и направления их развития. На сегодняшний день при обновлений всех секторов экономики на основе развития инфраструктуры поддержки малого предпринимательства и бизнеса реализация меры развития становится важным. В целом известно, что развитие малых и средних предприятий в регионах не только обеспечивает трудоустройством населения, но способствует решению основных социальных, духовных и экономических проблем.

Ключевые слова: *управление, бюджет, бюджетные доходы, социальные расходы, предпринимательская деятельность, кластер, лизинг, инфраструктура, кредитование и финансирование.*

Dr. A.S Kemalova

Aktobe S.Baishev University,

Jienalina Zh.E. undergraduate

Aktobe S.Baishev University,

**THE MANAGEMENT OF SMALL AND MEDIUM BUSINESS
PROBLEM AREAS IN KZ**

Annotation

In this article, the management of small and medium-sized enterprises in the country and its development trends are provided. Today, on the basis of the development of infrastructure to support small businesses and business development are becoming more active in all sectors of the economy, increases the importance of the development and implementation of the measures. In general, the development of small and medium-sized enterprises in the regions only provide employment, but also their social, spiritual, to solve the fundamental problems of the economic impact is obvious.

Key words: *the management, budget, budget revenues, costs, social costs, business services, cluster, leasing, lending and infrastructure financing.*

УДК 330.03

*Курманкулова Н.Ж. э.ғ.к., доцент
Жалғасова Ж. С. магистрант
Бәйішев ат. Ақтөбе университеті*

КӘСІПОРЫН ТИІМДІЛІГІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Түйіндеме

Көптеген кәсіпорындар жабдықтаушылармен тығыз әріптестік орнату арқылы өнім сапасын арттырып, үнем жасап, жаңа нарықтарға жедел шығуға мүмкіндік алуда.

Кілт сөздер: *кәсіпорын, факторлар, тиімділік, өндіріс*

Кәсіпорынның шаруашылық тиімділігінің факторлары - өндіріс нәтижелеріне және шығындарына әсер ететін жағдайлар [1].

Олар келесілер: - ҒТП – тің жеделдеуі, ең алдымен, кәсіпорынға бәсекелестік күресте төтеп беріп, сапаның жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін жаңа жетістіктерді игеру;

- өндірісті құрылымдық және ұйымдастырушылық қайта құру, мамандану және кооперацияның оңтайлы жүйесі;

- басқару әдістері мен жүйесін жетілдіру;

- өндірістің жетілдіруі және дамуының әлеуметтік механизмдерін белсенді пайдалану, кадрлар біліктілігін арттыру, еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру;

- халықаралық еңбек бөлінісінің артықшылықтарын пайдалану. Бәсекеде жеңіп шығу үшін тұтынушыларға көп көңіл бөліп, оларды тарту және ұстап

калудың жаңа әдістерін ойлап табу қажет. Еңбек нарығы кәсіпорынға жұмысқа алынуы мүмкін адамдар құрайтындықтан, олардың біліктілік деңгейінің жоғары болуы тиімділікті арттыруға тікелей әсер етеді.

Кәсіпорынның тиімділігін арттыруға әсер ететін ұйымдастырушылық - экономикалық факторларды екіге бөліп қарастыруға болады. Ол кері және жағымды әсер ететін факторлар.

Шығу орнына байланысты барлық факторларды 2 топқа бөлуге болады: ішкі факторлар; сыртқы факторлар. Ішкі факторлар кәсіпорынның өз қызметінен тәуелді, яғни оларды кәсіпорынның өзі туғызады. Ішкі факторлар соншалықты түрліше болғандықтан, жақсы түсіну, талдау және өндіріс резервтерін табу үшін, оларды да келесі топтарға біріктіру жөнді болады: нарық жағдайында басшылардың өздігіне және олардың командасының кәсіпорынды басқару қабілетіне байланысты; ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуіне, кәсіпорынның инновациялық саясатына байланысты; өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруын, кәсіпорын басқаруын жетілдіруіне байланысты; коллективте қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасалуына байланысты; өндіріс пен саланың өзгешелігімен байланысты; өнімнің сапалылығымен және бәсекелестілігімен, шығындардың басқарылуымен және бағалық саясатымен байланысты; амортизациялық және инновациялық саясатымен байланысты.

Бұл топтау таза шарттылы және ол факторлардың алуан түрлерін бейнелемейді, бірақ ішкі факторларды және өндіріс тиімділігіне ықпалын тым жете есептелуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге оларды объективті және субъективті факторлар деп бөлуге болады. Объективті факторлар – бұл олардың пайда болуы басқару субъектілеріне тәуелді емес. Мәселен, кен кәсіпорында кен геологиялық жағдайларының нашарлауы немесе дүлей апаттар, жер сілкінісі. Субъективті факторлар, ал олар, абсолютті көпшілігін құрайды, түгелдей басқару субъектісіне тәуелді болады және олар әрқашанда өзінің көз өрісінде және талдауында болуы қажет. Нарық жағдайларында кәсіпорынның тиімділік жұмысы елеулі деңгейде сыртқы факторларына да тәуелді, оларды келесі топтарға бөлуге болады: ішкі және сыртқы нарық конъюктурасының өзгерісіне байланысты. Негізінде бұл сұраныс пен ұсыныстың өзгерісінен, сонымен қатар бағаның ауытқуынан байқалады; әрі ішкі еліміздің, әрі аса ғаламдық масштабындағы саясаттық ахуалының өзгерісімен байланысты; инфляциялық процестермен байланысты; мемлекет қызметімен байланысты.

Қазіргі жағдайларда Қазақстанда кәсіпорындар қызметінің тиімділігі көбінесе мемлекетке байланысты, алдымен өркениетті нарықтың құрылуына және осы нарықтағы ойынның ережесіне, яғни құқықтық негізді құру, елімізде тиісті құқық тәртібін және оның ұлттық қауіпсіздігін қамсыздандыру, экономиканың тұрақтануы, әлеуметтік қорғауды және әлеуметтік кепілдікті қамсыздандыру, бәсекені қорғау, заңды жасау, қабылдау және шарушылық заңды орындалуын ұйымдастыру қажет [2]. Экономикалық бағалаудың негізінде кәсіпорынның тұрақты дамуының нәтижелік көрсеткішінің өзгеруіне әсер ететін факторларды анықтау, анализдау және болжау жатыр.

Кәсіпорынның дамуы ішкі және сыртқы факторлар комплектерінің қиын арақатынас жағдайында жүзеге асады. Ішкі, кәсіпорынға тәуелді, факторлар реттеледі, сондықтан соларға тоқтаймыз. Экономикалық факторлар бірнеше белгілермен салаларға бөлінеді. Олар жалпы бола алады, яғни біраз көрсеткіштерге әсерін тигізеді, немесе жеке бола алады, нақты көрсеткішпен мінезделеді. Бірақта факторлардың көбінісі жинақтаушы сипатқа ие, яғни бөлек көрсеткіштердің байланысы мен өзара кесімділігімен түсіндіріледі. Кәсіпорынның даму кезеңдерінде баяғы қайталанатын факторлар әр-түрлі әсер ету күшіне ие, сондықтан факторларды кезеңдерге байланысты салаларға бөлу керек. Кәсіпорынның нарықтан тыс кезінде, экономикалық тұрақтылық тұрғысынан қарағанда, кәсіпорын сыртқы факторлар әсеріне душар болады. Бірақта, кәсіпорын сыртқы факторлар әсеріне ешқандай кедергі жасай алмаған соң, ішкі және реттелетін факторларды қарастырған жөн. Жаңа кәсіпорынның пайда болуы және нарыққа ақырындап енуі үлкен қаржылық шығындармен, активті маркетингпен түйіндес, сондықтан капитал құрылымының қарыз меншік сыбағасын, тәуекел көрсеткіштерін, сату рентабельділігін және негізгі қызметтің өтімділік көрсеткіштерін қадағалау керек. Нарықтан тыс кезінде төлемқабілеттілік пен тәуекел көрсеткіштері тұрақты болмағандықтан, олармен экономикалық тұрақтылықты бағалаған жөнсіз. Онда кәсіпорынның негізгі қызметінің тиімділігі көрсеткіші бірінші реттік фактор болады, оларға келесі факторлар әсер етеді: рентабельділік, сатылым және актив айналымы. Кәсіпорын нарықта орнығу кезінде өзіне жағымды ортада жұмыс істейді, себебі, шикізат жеткізетін каналдар жолға қойылған, өндіру мен өткізу жақсы айналымда, табыс өсуде болады. Сыртқы факторлар нарықтан тыс кезеңіндегідей әсер ете алмайды. Пайданың бұл кезеңде өсуіне байланысты, тұрақтылықтың көрсеткіші болып төлемқабілеттілік пен тәуекел саналады. Оларға мынандай факторлар әсер етеді: пассив құрылымы; негізгі және айналымдағы құралдардың қаржыландыру құрылымы; шығыс құрылымы; қарыздағы және жеке меншіктің қатынасы; түпкілікті және айнымалы шығыстар.

Кәсіпорын нарықта даму кезінде барлық күшін жинайды, өндіріске барлық күш қуат пен ресурстар қатысады. Пайданың өсуі тежеледі немесе тоқтайды, негізгі құралдар тозады, дамып кележатқан бәсекелес кәсіпорындар пайда болады. Сондықтан, кәсіпорынның табыстылығына қарамастан, басқа кәсіпорындардың жаңа технология мен техниканы пайдаланып тауардың өзіндік құнын төмендету (қызмет көрсетуді жетілдіру) салдарынан, бәсекеге қабілеттілік азаяды. Арада нәтижеде, нарықта дамыған кәсіпорынға бағаны азайту немесе қызметті жетілдіру керек, ол өз кезегінде табыстың азаюына әсер етеді. Ал егер бәсекелестерде тауардың сапасы кәсіпорынмен салыстырғанда жақсырақ болса, онда ол айналымдағы капиталдың өліміне, келешекте кәсіпорынның құлдырауына әкеледі. Бірақта, егер кәсіпорын өз құрал-жабдықтарын жаңамен ауыстырса немесе модернизацияласа, онда кәсіпорын даму кезеңінің жаңа қисық өмірлік циклына өтеді. Бұл жағдайда экономикалық

тұрақтылықты осы кезеңге сай көрсеткіштермен бағалау керек. Осылай кәсіпорын нарықта даму кезеңінде өз бәсекеге қабілеттілігін жоғалтпайды, техникалық және технологиялық олқылықтар бұл салаларда байқалмайды. Тұрақсыздық – өндірістің жаңа сапалы дәрежесіне ауысу қажеттігі. Сол себепті бұл кезеңде кәсіпорынның қаншалықты пайдалы екенің білген жөн. Және жарғының қызметі пайда алып келеме? Нарықта даму кезеңінде кәсіпорын іскерлік тиімділігі мен негізгі іскерлік тиімділік бірінші реттік факторлар болып табылады. Оған екінші реттік факторлар әсер етеді: айналымдағы капиталдың айналымдылығы; сату рентабельділігі; актив рентабельділігі; өз капиталының рентабельділігі. Кәсіпорынның өмірлік циклының құлдырау кезеңінде экономикалық тұрақтылық пен тұрақсыздық қандай жағдайда болатыны белгілі, сондықтан бұл кезеңді талдау жөнсіз [3]. Кәсіпорын басшылығына экономикалық тиімділікті жетілдіру бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады: ол негізінен жалпы активтердің құрастыру көздерінің сомасындағы меншікті капиталдың үлесін арттыруға негізделеді. Айта кеткен жөн, экономикалық тиімділікті қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін стратегия қажет. Стратегияда кәсіпорынның мынадай негізгі мақсаттарды, яғни алдағы уақыттағы кәсіпорын қызметінің бағытын, өндірілетін өнім (көрсетілетін қызмет, атқарылатын жұмыс) сапасын арттыру, аз шығын жұмсай отырып өндірістің тиімділігін қамтамасыз ету, өзіндік құнды төмендету және рентабельділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету жолдарын анықтау қажет. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық факторларына келетін болсақ, кәсіпорындағы ұйымдастырушылық негізінде классификациялық тұрғыда үш әдіспен жасалады: ұжымды ұйымдастыру; сендіру; ынталандыру. Ұжымды ұйымдастыру. Ұйымдастырылған кәсіпорын ұжымы мен жұмыскерлер тәрбиесінің жоғарғы деңгейі мен қарым – қатынас мәдениетін анықтайды. Осыған орай келесі фактор түрлерін көрсетуге болады: тәртіп; өз-өзіне қызмет көрсету; жарыс; өзін-өзі басқару. Тәртіп – бұл ұйым мүшесінің қарым-қатынас мәдениетін қамтитын тәрбие факторы. Сондай-ақ, ол ішкі тәрбие ережелері, пайдалы дәстүр мен жақсы мінездердің қалыптасуына және олардың бір-біріне деген тең дәрежедегі талабы ретінде ұсынылуына бағытталады. Кәсіпорынның экономикалық тиімділігін ұйымдастыруда басқарушының сипаты да үлкен рөл атқарады. Америка мектебі басқарушының 12 қасиетін ұсынады: Басшы қуғындаушы болмауы тиіс. Әйткені, қуғындаушы қарамағындағы адамның ізіне түседі, ал нағыз басшы соңынан ертеді. Қуғындаушы өзінің билігіне, ал басшы –соңына ерушілердің ықпалы мен көмегіне сүйенеді. Қуғындаушы өзіне бағыныштыларды өсек пен күдік әлемінде өмір сүруге мәжбүр етеді. Ал, басшы қарамағын-дағыларды қауырт іске, сан алуан қиындықтарды шешуге жұмылдырды. Басшы өз ісіне сенімді болуы, батыл мақсат қойғыш, табанды болуы, әрі осы қасиеттерін қол астындағыларға көрсете білуі тиіс. Басшы ұйымдастыру және басқару туралы ғылымды жетік білуі тиіс. Ол қол астындағылардың уақытын бағалай білуі тиіс. Басшы қатал әрі талап қойғыш болуы тиіс. Алайда қаталдық пен талап қойғыштың ешқашанда кінәмшілдікке, мейірімсіздікке апармауы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Балабанов, И.Т. Финансовый анализ и планирование хозяйствующего субъекта /И.Т.Балабанов. – М.: Финансы и статистика, 2003. - 234с.
2. Қазақстан Республикасында құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2015 - 2020 жылдарға арналған бағдарлама. - Алматы:Адилет, 2015.- 12 б.

*Курманкулова Н.Ж. к.э.н., доцент
Жалғасова Ж.С. магистрант
Актюбинский университет им. С. Баишева,*

ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРЕДПРИЯТИЯ

Аннотация

Многие предприятия, повысить качество продукции, тесное сотрудничество с поставщиками и установки, экономия, получают возможность выйти на новые рынки и оперативно.

Ключевые слова: *предприятие, факторы, эффективность, производство*

*Kurmankulova N.Zh.
Zhalgasova Zh.
Aktobe S.Baishev University,*

FACTORS INFLUENCING ON EFFICIENCY of ENTERPRISE

Abstract

Many enterprises, to promote quality of products, close collaboration with suppliers and options, economy, get possibility to go out to the new markets and operatively.

Keywords: *enterprise, factors, efficiency, production*

УДК 330

Салыков Г.С. э.ғ.к., доцент
Махметова А. магистрант
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті,

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ МОДЕЛЬДЕР КӨРСЕТКІШТЕР БАЛАНСЫН САЛЫСТЫРУ

Түйіндеме

Осы мақалада Ақтөбе облысының демография-миграциялық жағдайының, өндірістік-өнеркәсіптік әлеуетінің, экологиялық хал-ахуалының және әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымының өткен кезеңдердегі өзгерулерін ғылыми тұрғыда бағалау қарастырылған.

Кілт сөздер: экономикалық өсу, модель, көрсеткіштер, баланс

2015 жылы облыстың жергілікті атқарушы органдарының қабылдаған барлық шаралары Қазақстан халқына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жолдаған, яғни Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму болашағы мазмұндалған және «Қазақстан-2050» Стратегиясының ережелеріне концептуалды баға берілген «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауынан туындайтын экономиканың бұдан әрі өсу қарқынын дамытуға және облыс тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталды [3].

Елбасының халыққа арналған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында біздің мемлекетіміздің 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясын іске асыру бойынша бірінші кезектегі міндеттерді белгіледі және алға қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізуі үшін нақты бағдарын белгіледі.

Астана, Алматы және Шымкент қалаларымен қатар Ақтөбе қаласын агломерация орталығы деп тану бұл өңірдің экономикалық дамуына жаңа жетістіктердің жақсы алғышарттарын құрады және біздің мүмкіндіктерімізді арттырады. Біздің алдымызда бәсекелестік артықшылықтарымызды пайдалана отырып, оларды экономикалық және әлеуметтік жетістіктерге айналдыру міндеті тұр.

Ақтөбе облысының 2015 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуын қорытындылай келе, Қазақстанның экономикалық дамуына едәуір үлесін қосқанын атап өту керек, бұған облыстың макроэкономикалық көрсеткіштері дәлел.

2015 жылғы бағалау деректері бойынша өңірдің жалпы өнімібір жарым триллионнан асты.

2015 жылы өнеркәсіптің өсу қарқыны 102,5% құрады, 1352,5 млрд. теңге өнеркәсіп өнімі өндірілді, бұл орта республикалық деңгейінен жоғары (ҚР бойынша -102,3%).


Тау-кен өнеркәсібінде 0,2% өнімнің төмендегенімен, өткен кезеңмен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 14,5% құрады (ҚР бойынша - 101,6%).

Өнеркәсіптің басым салаларында да өсімдер байқалды: металл кендерін өндіру 5,4%, кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру 9,5%, химия өнеркәсібі 1,7%, өзге металл емес өнімдерін өндіру 21,4%, металлургия өнімі 0,3%, машина жасау 11,6%, машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын жасау 58,6%.

Өнімнің негізгі түрлерін өндіру бойынша облыс 2013 жылғы деңгейінен асып түсті. Мыс кенде-рі – 7,9%-ға (5,1 млн. тонна), хром концентраты – 6,3%-ға (4,2 млн. тонна) өсті.

Облыс экономикасына есепті жылы жарты триллионға жуық (496,2 млрд. теңге) инвестиция тартылды, бұлткен жылғы көлемінен 11,9% артық. Инвестиция көлемі бойынша облыс аймақтар арасында Атырау облысы мен Астана қаласынан кейінгі үшінші орынды иеленді.

Ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі 127,9 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылғы деңгейден 100,3%. Өсімдік шаруашылығы саласының нақты көлемі индексі 110,2%, ал мал шаруашылығы 95,9 % құрады [4].



Ескерту: Зерттеу материалдары негізінде автормен құрастырылды

2-сурет. Ауыл шаруашылығының нақты көлем индексі, %

Шағын және орта бизнесте жұмыс жасайтындар саны 12,6% өсіп, 120,2 мың адамды құрады. Олар 431,4 млрд. теңге сомасына өнім шығарды, бұл өткен жылғы деңгейден 3,3% артық. Осының нәтижесінде бюджетке салық және басқа да төлемдердің түсу көлемі 7,3% ұлғайды (115,6 млрд. теңге).

Құрылыс жұмыстарының көлемі 186,2 млрд. теңгені құрады немесе 2013 жылғы деңгейден 42,6% артық.

Бөлшек тауар айналымының нақты көлем индексі 110,8% жетті. Барлығы 335,7 млрд. теңгеге тауар өткізілді.

Шоғырланған бюджетке (Ұлттық қормен қоса алғанда) түскен салықтар мен басқа төлемдер 614,5 млрд. теңгені құрады немесе болжамға 102,7% құрайды: оның ішінде республикалық бюджет- 182,7 млрд. теңге, жергілікті бюджет – 75,0 млрд. теңге. 2015 жылы Ұлттық қорға 356,7 млрд. теңге жіберілді.

2015 жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша облыс бюджетінің шығыс бөлігі 99,6% орындалды.

Инфляциядеңгейі 4,5% құрады немесе орташа республика бойынша 0,3 % төмен.

Алдын ала деректер бойынша халықтың ақшалай кірісі 2,4% өсті, 2015 жыл бойынша атаулы жалақы 6,8% өсіп және 96,4 мың теңгені құрады. Жұмыс нарығында жағдайы тұрақты. Тіркелген жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халықтың 0,2% құрапотыр.

Есепті жылы 15,6 мың жұмыс орны құрылды.

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарлама сының жүзеге асырылуы

2015 жылдың қорытындысы бойынша ҰИИДМБ барлық негізгі көрсеткіштері бойынша өсу қарқыны оң нәтижелерге қолжеткізді:

- өнеркәсіп өнімінің көлемі 2,5%-ға өсіп, 1,35 трлн. теңгені құрады;
- ӨЖӨ құрылымдағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 8,8%-дан 9,4% өсті;
- өңдеу өнеркәсібіндегі инвестиция көлемі 20,1% өсіп, 93,3 млрд. теңгеге жетті;
- облыс экономикасының шикізат секторындағы экспорттың үлесі 23,1% құрады;
- өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі саладағы 1 адамға шаққанда 34,9 мың АҚШ долларына жетті.

Облыстың индустрияландыру картасына құрылыс кезінде 7,9 мың жұмыс орындары және пайдалануға беру кезінде 10,0 мың жұмыс орындарының ашылуымен, құны 574,9 млрд. теңге болатын 76 инвестициялық жобалар енгізілді. 2015 жылы жоғары көміртекті феррохром өндіретін қуаттылығы жылына 440 мың тонналық жаңа ферроқорытпа зауыты, сонымен қатар қуыс плиталарды өндірісі бойынша кешен (үй құрылысы комбинаты), қуаттылығы жылына 300 мың шаршы метр энергиялық тиімді әйнек пакеттерінің өндірісі және басқа жобалардың құрылысы аяқталды [5].

Салаларда өндірілген, соның ішінде инновациялық құрамы бар өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретін резервтер бар. «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС мен «Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ бірлесуі мен қуаты жылына 430 мың тонналық рельс өнімдері зауытының құрылысы жүзеге асырылуда.

Ақтөбе облысының алдағы жылдарда дамуының басты басымдығы ретінде - нарықтық экономика жағдайында қолда бар шикізат әлеуетін тиімді пайдалану есебінен жоғары технологиялық өңдеу өнеркәсібін құру және

дамыту арқылы облыстағы халықтың тұрмыс деңгейін көтеру саясаты болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

- 1 Назарбаев, Н. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті-Ұлт Көшбасшысы-Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы [Мәтін] /Н. Назарбаев // Егемен Қазақстан.- 2012.- №41-42.- 1-3 б.ж
- 2 Кузнецова, О. Теоретические основы государственного регулирования экономического развития регионов / О.Кузнецова // Вопросы экономики. –2009. - №4. - С. 46-66.
- 3 Телеужанов, Е. Ресурсный потенциал региона и приоритетные направления развития / Е.Телеужанов // Транзитная экономика.– 2009. - №2. –С.36-40
- 4 Шокоманов, Ю.К. Динамика экономического развития Казахстана и отдельных территорий в региональном разрезе за 10 лет независимости / Ю.К.Шокоманов // Экономика и статистика. - 2009. - №22.

Салыков Г.С. к.э.н., доцент
Махметова А. магистрант
Актюбинский университет им. С.Баишева,

СРАВНЕНИЕ БАЛАНСА ПОКАЗАТЕЛЕЙ МОДЕЛИ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

В представленной статье рассмотрены вопросы демографии по Актюбинской области-миграционные ситуации, производственно-промышленного потенциала, экологического состояния и состояния социально-экономической инфраструктуры, прежде всего, в оценке изменений за прошлые периоды.

Ключевые слова: *экономический рост, модель, показатели, баланс.*

Makhmetova A.
Salykov G.S.
Aktobe S.Baishev University,

COMPARISON OF BALANCE OF INDEXES OF PATTERN OF ECONOMIC GROWTH OF AKTOBE AREA

Abstract

In the presented article the questions of demography are considered on the Aktobe area-migration situation, productively-industrial potential, ecological state and state of socio-economic infrastructure, foremost, in the estimation of changes for past periods.

Key words: *economy growing, model, indexes, balance.*

УДК 330.03

Салыков Г.С. э.ғ.к., доцент
Қонысбай А. магистрант
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті,

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме

Осы мақалада агроөнеркәсіп кешенін индустриялық-инновациялық дамытуға жоғары технологиялық инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы, сондай-ақ су ресурстарын ықпалдастырылған басқару қағидаттарын енгізу жолымен қол жеткізілетін жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: экономикалық тиімділік, өнім сапасы, индустриялық-инновациялық дамыту, мемлекеттік қолдау

ҚР АӨК дамыту мақсатын белгілеу кезінде сыртқы орта мен ҚР АӨК ағымдағы жағдайдағы мынадай қалыптасқан шешуші үрдістерді ескеру қажет: экстенсивті дамыту мүмкіндіктерінің аяқталуы, өнімділікті арттыру және технологиялардың жаңғырту қажеттілігі орын алды; 1990-шы жылдардағы реформаларға дейінгі кезеңнің сандық, алайда бірқатар кіші салалар бойынша сапалы өзге нарықтық негіздегі көрсеткіштерге шыға отырып, дамудың қалпына келтіру кезеңі аяқталуда; алдағы ДСҰ-ға кіру және Кеден одағының шеңберіндегі қызмет жағдайларында халықаралық сауданы, көлік және коммуникация құралдарын белсенді дамыту, өнім стандарттарын көтеру, тұтынушылар қалауларының өзгеруі мемлекеттік қолдау деңгейін төмендету кезінде бәсекеге қабілеттілігіне және онымен тікелей байланысты еңбек

өндіргіштігі, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің экономикалық тиімділігі, өнім сапасы мен маркетинг мәселелеріне талаптар бірінші кезекке қойылады; өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы субсидиялауды қоса алғанда, саланы қаржылық сауықтыру, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ АӨК субъектілерін ветеринариялық, фитосанитариялық қауіпсіздік және сумен қамтамасыз ету саласында мемлекеттік қамтамасыз етуді дамыту, жер және салық қатынастары, салық салу, техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау және 178 қадағалау жүйесінің тиімділігін көтеру мақсатында АӨК саласын мемлекеттік қолдау жөніндегі бірқатар жүйелі шаралар талап етіледі. Бағдарламаның мақсаттарын іске асыру үшін Ауыл шаруашылығы министрлігінің күші мынадай бағыттар бойынша бағытталатын болады. Өсімдік шаруашылығы саласындағы стратегия, бірінші кезекте, дақылдарды өңдеудің ғылыми негізделген ылғал-ресурс үнемдеуші технологияларына көшу, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы айналымына жаңа және қазір пайдаланылмайтын жерлерді тарту жолымен өндірісті әртараптандыруды, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыруды көздейді. Астық өндірісінің инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар бөлінетін болады, өйткені дәнді дақылдар ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау құрылымында неғұрлым үлкен үлес алады. Элеваторлар мен астық тасығыштар жетіспеушілігі проблемасы астықты өңдеу мен сақтауға, сондай-ақ оны тасымалдауға арналған қуаттарды құру және кеңейту есебінен шешілетін болады.

Мал шаруашылығы саласында ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді етті мал шаруашылығын дамытуға ынталандыру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Асыл тұқым базасын дамыту және малмен құстың генетикалық әлеуетін арттыру бойынша жұмыс, соның ішінде одан әрі репродукциялау үшін асыл тұқымды малдарды импорттау есебінен жалғастырылатын болады. Дәстүрлі мал шаруашылығы салаларын дамыту үшін жайылымдық мал шаруашылығын, соның ішінде қой шаруашылығын дамытуды ынталандыратын іс-шаралар кешені қабылданатын болады. Сондай-ақ жемшөп өндірісін дамыту және азып-179 тозған жайылым жерлерді қалпына келтіру, суландыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Агроөнеркәсіп кешенін индустриялық-инновациялық дамытуға жоғары технологиялық инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы, сондай-ақ су ресурстарын ықпалдастырылған басқару қағидаттарын енгізу жолымен қол жеткізілетін болады. АӨК субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің қолжетімділігін арттыру Аталған бағыт шеңберінде келесі міндеттерді шешу қажет: Өсімдік шаруашылығындағы тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру; Астық сақтау бойынша қызметтердің физикалық қолжетімділігін арттыру; Ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерге судың экономикалық

қолжетімділігін арттыру; Мал шаруашылығындағы және тауарлы балық өсірудегі тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру; Ауыл шаруашылығы шикізатын тереңнен қайта өңдеу үшін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру; Қаржы қызметтерінің экономикалық қолжетімділігін арттыру; Білім беру қызметтерінің, аграрлық ғылым нәтижелерінің және консультациялық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру. Отандық ауыл шаруашылығы өнімінің озық технологияларын енгізуді ынталандыру және өндіріс көлемдерін арттыру мақсатында қолданыстағы қолдау шараларымен қатар жеке дақылдарды жекелей субсидиялаудан жеңілдетілген қаржыландыру арқылы қолдауға біртіндеп көшу көзделетін болады (кредит және лизинг АӨК мемлекеттік қолдаудың экономикалық реттеу негіздері Аймақтық деңгей Республикалық деңгей Реттеудің экономикалық механизмі Өсімдік және ет өнеркәсібін қолдау мен ынталандыру; Жер ерекшеліктеріне сай аймақ дамуы үшін жағдай жасау; Өндірушілер есебінен аграрлық өнімдер нарығын реттеу; АӨК инфрақұрылымын дамыту; Аграрлық өндірісте табыстың артуы үшін жағдай қалыптастыру. Ауылшаруашылық және басқа салада арасындағы баға өсімін қамтамасыз ету; АӨК инвестиция-инновациялық саясатты жетілдіру; Ауылшаруашылығында тиімді қор ахуалын құру; Зандық- құқықтық реттеулер; Сыртқы-экономикалық саясатты реттеу. Қаржыландыру Бағатағайындау Салықсалу Несиелендіру Сақтандыру 180 бойынша пайыздық ставканы субсидиялау, қаржы институттары алдындағы АШТӨ қарыздарын кепілдендіру жүйесін және сақтандыру жүйесін енгізу, сондай-ақ жобаларды іске асыру кезіндегі инвестициялық субсидиялау көзделетін болады). Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына кредиттік жүктемені төмендету және олардың банкротқа ұшырауына жол бермеу мақсатында осы кәсіпорындарды қаржылық сауықтыру жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ салық салу жүйесі қайта қаралатын болады Осы бағыт шеңберінде мынадай міндеттерді шешу жоспарланып отыр: Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану тиімділігін арттыру; Ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сорттық сынаудың тиімділігін арттыру; Салық салу жүйесінің дамуы; АӨК субъектілері үшін мемлекеттік қызметтерді көрсету жүйесін дамыту; Ауыл шаруашылығындағы техникалық реттеу жүйесін дамыту; Мемлекеттік реттеудің тиімді шараларын пайдалану, ҚР АӨК бизнесін дамыту үшін қолайлы жүйелі жағдайлар жасау, секторға тартылатын орташа жылдық инвестицияны екі еселеу, өнімділіктің өсуі нәтижесінде мемлекеттік қолдау көлемін елдің ауыл шаруашылығы ЖІӨ 10%-ына дейін ұлғайта отырып, осы бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу орын алады. Мемлекеттік реттеуді жүйенің тиімділігінің жоғарылатуына шығындарының апк және еншіні субъекттердің мемлекеттік қамтамасыз етуін дамытуға ерекшеленген құралдарының еншісі 1, 2% ке үлкееді. АӨК мемлекеттік қолдауды жетілдіру жолдары кәсіпорынның өзіндік қаржыларының үлесін арттыру, амортизациялық аударым маңызын арттыру, ауылшаруашылық машинажасау, лизингті дамыту; Шаруашылықты ірілендіру,

крестьяндық кооперативтер жүйесін дамыту, кластер құру; Мемлекеттік бюджет қаражатының шығынын мақсатты пайдалануын қадағалауды күшейту. Мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру мақсатында барлық субъектілерді біреуге біріктіру мүмкіндігі қаралатын болады. ДСҰ-ға кіру, сондай-ақ КО мен БЭК-тағы мүшелік тұрғысында отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге тең жағдайларды қамтамасыз ету үшін жоспарланып отырған кезеңде мемлекеттік қолдау деңгейін ықпалдастыру процестері шеңберінде тиісті келісілген көрсеткіштерге дейін жеткізу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Шадиев, Р. Индустриалды-инновациялық дамудың проблемалары /Р.Шадиев // Саясат. - 2003. - № 11. – Б. 87-89.
2. Жұмаев, Ж.Ж. Экономиканың мемлекеттік реттелінуі: Оқу құралы /Ж.Ж. Жұмаев. – Орал, 2001. – 258б.

Салыков Г.С. к.э.н., доцент

Конысбай А. магистрант

Актюбинский университет им. С.Баишева,

ПРОБЛЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ РАЗВИТИЯ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА

Аннотация

В этой статье рассмотрены основные аспекты развития агропромышленного комплекса, индустриально-инновационного развития посредством реализации высокотехнологичных инвестиционных проектов, а также путем внедрения принципов интегрированного управления водными ресурсами.

Ключевые слова: *экономическая эффективность, качество продукции, индустриально-инновационное развитие, государственная поддержка*

Konysbai A.

Salykov G.S.

Aktobe S.Baishev University,

PROBLEMS OF STATE SUPPORT OF DEVELOPMENT OF AGROINDUSTRIAL COMPLEX

Abstract

The basic aspects of development of agroindustrial complex are considered in this article, industrially-innovative development by means of realization of hi-tech investment projects, and also by introduction of principles of the integrated water control.

Key words: *economic efficiency, quality of products, industrially-innovative development, state support*

УДК 338.48

*Серғалиева Р.А. аға оқытушы
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

ЕЛІМІЗДЕГІ ІШКІ ТУРИСТІК ИНДУСТРИЯНЫ ДАМУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Аннотация

Осы мақалада Қазақстан Республикасында ішкі туристік индустрияны дамытудағы өзекті мәселелерді атай отырып және оны шешудің жолдары қарастытылады. Туристік инфрақұрылымдық жүйенің қалыптаспау себептері атап көрсетіледі. Ел басымыз Н.Ә. Назарбаевтің жылма-жылғы үкімет пен халыққа жолдаған жолдаулары еліміздің экономикасын дамытуға ішкі туризмнен түсетін пайданы атап көрсете отырып және оны дамытуға жасалатын нақты қадамдарға бағыт бағдар жолдап отырғандығы айтылады.

Сондай-ақ, « XXI-ғасыр туризм ғасыры» деп бекер айтылып жүрген жоқ. Осы орайда елімізде ішкі туризмді дамытуға айтулы оқиғалар мен іс-шаралар жүзеге асырылып отырғандығына көптеген дәлелдер келтіріледі.

Кілт сөздер: *индустрия, инвестиция, инфрақұрылым, рәсім, фактор, форма.*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев туристік индустрия қызметі мемлекет қазынасына айтарлықтай кіріс әкелетін, болашағы бар экономиканың саласы ретінде көріне алатындығы жайлы стратегиялық бағдарламасында атап өткен болатын. Сонымен қатар, дәстүрге еніп қалыптасып келе жатқан Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің әлеуметтік экономикалық әлеуетін дамыту мақсатында атқарылатын істер мен алда тұрған міндеттер анықталып отырады.

Туризмді дамытудың 20011-2016 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында бес жылдың ішінде халықты жұмыспен қамту үшін, сыртқы және ішкі туризм көлемінің артуы есебінен кірістің тұрақты өсімі үшін, сонымен қатар Қазақстанды Ортаазиялық аймақтың туризм орталығына айналдыру үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру қарастырылған. Аталмыш бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 59 млрд. теңгеден астам сома көлемінде қаржы бөлу жоспарланып отыр. Ағымдағы сәтте республикада туристік саланы дамытудың көптеген шешілмеген мәселелер бар. Саланың қалыптасуына кедергі келтіретін бірқатар объективті факторлар орын алып отыр [1,2].

Бұл, ең алдымен туристік кәсіпорындармен және онымен сабақтас бірнеше саладағы да әлсіз менеджмент, сондай-ақ туристік инфрақұрылымды қолда бар объектілердің негізгі қорлардың екі жаққа тиімді жасалған жоспарлы жұмыстарының әлсіздігінен деп танылып отыр. Елдің ұлттық, ішкі және экономикалық қауіпсіздігіне туризмнің ықпалы, сондай-ақ шетелдік туристердің Қазақстанда болу қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы бұл күнде өзекті мәселе

болып отыр. Статистика жөніндегі мемлекеттік органдар туризмді дербес сала ретінде жеке қарастырған. Алайда, туристік көрсеткіштерді есепке алуды жетілдіру жөніндегі жұмыс «Дүниежүзілік Туристік Ұйымның» ұғынымдарына сәйкес жүргізілді. Осы мақсаттарда статистикалық есеп беру нысандары жыл сайын қайта қаралады және қазіргі уақытта тексерудің жаңа бланкілері енгізілуде. Туризм салааралық қызметтің үлгісін білдіреді, мұның өзі көмекші шоттар енгізуді талап етеді [3].

Туристік саланы дамытудың аса маңызды мәселелерінің бірі қаржыландыру мәселесі болып табылады, оны шешу үшін:

- мемлекеттік және жеке менеджменттің тиісті деңгейін қалыптастыруды қамтамасыз ету;
- жеке бастамалардың дамуына жәрдемдесу;
- Қазақстандық туристік өнімді сыртқы және ішкі нарыққа жылжытудың тиімді жүйесін әзірлеу;
- инвестиция мен салық салу мәселелері бойынша қажетті нормативтік-құқықтық келісімдер қабылдау;
- шет ел туристерінің Қазақстанға келу рәсімін оңайлату;
- саланың ақпараттық кеңістігін қалыптастыру қажет және т.б.[4.8].

Бүгінгі таңда Қазақстандағы туризмнің дамуын тежеуші факторлар өзінің сипаты жағынан алуан түрлі болып келеді. Олар мемлекет және туристік бизнес өкілдері мен жанама салалардың өкілдері біріге күш жұмсай отырып, өзекті мәселелерді шешудің жолдарын қарастыруды талап етеді.

Еліміз егемендік алған тұста туризмнің дамуына мемлекет тарапынан мүлдем жеткіліксіз түрде көңіл бөлінді. Оның нақты себебі маман кадрлардың болмауынан деп түсіндіріледі. Қазіргі уақытта Ел басымызбен өкімет бірігіп бұл салаға көп көңіл бөле бастаған кезде, көптеген өзекті мәселелер шешіліп келеді. Сонық бірі- елімізде туризм мамандарын жоғарғы оқу орындарында дайындайналуда, сондай-ақ, шет елдердегі озық тәжірибелерден өтуге барлық жағдай жасалуда. Бірнеше өзекті мәселелерді шешудің әдісі мен тәсілі қарастырылуда. Ішкі туризм индустриясын дамытудағы негізгі өзекті мәселелердің бірі- туған жеріміздің тарихы мен табиғатын жан-жақты зерттеп зерделеудің қажеттілігі және туристік нысандар жанында туристік кәсіп орындарды орналасытудың маңыздылығын атап көрсету қажет. Өлкемізде таңдай қақтырар көрікті жерлердің көптігі, тарихи тағылымы мол жерлер аймақтарымызды тамшалауға туристерді тартудың кезеңі келіп жетті.

Туристік кәсіпкерлердің назарын аударатын келесі бір нәрсе – туризмдегі инфрақұрылымының жетіспеушілігі, туристік қызмет түрлерінің сапасы сын көтермейтіндігі болып табылады.

Ішкі туризмді тежеуші басты фактор- кейбір мамандардың пікірінше, тұрғындардың тұрмыс деңгейінің төмендеуі олардың еліміз бойынша туристік сапарларға шығып демалуға мүмкіндігі жоқтың қасы [5].

Туристік қызмет индустриясы кәсіпорындардың шаруашылық қызметіндегі оңды өзгерістерге қарамастан, сырттан кіру туризмінің күрт төмендеуі, шетелдіктерді қызықтыра алатындай табиғаты мен тарихы – мәдени орталықтарына бай

Қазақстанда заманға сай туристік қызмет инфра құрылымының құрылуы және істі жоғары дәрежеде ұйымдастыруды қолға алу қажеттілігін көрсетеді.

Шекараның ашылуына байланысты біздің туристердің үлкен легі алыс шетелдерге ұмтылды, отандық туристік фирмалардың көпшілігі туристерді шекараның аржағына апаруға, шоп турларға жұмыс істейді. Шоп туристер елден сыртқа қарай көп мөлшерде валюта қорын шығаратынын ескере бермейді. Сондай-ақ, елімізде туристік қызмет саласын дамытуда тосқауыл болып отырған жасанды кедергілер де аз емес, виза процедурасы және оның құны, бақылау жүйесінің күрделілігі, «туристік өнімнің» қымбаттылығы, салық ставкасы, әуежай билеттерінің құны және т.б.

Мұндай жалпылама мәселелерді жеке компаниялар шеше алмайды. Сондықтан, олар мақсатты бағыттаған мемлекеттік саясат жүргізетін елдермен бәсекеге түсуге тыс қалған. Қазақстанда көптеген туристік сервистердің сапасы мен бағасы сәйкес келмейді. Себебі сапасы төмен де, бағасы жоғары. Бұның шешімі-қызмет сапасын жоғарлатуға қаржы бөлу [6.7].

Туризмнің біздің елімізде табысты дамуы, бірінші кезекте жергілікті халықтарға байланысты. Атап айтқанда, елін сүйетін отаншыл азаматтар шетелдерге дем алғанша өз елімізде дем алуды жолға қоюлары қажет. Ұз еліміздің тарихын, мәдениетін, дәстүрін терең біліп ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыру бүгінгі азаматтардың ұрпақ алдындығы борышы болып саналады. Бос уақытты ұтымды пайдаланып, еліміздің тамаша табиғатына өздерінің бала-шағаларымен саяхатқа шығып отыруды дәстүрге айналдыру қажет деп танылады. Балаларды туған жерге тағзым етіп аялауға, дем алып сауығуларына ықпал етудің сәті бүгін келіп отыр. Өлкеміздің көз тартар табиғаты мен тарихын және мәдениетін тамсана толғаныспен насихаттау бұл күнде туризм мамандарының алдында тұрған ең өзекті мәселе болып отыр. Қазақ халық ежелден қанға сіңген қашанда әуесқой, шығармашыл халық екендігі әлде қашан дәлелденген. Олай болса, саяхатқа шығып, сауық-сайран құру біздің ата кәсібіміз деп айтсақ қателеспейміз. Сондай-ақ көпшілігіміз бен қонақжайлық қалпымызды сақтап қалған халықпыз. Саятшылық пен саяхатшылық құрып, жұмбақ әлемді тануға деген құштарлық біздің халқымыздың негізгі ерекше қасиеті деп айтуымызға толық негіз бар. Бай мәдени мұрамыз бен, рухани рухымыз ұлықтаудың кезеңі туып отырған сәтті пайдалану қажет деп табылады. Дүниежүзілік туристік ұйым жылма жыл статистикалық жинақ шығарып отырады. Бір өкініштісі, бұл кітапқа Қырғызстан еніп, Қазақстан ембей қалған. Ендеше, қазіргі таңда осындай көкейкесті мәселені мемлекеттік дәрежеде жедел шешіп, экономикалық пайданы да, халықаралық қауымдастық алдындағы ел беделін де пайдаланған ләзім [8].

Қазақстанның шетелдердегі өкілдіктері, мемлекеттік телерадио-каналдары, газет-журналдары осы мәселемен тікелей шұғылданса, Қазақстанның тарихи-мәдени мұрағаттарын елшіліктер өз мүмкіндіктеріне қарай жұмыс істеп жатқан елдер жұртына жеткізіп отырса, еліміздің өркениет саласына, мәдениет қуатына қосқан зор үлес болар еді. Туризм - экономика саласы ретінде экономика көзқарасынан өмірге жаңа сұраныс формасын тартады. Ол қазіргі тауар


кешендері және қызметтерін, туризмге сұраныс қазіргі кезде көптеген халықтарды тартады. Туризмге сұраныс өте көп.

XIX ғасырдан бастап туризм көптеген аймақтардың экономикасына маңызды әсер еткендіктен туризм ғасыры деп айтылып келеді. Туризм экономикаға туристік бірлік ең маңызды іс болады және сұраныспен тығыз байланысты. Туристік қызмет ең маңызды үш элементтен тұрады:

- Туристік қызмет;
- Көлік базалары;
- Туристік шаруашылық.

Бұл элементтер қоршаған ортан мен әлеуметтік, экономикалық факторларымен тікелей байланысты.

1-кестеде туристік өнімді жылжытудың формалалары көрсетілген.



Туризм саласы жапы алтын жұмырқа тасушы тауық болып саналады. Барлық туристік орталықтар мен аудандар туризм арқылы пайда тауып қана қоймай, туризмнің дамуына оның ішкі және сыртқы елдер нарығында дамуы үшін туристік индустрия мен туристік тауарға көптеген қорлар бөлуде туризмнің дамуы үшін бөлінген қорлар өз өтемдерін өтейді және олар сол мемлекетке одан да көп пайда әкеледі [9].

Туризмдегі қызмет көрсету сапасы халық шаруашылығы өсімінің дамуындағы аса маңызды проблемалардың бірі халықаралық нарық та қызмет көрсету жоғары сапасы бәсекелестік күресте ең мықты қару болып табылады. Қонақ үй, мейрамхана, қызмет көрсету бюролары әлемдегі белгілі бір туристік кешендерінің қызмет көрсетуіне көңілдері толған туристтер сол елдердің белсенді жарна малаушылары болады. Олар осы орындарда бірнеше рет болып, туристік топтардың санын артыруларымен қатар сол туристік аудан

дардың репутациясына жоғары баға беріп кетеді. Қызмет көрсету сапасынан туризмнің экономикалық эффектілігі арта түседі. Туристік іс шараларда қиындық қызмет көрсетудегі сапаны анықтау кезінде туындайды. Экономикалық, техникалық және басқа факторлардың әсері қызмет көрсету сапасын мүмкіндік бермейді. Сапа экономикалық категория секіліді өндірістік қатынасты құрайды. Егер өнім мен қымат көрсету көпшілікке қажет емес жағдайда онда сапа анықталмайды. Осыдан сапа экономикалық категория екенін білеміз. Ал тұтынушы бағасымен тығыз байланыста болады. Экономикалық категорияның сапасын анықтар кезінде, сапа мен нақты еңбек арасындағы байланысты ескерген жөн. Олардың арасындағы тығыз байланыстарының болу себебі сапа нақты еңбек пен тәуелді болады, нақты еңбектерінің квалификациясы қанша жоғары болса, тұтыну бағасы мен сапасы сонша жоғары болады.

Қазіргі таңда жұмыс жасап тұрған туристік кәсіпорындардың, инфрақұрылым объектілерінің негізінде өндіруші күштерді құрылымдық қайта құру және аймақтың қызмет көрсету, сауда және туристік мамандандырылуының жаңа бағыттарын дамыту үшін жағдайлар жасау қажет деп табылады [10].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бутко И.И. Туризм. Безопасность в программах туров и на туристических маршрутах: учебное пособие /Бутко И.И., Ляшко Г.И., Маркин, В.А.Ситников. – 2-е изд.доп. и перераб.- М.: ИКЦ «МарТ», Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2007.- 320с.- («Туризм и сервис»).
2. Боголюбова, С.А. Эколого-экономическая оценка рекреационных ресурсов: учеб.пособие для вузов /С.А.Боголюбова. - М.: Издат центр «Академия», 2009.- 256с.
3. Бутко, И.И. Туристический бизнес: основы организации /И.И.Бутко, Е. А. Ситников, Д. С. Ушаков. - Ростов н/Д: Феникс, 2007. - 256 с. (Серия «Туризм и сервис»)
4. Волков, Ю.Ф. Введение в гостиничный и туристический бизнес /Ю.Ф.Волков. –2-е изд. – Ростов – на - Дону: Феникс, 2004.- 352с. – (Серия «Высшее проф.образование») .
5. Вуколов, В.Н. История и теория международного туризма. Универсальный учебно-метод. комплекс для вузов по специальности «Туризм» /В.Н.Вуколов. - Алматы, 2002.- 221с.
6. Гуляев, В.Г. Туризм: Экономика и социальное развитие /В.Г.Гуляев. - М.: Финансы и статистика, 2003.- 304с: ил.
7. Гвозденко, А.А. Страхование в туризме /А.А.Гвзденко. - М.: Аспект Пресс, 2002.- 256с.

8. Ердаuletov, С.Р. География туризма: История, теория, методы, практика: учебное пособие /С.Р.Ердаuletov. –Алматы:Бастау, 2014.- 336с.
9. Никитинский, Е.С. Этапы становления и современное состояние туристской индустрии в РК: Учебное пособие для вузов /Е.С.Никитинский. - Астана, 2007.- 174с.
10. Экотуризм - инструмент устойчивого развития в 21 веке для переходных экономик стран СНГ: материалы семинара.-Алматы, 2001.-117 с.

*Сергалиева Р.А. ст.препод.
Актюбинский университет им.С.Баишева*

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ НАШЕЙ ВНУТРЕННЕЙ ИНДУСТРИИ ТУРИЗМА

Аннотация

Для развития индустрии туризма и туристических товаров выделяются огромные фонды. Недостаток развития инфраструктуры – это не хватка развлекательных мест в гостиничном бизнесе, низкий уровень обсуживающего персонала, нет связи в отдаленных участках, высокий уровень консульского сбора, экологические проблемы, все это влияет на развитие туризма.

Ключевые слова: *индустрия, инвестиция, инфрақұрылым, фактор, форма.*

*Sergalieva R.A. senior teacher
Aktobe S.Baishev University,*

ACTUAL PROBLEMS OF OUR DOMESTIC TOURISM INDUSTRY

Annotation

The government gives a lot of money to develop tourism industry and tourists goods. The following problems influenanced on tourism industry. They are: a low level of hotel stuff, there is no connection in some far places, high level of council fees and ecological problems.

Key words: *Industry , investment, factor form .*

ӘОЖ 330.322(12)

Султанова Г.Н. магистрант
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ

Түйіндеме

Бұл мақалада Ақтөбе облысының инвестициялық ахуалы және инвестиция тартымдылығын арттырудың басымды бағыттары қаралған

Кілт сөздер : *инвестиция, индустрияландыру, инфрақұрылым, ахуал, технопарк.*

Қазақстан тәуелсіздіктен бері қарай өз экономикасы үшін тікелей инвестицияны тәуір тартты. Бірқатар деректерге қарағанда, бүгінгі күнге дейін елімізге тартылған инвестиция 107 млрд. долларды құрайды. Жан басына шаққан көрсеткіште бұл өте қомақты деңгейді білдіреді. Яғни, Қазақстан инвестиция мәселесінде табысты мемлекеттердің біріне айналып отыр.

Жалпы, дамушы мемлекеттер үшін бұндай тікелей инвестиция экономиканы дамытудың негізгі қозғалтқышы болып табылады. Сырттан инвестиция тарту мәселесі әсіресе дағдарыс жылдарында үлкен демеу болары сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, бірқатар сарапшылар жалпы Қазақстан экономикасына әлемдік қаржылық дағдарыс әсер еткенімен де, инвестициялық тартымдылығына соншалықты әсер етпеді деп пайымдайды.

Қазақстан Республикасы экономикасының дамуында шетел инвестициялары аса маңызды орын алады. Себебі шетел инвестициялары елдің өндірістік базасын жедел жаңартуға және оның өндірістік мүмкіндіктерін арттыруға көмектеседі. Жалпы бізге әлемнің 100-ден аса мемлекетінен инвестиция кұйылады. Бұл біздің еліміздің шетел инвесторлары үшін инвестиция салуға қолайлы екендігін көрсетеді. Шетел инвестициялары экономиканың әртүрлі салаларында игеріледі. Әсіресе, мұнай-газ саласындағы шетел инвестицияларының игерілуі өте жоғары. Тәуелсіздік алғанан бері бұл салаға келген инвестицияның жалпы көлемі 27 млрд.-қа жуық долларды құрайды .

Қазақстан үшін алдағы қоғамдық экономикалық проблемалардың бірі ретінде қуатты тұтыну кешенін жасауға инвестиция бағыттау болып отыр. Соныменқатарсалаларға капитал салудыбағыттауқажет:

- ауылшаруашылығына;
- өндірістікинфрақұрылымға;
- жеңілжәнетамақөнеркәсібікәсіпорындарыныңдамуына;
- саудаға;
- тұрғынүйқұрылысына.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 мамырдағы № 958 "Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" жарлығымен және ҚР Үкіметінің ағымдағы жылдың 14 сәуірдегі № 302 қаулысымен облыс әкімдігінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 150 қаулысымен бекітілген Индустрияландырудың өңірлік картасы әзірленген [1].

Индустрияландырудың Республикалық картасына сүйенсек 12 жоба, 21 жоба, 33 жоба индустрияландырудың Өңірлік карта жинағына кірді.

Ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша 14 объекті пайдалануына тапсырған. 4 объекті республикалық индустрияландыру картасына енгізілген.

- рентген аппараттының өндірісі - 16 компьютерлік томография бөлігі («Актюбрентген АҚ»);

- («Ақтөбе мыс серіктестігі» ЖШС) мыс және мыс - мырыш кендерінің өңдеуі бойынша № 2- байыту фабрикасы, егденің кеннің тонналары және мыс мырыш концентратының 227, 8 мың тонналары 2, 0 миллион қуаттылығы, 198 жұмыс орны бар;

- («Айс» ЖШС) 1100 ірі қара мал-сүт фермасы, қуаттылығы 7,2 мың тонна, 70-тенастам жұмыс орны жасалған;;

- шошқа шаруашылығы, қуаттылығы 3200 тонна 40 мың бас («Парижская коммуна» ЖШС) мал шаруашылығы кешені, 250 жұмыс орны бар.

10 объекті өңірді индустрияландыру картасына енгізілген

- қуаттылығы - жұмыртқа данасы - 110, 0 миллион («Рамазан» ЖШС) қайта жаңғыртылған құс фабрикасы, 15 жаңа жұмыс орны ашылды;

- қуаттылығы 371 аммонит тонна (нитрохим Казцкуб ЖШС) аммонит өндірісі, 30 жұмыс орны ашылды;

- қуаттылығы 30 млн. шартты бірл. қыш бұйымдарының өндірісі бойынша зауыт («Ситал-2» ЖШС), 200 жұмыс орны ашылған.

- вибрацияланып тығыздалған бұйымдар өндірісі бойынша зауыт (ЖШС «СпецТрансСтройКомпани»), қуаттылығы жылына 650 мың ш.бірл. Сонымен қатар 30 жұмыс орны ашылды;

- жер асты кешені - «Шығыс» шахтасы (ЖШС «Шығыс-Ориел»), қуаттылығы жылына 30млн. тонна руда өндіреді, 413 жұмыс орны бар;

- Жаңажол ГТОС екінші кезегі (АҚ «Актобемунайфинанс»), қуаттылығы 110 МВт, 16 жұмыс орны бар ;

- қыш кірпішін өндіріс бойынша зауыт («Актобе СтройМонтаж» ЖШС қуаттылығы 25 млн. ш.бірл. жылына, 120 жұмыс орны бар;

- көлік - логистикалық орталық (ЖШС «АктобеЦентр»), 20,5 мың қуаттылығы паллеторны, демек 190 жұмыс орны бар;

- мұнай базасының қалпына келтіруі (АФ ЖШС «SinoOil»), қуаттылығы 20,0 мың. куб.м. жылына, 70 жұмыс орны бар;

- қиыршық тастың өндірісі бойынша зауыт (ЖШС «ТеміржолКұрылысАтырау»), қуаттылығы 500,0 мың.куб.м. жылына, 30 жұмыс орны бар.

2010 жылдың соңына дейін келесі инвестициялық жобалар іске асырылды:

- мұнайды әзірлеу бойынша зауыт №4 («СНПС- Ақтөбемұнайгаз АҚ»), қуаттылығы 4,0 млн.тонна жылына, 50 жұмыс орны бар; Жаңажол туған жерінде Қабатқа тазаланбаған Газ арнасы бойынша компрессорлық станция (АҚ «СНПС-Ақтөбемұнайгаз»), жылына 1,5 млрд.куб.м. қуаттылығы 25 жұмыс орны бар;

- Солтүстік Турваның туған жеріндегі кешенді толық сығатын сорап станциясы (АҚ «СНПС- Ақтөбемұнайгаз»), жылына қуаттылығы 3,5 млн.тонн нефті және 1,5 млрд.куб.м. газ болады және 40 жұмыс орны бар;

- Лақтыбай және Қаратөбе атты жол бойы газдың шығатын жеріне пайдалану жүйесіне Текше Тас газ поршенді электростанциясын құрылысын жасау, (ЖШС «Қазақтуркмунай»), қуаттылығы жылына 10,0 млн.м3 газ (ГПЭС - 5 МВт сағатына), 30 жұмыс орындармен қамтамасыз етеді;

- Шебень өндіріс зауыты (ЖШС «Компания Текше Тас»), бір сағатына мыңша қуаттылығы 270,0 тонн болады, сонымен қатар 45 жұмыс орны бар;

- Шебень өндіріс зауыты (ЖШС "Мұғалжар Мұнайқұрылыс"), жылына 700 мың. тонна алады, және де 60 жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді

- Екінші кезеңде құс фабрикасының (АҚ "Коктас-Ақтобе") реконструкциясы, жылына 1100 тонна ет өндіреді, және 4 жұмыс орындарын қамтамасыз етеді.

- Металлоконқұрылымы өндірісінің ("Ақтөбе зауыты металлоконқұрылымы" ЖШС) модернизациясы, жылына 12,0 мың тонна металлоконқұрылымы өндіріледі, сонымен қатар 35 жұмыс орнымен қамтамасыз етеді ;

- Чилисай базасында фосфорит ұнының өндірісі ("*Темір Сервис*" жШС), жылына 200,0 мың.тонна өнім өндіріледі, және 49 жұмыс орнымен қамтамасыз етеді ;

- жылы жай кешені (ЖШС "*Izet Greenhouse*"), жылына 1500 тонна өнім өндіріледі, сонымен қатар 30 жұмыс орнымен қамтамасыз етеді.

Ақтөбе облысының әулеуметтік экономикалық дамытуға индустрияландыру карта шеңберіндегі инвестициялық жобаларды іске асыру әсер етеді. 2015 жылы өндірістердің өнімдеріне енгізілген жаңа өнімнің көлемі 21% немесе 310, 5 миллиард теңге, сонымен бірге салаға 733,5 млрд.теңге кіргізіп, бюджетке салық түсімін 30, 0 миллиард теңгеге арттыруға, 9,2% жаңа тауар енгізу көлемі, ал ол болса облыстың жалпы ішкі өнімінің үлкеюіне жетейді. Бұдан басқа, жұмыспен қамтпмассыз ету және жұмысқа орналастыруды мәселенің шешіміне әкелетін 12,5 мыңдаған жаңа жұмыс орындарын жасауға мүмкіндік береді.

Инновациялар еңгізу барысында өнеркәсіптегі қазіргі технологиялардың қолдану деңгейін қарастырайық.

Аймақтық индустриялық «Ақтөбе» технопаркі» ЖШС «энергияны тиімді және ғылыми технологиялардың енгізуі бойынша зерттеулер жүргізеді [2].

2012 жылы Қазақстан Республикасы бойынша ғылыми-техникалық жұмыстар көлемі 52726,62 млн.теңге құрады, бұл көрсеткіш 2008 жылмен

(18549,5 млн.теңге) салыстырғанда 3,7 ретке көбейген . Ақтөбе облысы бойынша 2012 жылдың көрсеткішіне сүйенсек ғылыми-техникалық жұмыс көлемі 580,3 млн. теңгені құрады. Барлық саланың кәсіпқорындары зат технологиясының технологиясын сатып алуды қалайды, дәлірек айтсақ машиналар және құрал жабдықтарды көздеген .

Қазақстан Республикасы бойынша 2008 жылғы аумақтардың инновациялық дамыту деңгейі ранг беруіне сәйкес бірінші орында 34, 1% павлодар облысы, екінші орында Қарағанды облысы 14, 8% , және Ақтөбе облысы үшінші орында - 12, 6% бар.

Ақтөбе облысы бойынша 2009 жылы ғылыми-техникалық өңдеулерге 492, 4 миллион теңге жұмсалған, бұл көрсеткіш 2008 жылға қарағанда 0, 9 рет төмендеді.

Іргелі, қолданбалы зерттеулер, өңдеу және қызметтің ғылыми-техникалығын жұмыстарының ғылыми-техникалықтары құрылады.

Аймақ ішіндегі инновациялық қызметтегі кәсіпорындар саны соңғы жылдар бойы бірнеше өзгеріссіз ағымында болып қалады. [3].

Келесі бағыттарға сүйенсек жобаларының іске асыру сала аралық, және инновациялық-технологиялық жоспарлары қарастырылады:

- аз авиацияның өндірісі бойынша.
- дәрілер өндірісі бойынша.
- мұнайгазқұбырларының дәнекерлеулері үшін арнайы инновациялық-технологиялық қара жоспарында:
 - аз авиацияның өндірісі бойынша.
 - дәрілердің өндірісі бойынша.
 - мұнайгаз құбырларының дәнекерлеулері үшін арнайы техниканың жасауы бойынша.
- жүйелер билингвалық ортаның жасауы бойынша

Келесі жобалар АҚ «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» үшін: каустикалық сода, хлор газы, тұз қышқылы, синтетикалық кәушіктің өндірісі.

Келесі жобалар дайындығы «ТҰК «Казхром» АҚ үшін: ферроқұймалар пештер, вулканизациялалған резеңкелер, натри- кесек силикаты үшін синтетикалық кәушік, электрод массасы.

Ізбестің өндірісінің жобасы ЖШС «Ақтөбе мыс серіктестігі» үшін дайындалған.

Энергетиканың салаларында өндейді:

Ақтөбе облысының Қандыағаш қаласындағы газтурбиналы электр станция, құны 26, 9 миллиард теңге, қуаттылығы 127 мегаватт құрылысы жобаланған. Жобаның іске асыруларына POSCO Оңтүстік Корея серіктестігі қызығады.

Ақтөбе қаласында жеке инвестордың инвестициясы 60 млн. доллар шақты құнымен электр энергиясының қуаттылығы 52 мвт жылу электростанцияның жобасы қарастырылуда».

Инфрақұрылымның ғылыми-техникалығының деңгейіне баға берейік. Ақтөбе облысы Соңғы 5 жылдар бойы негізінен облыс үшін үйреншікті

көрсеткішпен болып қалған 15 бірліктің 2009 жылы зерттеу және өңдеу атқарған ұйымдардың саны Ақтөбе облысы Қазақстан өлкелері бойынша 5 орында.

2010-2013 жж 233,3 миллиард теңге сомаға 54 жоба іске асырылған, 6, 5 мың жұмыс орындары жасалған. Кен өндіру өнеркәсіптерінде 33, 1 миллиард теңге сомаға 5 инвестициялық жоба іске асырылды, 710 жұмыс орындары жасалған. Жобалардың іске асуы инвесторлардың өз қаржылары болды. Өңдеу өнеркәсібінде 18, 5 миллиард теңге сомаға 39 жобалардың іске асырылды, 2 107 жұмыс орындары жасалған. Электр энергия, көлік және басқа іске асыр инфрақұрылымының өндіріс саласына 180, 2 миллиард теңге сомаға 10 жоба, 2,7 мың жұмыс орындары жасалған. Ең ірі жүзеге асырылған жоба «Кенкияқ-Құмкөл» мұнай құбыры болып табылады - құны 1, 0 млрд АҚШ доллары, қуаттылығы 1, 0 млн тонна мұнай.

Технологиялық дамытуға жеткілікті қаржысы бар, кадрлық және зияткерлік қоры үлкен болатын, экономикалық дәулетті кәсіпорындар орналастырылған, осы уақытта иілгіштікпен қабілеттілікпен олардың талаптылығымен шартталған шағын кәсіпорындарға инновациялық процесстердің интенсификациясындағы бүкіл әлемде маңызды рөлі жаңа талаптарға жылдам орайлануға жатады.

Негізгі құралдардың жағдайына талдау берейік. 2014 жылы Ақтөбе облысында негізгі құралдардың тозу дәрежесі 37, 3, (31, 4%) 2010 жылға қарағанда 1, 2 рет көбірек. Өңделетін өнеркәсіптегі негізгі қорларын орташа жұмыс жасау мерзімдері 17-20 жыл құрайды. Ал басқа елдерде жабдықтың толық алмастыруы 5-7 жыл мерзімде болады.

Кәсіпорындар көбінесе бәсеке елдерден 2 есе ескі қалық жабдықтарда жұмыс істейді. Ескі жабдықтағы жұмыс орташа 30% жоғары дамыған елге қарағанда, отандық өнеркәсіптің энергия сыйымдылығын айтарлықтай үлкейтеді.

Облыс бойынша 2010 жылға қарағанда 2014 жылы 3, 6 рет көбірек 271, 2 млрд теңгеге жаңа негізгі құралдарының енгізу және алу жұмыстары орындалды.

Жаңа меңгеру технологиясының енгізу дәрежесін сараптайық. Индустрияландырудың негізгі институционалдық негіздері ауданда құрылды. «Ақтөбе» аймақтық индустриялық технопарк, «Батыс» әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорация және бірқатар кәсіпкерлік-инкубатор және микронесие ұйымдары құрылған [4].

Ауданда игеру және кластердің іске асыруы үшін қолайлы алғышарттары бар. Облыста тау-металлургиялық кешендегі салалық кластерлері және құрылыс өндірістері ойдағыдай өз алдына дамиды. Кластер дамытуларына бағытталған келесі перспективалары көлік - логистикалық қызметтер және тамақ өнеркәсібінің саласы болып табылады. Аса маңызды мән кластердің ядросымен іс жүзінде облыстың ірі және орташа ұйымдары бар «құрылыс материалдар» кластерінің дамытуна, өздерінше шығарудан, өндеуден, дайын құрылыс материалының өткізуіне дейін өндірістің біртұтас тіркестерін құрды.

Процесстің көлік-қоймасымен технологиялық бірлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берген, көлік және логистикалық шығындарды азайтуға негізделген, жалпы ауданы 20, 5 мың паллетомест (ЖШС «Ақтөбе – орталық»), Ақтөбе қаласында көлік - логистикалық орталық пайдалануға өтті.

«Ақтөбе» аймақтық индустриалық технопаркімен өндірістік және мәдениетті-демалыс объектілердің құрылысы үшін қажетті бүрмелі жеңілдікті металлоконструкциялардың өндірісінің қара металлдары, жолдар үшін сүйменің сапасын жоғарлату, асфальтобетон жамылғыларын, құрылыста қажетті резеңке қоқымының шығарылымы бар ескі автокөлік шиналарының өңдеуін, металл өнімдерінің шығарылымы бойынша мини-зауыттар жобаланған және қазіргі таңда инновациондық жобалар іске асуда. Сонымен бірге, минералды тыңайтқыш эффектісімен Агрогеля-А технологиясы дамыту бойынша инновациялық жоба өңдеуде. Тәжірибе-эксперименталді сараптама РМҚК «Ақтөбе ауылшаруашылығы бойынша тәжірибехана станциясы» Агрогеля-А - ны жаздық бидайдың тамыр қасындағы жүйесіне, сұлыға, Просаға және сафлораға енгізуінде препарат өсімдіктердің одан сайын өнуіне және бидайдың өнімдігінің жоғарылатуына әсер ететінін көрсетті. Барлық жобалар экспорттық өнімнің импорт алмастыру және шығарылымына бағытталған. Облыс әкімінің тапсырысымен аумақтық технопаркімен Қазақстан қамқорлығын ұлғайтуға бағытталған бағдарламаны жасау және АҚ «СНПС-Ақтөбемұнайгаз», АҚ «ТҰК «Казхром» және ЖШС «Мыс серіктестігін» зерттеу жоспарланған.

2007-2014 жылдар аралығындағы кезеңде инвестициялар көлемінің серпіні жыл сайынғы өсімнің оң үдерісіне ие. Ақтөбе облысының негізгі капиталына 2012 жылы 312,5 млрд. тенге инвестиция жасалды, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 2,7 есе артық.

Өңір инвестициясының үштен екі бөлігі (66,6%) облыс өнеркәсібін дамытуға бағытталған, онда тау-кен өндіру өнеркәсібі инвестициялары ең капитал сыйымды инвестициялар болып табылады. Облыс көлемде тау-кен өндіру саласының меншікті салмағы 58,2%-ды құрайды. Мұнай және табиғи газ өндіріп алу (37,3%), көлік және байланыс (14,8%), жыжымайтын мүлікпен операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызмет көрсету (9,3%), өңдеу өнеркәсібі (2, 4%) басым салалар болып табылады.

Ақтөбе қаласы және Мұғалжар ауданы мейлінше инвестицияланатын аудандар болып табылады. Олардың үлесіне сәйкесінше 23,4 % және 22,8%-дан келеді. Минералды немесе отын-энергетикалық шикізаттың бар болуы аудандардың инвестициялық тартымдылығының басты факторы болып табылады. Ойыл ауданы мейлінше аз инвестиция жасалатын аудан болып табылады, оның үлесі 0, 3% құрады .

Ақтөбе облысының «Қазақстанның 30 корпоративті көшбасшысы» атты Жалпыұлттық бағдарламаға қатысуына байланысты индустриалдық-инновациялық даму стратегиясының жаңа даму кезені болып табылады. Оның ішінде аймақтың 4 серпінді жобалары:

1. «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ құрылыс – ішінші Жанажол газды қайта өндеу зауыты жылына 6 млрд текше метр, соңғы өнімде сығылған газ (бутан, пропан), түйіршіктелген күкірт, қоспа, жеңіл мұнай.

2. «Шығыс Ориель» ЖШС құрылысы – хром рудасын өндіріп өңдейтін тау кен-байыту комбинаты Хромтау ауданның Шығыс кен орнынан жылына 1,3 млн. тонна.

3. «ТНК Қазхром» АҚ иновациялық технологиялар арқылы жылына 600 мың тонна жоғары көміртекте феррохромды өндіреді, инвестиция көлемі – 1267 млн. АҚШ доллары.

4. «ISET Grenhouse» АҚ жылына 1,8 мың. тонна көк өніс өнім өндіретін жылы жай құрылысы. Инвестиция көлемі – 8,2 млн. АҚШ доллары [5].

Қазақстан индустриалдық картасына енген инвестициялық жобалардың тізіміне Ақтөбе облысының да басты жобалары кірген. Осы объектілерді іске қосу арқылы өндіру өндірісінің көлемін көбейту жоспарлануда. Яғни бұл жерде триллиондық рубежден асып, 40% дейін өндеу өндірісіннің көлемі көбейеді.

Қазақстанды индустрияландырудың 2010 – 2015 жылдарға арналған Ақтөбе облысы бойынша картасы 8 инвестициялық жобаларды қамтиды.

Кесте 1-Қазақстанды индустрияландырудың 2010 – 2015жылдарға арналған картасы

Р/с№	Жобаның атауы	Жауапты мемлекеттік орган немесе ұлттық холдинг	Өңір	Жобаға өтініш беруші	Іске асыру мерзімі
1.	Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, жылына 270 мың тонна жоғары көміртекті феррохром өндірісін ұлғайту	ИЖТМ	Ақтөбеоблысы	«Қазхром» трансұлттық компаниясы» АҚ	2010–2013 жылдар
2.	Қазақстан Республикасында медициналық техникалар өндірісін оқшауландыру	Ақтөбе облысының әкімдігі	Ақтөбеоблысы	«Ақтөберентген» АҚ	2010–2013 жылдар
3.	Бестамак ауылындағы мал шаруашылығы кешені	Ақтөбе облысының әкімдігі	Ақтөбеоблысы	«Париж коммунасы ХХІ» ЖШС	2010–2014 жылдар
4.	Үшінші Жаңажол газ өңдеу зауыты	Ақтөбе облысының әкімдігі	Ақтөбеоблысы	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	2010–2014 жылдар
5.	1100 мал басына арналған сүт-тауар фермасы	Ақтөбе облысының әкімдігі	Ақтөбеоблысы	«Айс» ЖШС	2010–2015 жылдар
6.	№ 2 мыс-мыс-мырыш рудасын өңдеу жөніндегі байыту фабрикасы	Ақтөбе облысының әкімдігі	Ақтөбеоблысы	«Ақтөбе мыс компаниясы» ЖШС	2010–2015 жылдар
	«Юбилейное» кен орнында құрамында алтын бар руданы өңдеу жөніндегі байыту фабрикасы және кеніш салу	Ақтөбе облысының әкімдігі	Ақтөбеоблысы	«Юбилейное» ЖШС	2010–2015 жылдар

7.	Шилісай фосфоритті кен орнының базасында фосфоритті тыңайтқыштар шығару өндірісін ұйымдастыру	Ақтөбе облысының әкімдігі	Ақтөбеоблысы	«Темір Сервис ЛТД» ЖШС	2010– 2014 жылдар
Ескерту- автормен Ақтөбе облысының әкімшілігі мәліметтері негізінде құрастырылған					

Соның ішінде ең ірі жобалардың қатарына инновациялық технологияларды пайдалана отырып, жылына 270 мың тонна жоғары көміртекті феррохром өндірісін ұлғайту «Қазхром» трансұлттық компаниясы» АҚ инвестициялық жобасын айтуға болады. Сонымен қатар бұл жобалар қатарына «Юбилейное» кен орнында құрамында алтын бар руданы өңдеу жөніндегі байыту фабрикасы және кеніш салу инвестициялық жобасын жатқызуға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сагындыкова, М.И. Индустрияландырудың негізгі институционалдық негіздері: казіргі жағдайы мен даму мәселелері / М.И. Сагындыкова // Ақтөбе. – 2012. - 21 шілде

*Султанова Г.Н-магистрант
Актюбинский университет им С.Баишева*

СТРАТЕГИЯ ПОВЫШЕНИЯ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Түйіндеме

В данной статье рассмотрены инвестиционный климат и приоритетные направления инвестиционной привлекательности Актюбинской области.

Ключевые слова: *инвестиция, индустризация, инфраструктура, климат, технопарк.*

*Sultanova G.N. magister
Aktobe university named after S.Baishev*

STRATEGY TO INCREASE INVESTMENT ATTRACTIVENESS OF THE AKTYUBINSK OBLAST

Abstract

An investment climate and priority directions of investment attractiveness of the Актыубинской area are considered in this article.

Keywords: *investment, industrialization, infrastructure, climate, технопарк.*

УДК 620.9

*Шанишарова А.С. магистр, оқытушы
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

ҚАЗАҚСТАНДА ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУДІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

АННОТАЦИЯ

Экономиканың энергия сыйымдылығын және энергетиканың қоршаған ортаға әсерін төмендету үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және жылу энергиясын өндіруге қолайлы жағдайлар туғаны анық. Еліміздің әр аймағынан климатына сәйкес сарқылмайтын су, күн, жел энергияларын алу үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасымен жүзеге асатын негізгі ірі шаралар болып саналады.

Кілтті сөздер: *энергия үнемдеу, энергоменеджмент, дәстүрлі энергия көздері, жаңғыртылған энергия көздері.*

Қазақстан отын энергия ресурстары арқылы парникті газдардың ептеп жоғарылауына септігін тигізетіні анық. 2007-2008 жылдары «Қазақстандық экология мен климаттың ғылыми-зерттеу институты» мәліметтері бойынша Қазақстанда CO₂ 213 млн.тонна шығарылған. Ондағы энергетика саласы 81% максималды мөлшерді құрайды. Бұл

республиканың атмосфераға зиянды заттарды шығаратын әлемдегі елдердің ішінде шамамен бесінші орынды алуын көрсетеді.

Дәстүрлі энергия көздерін мұнай, газ, көмірді кеңінен қолданғанымен, келесі жайттарға көңіл бөлген жөн: республиканың бес мыңға жуық тұрғындық пунктерде электр энергиясы жоқ, экономикалық жағынан электр тасымалдайтын жолдарды тарту тиімсіз; осы сияқты мал ұстайтын қыстақтар, крестиандық шаруашылықтар электр тасымалдайтын жолдардан шалғайда жатыр; көптеген геологиялық экспедицияларда энергия көзі жоқ; көптеген ұсақ мұнай, газ, бағалы минералдар кен орындары электр тасымалдайтын жолдардан алыс болғандықтан және басқа да қажетті инфраструктуралардың әсері олардың жетілуіне кедергі болады; электр энергиясын тасымалдау кезінде Қазақстан территориясының үлкендігінен Европа елдерінен он есеге көп электр энергиясын жоғалтады; әрі электр энергиясын тұтыну электр энергиясын өндіруден де көп, 2015 жылы КЕГОК Ұлттық компаниясының болжамы бойынша тұтыну 65 млрд.кВт.сағ. болу керек, ал қазірдің өзінде 101 млрд.кВт.сағ. электр энергиясын тұтынады.

Электр энергиясын өндіру мен тұтынудың артуы мемлекеттің экономикасының дамуына әкеледі. Талдаулар негізінде, Қазақстан әлем бойынша адам басына шаққандағы жаңартылған энергия ресурстары бойынша бірінші орынды алады. Қазақстанда су ресурстарының потенциалы 170 млрд. кВт.сағ. деп бағаланады, 1,8 трлн.кВт.сағ. жел энергетикасының потенциалы болса, күн энергиясын өндіру потенциалы 2,5 млрд.кВт.сағ. деп жылдық көрсеткішке бағаланады. Қазіргі таңда Қазақстан экономикасында жаңартылатын энергия көздері 0,02% құрайды, 2024 жылға қарай альтернативті энергия көздерін пайдалануды 10%-ға дейін көтеруді көздеп отыр.

Қазақстанда дәстүрлі емес энергияның түрлерін пайдалану бойынша пилоттық жобалар басталып кетті. Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің болжамы бойынша, 2030 жылға дейін республикада 46 жел электр станцияларын салуды көздейді. Оның қуаттарының қосындысы 1 млн.кВт құрайтын болады.

Балама энергетиканың дамуын ынталандыруға келесідей шаралар ұсынылады: сыртқы ортаға зиянды әсер ететін кәсіпорындардан алынатын салықтарды жаңартылатын энергия көздерін дамытуға жұмсау қажет; балама энергия өндіргенде салық кезеңін төмендететін жүйе орнату; балама энергияны жасау мен пайдалануға байланысты

қондырғыларға кедендік ставкалар мен салық салуларға жеңілдік жүргізу; балама энергия көздерін енгізуді алдыңғы қатарға қоятын стратегиялық бағдарламаларды жасау; жаңартылған энергия көздеріне арналған қондырғыларды тұрғындар сатып алатындай төмен пайызды несиелерді беруді іс жүзінде жүргізу; капитал салымы 30% болатындай балама энергетика объектілерінің құрылысына кететін мемлекеттік шығын компенсациясының мөлшерін орнату.

Бұндай іс-шараларды енгізу жүргізу жаңартылған энергия көздерінің артықшылықтарын көрсетеді: мұнай, газ, көмірді тұтынуды мүмкіндігінше кеңінен үнемдеуге болады; энергетикалық тоқыраудың болуына әкелетін қауіптің төмендеуі; экологияны жақсарту есебінен тұрғындардың өмір сүру қызметінің табиғи шарттарын сақтауы.

Олай болса, жаңартылған энергия көздері, сонымен қатар дәстүрлі емес энергия көздері дәстүрлі энергия алдында өздерінің бірқатар артықшылықтарын білдіреді: тез арада қоршаған ортаға түсіретін салмағын қысқартады және қоршаған ортаны қалыпқа келтіруге тырысады; алғашқы энергия көздері болып жаңартылатын мен іс жүзінде сарқылмайтын энергиялар саналады; химия технологиялық индустрия базасы секілді органикалық отынды үнемдеуге қабілетті; жылу электр станцияларындағы күл-қоқыс мәселелерін шешеді; төмен энергия қамтамасыз етумен дамушы аймақтарда экономикалық және әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуге көп жеңілдік береді; шағын және орта бизнестің шаруашылық субъектілерін жетілдірудің қолжетімдігі.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы жобаларды іске асыруда 2020 жылға дейін 1081 МВт– 13 ЖЭС, 205,45 МВт – 17 СЭС, 76 МВт – 4 КЭС қоса алғанда, жиынтық белгіленген қуаты 1362,45 МВт жаңартылған энергия көзінің шамамен 34 объектісін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұл жобаларды іске асыру арқылы мемлекеттің отын энергиясына деген тәуелділігін азайтып, электр энергиясына тапшы елді-мекендердің энергетикалық ахуалын шешуге мүмкіндік туады.

Жобада шағын су электр станцияларын (СЭС) салу көзделген дұрыс шешім. Ол 1-10 МВт-қа дейінгі қуаттылығы болатын шағын өзендердің жиынтығының қуатын алады. Бұл жоспарлар болашақта іске асса, дер кезінде елдің атмосферасының ластануынан, кейбір алыс түпкірдегі ауылды жерлердің жарықсыз, дамушы ел бола тұра артта қалуынан, электр қуатының тапшылығынан құтқарады.

Төменде 1-кестеде Қазақстанда 2013 жылдан бастап, 2020 жылға

дейінгі ірі қуаттағы жел, күн, су электр станцияларын салу жөніндегі жоспарлы бағдарламалар берілген.

Кесте 1 – Қазақстанда жаңартылған энергия көздерінен
станцияларды салу жоспары

№	Орналасуы	Станция сы	Қуаттыл ығы	Мерзімі
1	Ақмола облысы, Ерейментау қ.	ЖЭС	45 МВт	2014 ж.
2	Ақмола облысы, Ерейментау қ.	ЖЭС	51 МВт	2014 ж.
3	Ақтөбе обл. Қарғалы ауд.Бадамша	ЖЭС	300 МВт	2015-2020 ж
4	Алматы обл.Шелек ауд.	ЖЭС	60 МВт	2015 ж.
5	Алматы обл. Шелек дәлізі	ЖЭС	51 МВт	2014 ж.
6	Алматы обл. Жоңғар қақпасы	ЖЭС	72 МВт	2018 ж.
7	Жамбыл облысы Сарысу ауданы	Жаңатас ЖЭС	100 МВт	2013-2016 ж.
8	Қостанай обл.Арқалық қ.	ЖЭС	48 МВт	2015 ж.
9	Алматы обл.Кербұлақ ауд. Көксу өз	СЭС – 1,2	42 МВт	2013-2015 ж.
10	Алматы обл.Бартоғай су қоймасы	Бартоғай СЭС-28	20 МВт	2014 ж.
11	Алматы обл.Еңбекшіқазақ ауд.Шелек өз.	СЭС 19- 22	60,8 МВт	2015 ж.
12	Алматы обл.Райымбек ауд. Шарын өз.	Ақтоғай СЭС	13 МВт	2014 ж.
13	Алматы обл.Еңбекшіқазақ ауд.Шелек өз.	Бартоғай СЭС-27	13,1 МВт	2014 ж.
14	Алматы обл. Үлкен Алматы каналы	1, 2 СЭС	12 МВт	2015 ж.
15	Алматы обл. Қапшағай қаласы	КЭС	2 МВт	2013 ж.
16	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы	КЭС	24 МВт	2014 ж.
17	Қызылорда облысы	КЭС	50 МВт	2014 ж.
Кестені «Қазақстанда баламалы және жаңартылатын энергетиканы дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарындағы» мәліметтер бойынша автор құрған.				

Егер Ақтөбе облысындағы Қарғалы ауданының Бадамша ауылында қуаты 300 МВт болатын жел электр станциясын салып, іске қосатын болса, Қазақстанның батыс өңірі де электр энергиясын Ресейден

тасымалдаудан біршама азаятыны анық.

Энергетика саласында тиімділікті арттырып, энергосыйымдылықты азайту үшін жаңартылған энергия көздерін игерумен қатар, энергияны үнемдеуге қатысты нормативтік-құқықтық актілер, заңнамалар, стандарттар мен техникалық регламенттер қабылдануы керек.

Соңғы жылдары энергияны үнемдеуге арналған алғаш қабылданған мемлекеттік стандарттарды жұмыста қолдану жасау, кәсіпорынның энергетикалық қамтамасыз етілуін жүйелі түрде реттейді. Қазақстанда техникалық энергетикалық жүйелердің негізгі талаптарын ҚР СТ ИСО 13600-2009 мемлекеттік стандарты, энергоүнемдеуді басқару жүйесіндегі талаптарды ҚР СТ СТБ 1777-2009 стандарты, энергияны үнемдеудегі нормативті әдістемелік қамтамасыз етудің негізгі ережелерін ҚР СТ ГОСТ Р 51387-2008 мемлекеттік стандарты қарастырады.

Ұйымдағы энергия үнемдеуді басқару жүйесін жетілдіріп, жаңартылған энергия көздерін тиімді пайдалануын арттыру және де отын энергиялық теңгерімін жақсарту үшін тұрақты процесті көздейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты ҚР СТ СТБ 1777-2009 алғаш 2010 жылы шілде айында қабылданды. Бұл стандарт энергия үнемдеуді басқару жүйелеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

Энергетика саласында энергияны үнемдеуді жетілдіру үшін бұл мемлекеттің стандарттың маңызы зор. ҚР СТ СТБ 1777-2009 стандарт энергия үнемдеудің заңнамалық талаптарын, сондай-ақ маңызды факторларын есепке ала отырып, энергия үнемдеу және энергия үнемдеудің мақсаттық көрсеткіштерін іске асыру саласында саясатты әзірлеуге көмек көрсету мақсатында энергия үнемдеуді басқару жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді. Бұндай стандартты негізінен энергия үнемдеуді басқару жүйелерін енгізіп, әзірлеп, жұмыс жағдайында ұстап жетілдіргісі келетін, сонымен қатар энергияны үнемдеу саласында әзірленген саясаттарының жүзеге асуын қамтамасыз ететін, әрі ішкі аудитін өткізіп және берілген стандарттың талаптарына сай екендігі туралы ақпарат беретін кез келген ұйымдар қолдана алады. Энергия үнемдеудің басқару жүйесін үшінші бір тарап арқылы сертификаттағысы келетін ұйым ҚР СТ СТБ 1777-2009 стандартын пайдалана алады.

Ұйымның әкімшілік басқаруындағы жалпы жүйенің бір бөлігі болып энергия үнемдеуді басқару жүйесінің саналуы энергия үнемдеу саласындағы саясатты жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастыру құрылымын, жоспарлауды және жауаптылықты, процедураларды,

процестер мен ресурстарды өзіне қамтитындығында болып тұр. Мұндағы процесс энерготіімділікті арттыру, жаңартылған энергия көздері арқылы энергияны тұтынуды арттыру, энергия үнемдеу саласындағы ұйымның саясатына сай отын энергетикалық теңгерімін жетілдіру бойынша бір не бірнеше мақсаттарға қол жеткізуге тікелей бағытталған. Кәсіпорында айтарлықтай энергияны көп тұтынатын жүйелер мен жабдықтарды бірдейлендіруді, жұмысында энергияны көп тұтынатын қызметкерлерді анықтауды, алдыңғы кезең ішінде және де қазіргі уақытта өлшеу және басқа да деректер негізінде нақты энергия тұтынуды қамтитын осы акпаратты ұдайы актуалдандырып отырса, энергия үнемдеуді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық пен бюджеттік сала, өнеркәсіптік салаларда энергияны тиімді пайдаланудың жолдарына, үнемдеуге байланысты мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттар қабылданса, энергетика саласының дамуы жоғарылай түседі.

Бағдарламалар құрылымын құруға инновациялық көзқарас елдегі энергетиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен қоса әлемде жаңартылған энергия көздерінің дамуы бойынша алдыңғы қатарға жетуге мүмкіндік береді. Балама энергетика тақырыбында ой қозғаған жасыл энергетиканың жетілдіруіне Астанада өтетін ЭКСПО 2017 әлемдік көрмесі себепші болуы керек.

Энергияны қарапайым тұрмыстық жағдайдан бастап үнемдеу шараларын қарастыру керек. Тұрмыстық және коммуналдық бағыттағы заттардың энерготіімділігі бойынша тұтынушыларды акпараттандыру арқылы энергияны үнемдеуді ҚР СТ ГОСТ Р 51388-2008 мемлекеттік стандартымен жұмыс жасаған дұрыс. Ең қарапайым тұрмыста электр энергиясын үнемдеудің түрлері төменде берілген: 1) қарапайым шамды энергоүнемдейтін шамдарға ауыстыру керек. Энергия үнемдеу шамы қарапайым шамнан 10 есеге артық қызмет атқарады. 2) «А» сыныпты энергия үнемдейтін тұрмыстық техникаларды қолдану керек. «А» сыныбындағы тоңазытқыштар орташа есеппен тәулігіне 0,9 кВт.сағ., ал «С» шамамен 1,45 кВт.сағ. энергияны қажет етеді. 3) қолданбайтын құрылғыларды желіден ажыратып қою керек, одан жылына 1000 кВт.сағ. үнемдеуге болады. 4) ағынды суды пайдаланғанда кранға «душ» үлгісіндегі арнайы қақпақ-бөлгіш орнату керек, ол минутына 15 литрді ысырап етуге жол бермейді.

Осы қарапайым әдістер арқылы-ақ электр энергиясын тұтынуды 40-

50%-ға дейін үй ішінде үнемдеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001096_links . - Загл.с экрана. – Данные соответствуют на 16 апреля 2016 г.
2. Техникалық реттеу туралы: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ Заңы (2012.10.07 өзгерістер мен толықтыруларымен): [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000603_history. - Загл.с экрана. – Данные соответствуют на 16 апреля 2016 г.
3. Қазақстанда баламалы және жаңартылатын энергетиканы дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 43 Қаулысы: [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000043>. - Загл.с экрана. – Данные соответствуют на 16 апреля 2016 г.

*Шанишарова А.С.преподаватель, магистр
Актюбинский университетимени С.Байшева*

ГЛАВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ПРОГРАММЫ ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИИ В КАЗАХСТАНЕ

АННОТАЦИЯ

Возникли благоприятные условия для производства электро и теплоэнергии, используя обновленные энерго источники уменьшающие влияние на окружающую среду энергетики и энергоемкости экономики. По программе форсированного индустриально-инновационного развития главными основными способами являются использование неиссякаемых источников: водной, солнечной и ветряной энергии, по климату каждого региона нашей страны.

Ключевые слова: *энергосбережение, энергоменеджмент, источники традиционных энергии, возобновляемые источники энергии.*

*Shansharova A.S. teacher, master
Aktobe University named after S.Baishev*

MAIN DIRECTIONS AND PROGRAMS ENERGY-SAVINGS IN KAZAKHSTAN

ABSTRACT

Having favorable conditions for the production of electricity and heat using renewed energy sources reduce the environmental impact of energy and energy intensity of the economy. According to the program of forced industrial-innovative development of the main basic methods are the use of inexhaustible sources of water, solar and wind energy, the climate of each region of the country.

Key words: *energy-savings, energymanagement, sources traditional to energy, proceeded in energy sources*

«С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы» ғылыми журналына мақалалар беру тәртібі:

«С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы» ғылыми журналына (ҚР Ақпарат министрлігі бұқаралық ақпарат құралы несепке алу туралы 29.01.2004ж. №4645-Ж куәлігі берілген) қазақ, орыс және ағылшын тідерінде мақалалар қабылданады.

«С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы авторларына қойылатын талаптар:

Журналға жарияланатын мақала дайындау алдынд авторлардың келесі ережелерді басшылыққа алуы-сұралады:

Авторлар жөнінде мәлімет (аты-жөні, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, қызметі немесе мамандығы, жұмыс орны (ұйым немесе мекеме атауы және орналасқан жері; елінің атауы, мекен-жайы, телефоны, e-mail) үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) беріледі. *Ескерту. Автордың аты-жөні атау септігінде қолданылады.*

ӘОЖ индексі

1 интервалдан соң ӘОЖ индексі көрсетіледі. ӘОЖ индексі жарияланатын мәлімет тақырыбынан сол жағында бөлек жол мен орналасады. *Ескерту. ӘОЖ индексін ГОСТ 7.90- 2007 сәйкес есептеп немесе кітапханадан білуге болады.*

Аннотация және кілтсөздер

Аннотация және кілт сөздер арақашықтығы 1 интервал мен үш тілде беріледі (қазақ, орыс, ағылшын). Мәтін алдынд ааннотация мен кілт сөздер жарияланатын материал тілінде жазылады және әдебиеттер тізімінен кейін басқа екі тілде орналастырылады.

Мақаланы рәсімдеуге келесі талаптар қойылады:

Мақала көлемі әдебиеттер тізімі, кесте, сурет, сурет жазбалары және аннотациялармен қоса 5 беттен аспау керек. Баспаға басып шығарылған нұсқасымен толық сәйкес келетін электронды түрінде тапсыру керек. Файл атауы мақала авторының тегімен көрсетіледі. Мақала беттерін нөмірлеу керек. Мәтін Word бағдарламасының кез келген нұсқасымен теріліп, CD, басқада тасушы құралмен жеткізіледі немесе электронды поштаға жіберіледі. Мәтін А4 қағазына (210*297 мм) 14 пткегльдегі TimesNewRoman әрпімен жоларалық 1 интервал қалдыра отырып жазылады.

Кесте, сурет, формулаларда символ және белгілерге әр түрлі түсініктеме болмауы керек. Суреттер айқын әрі анық болуы тиіс. Мәтіндегі суреттер мен кестелерге сілтемелер көрсетілуі керек. Мәтінде формула саны аз болуы керек. Формулалар баспаға сәйкес (математикалық және химиялық формулалар үшін) болуы тиіс. Кестенің тақырыбы қойылып, бос бағандар болмауы тиіс.

Әдебиеттер тізімі жарияланатын материал мәтінінен кейін орналастырылады. Әдебиеттер тізімі 20-дан көп болмауы керек. Мақалада сілтеме нөмірлері әдебиеттер тізіміндегі дерек көздердің реттік нөмірлері бойынша қойылады. Мұрағаттық материалдар тізімге еңгізілмейді, оларға сілтеме мәтін ішінде жақшаға алу арқылы реттеледі. Дереккөз ретінде электронды ресурстарды қолданған жағдайда

әдебиеттер тізімінде библиографиялық жазба және ғаламтордағы толық желілік адресіне сілтеме пайдаланған күнімен берілгені жөн.

Ескерту. Мақала ГОСТ 7.1 - 2003-ке сәйкес рәсімделуі керек. «Библиографиялық жазылым. Библиографиялық, сипаттама. Құрылымның жалпы талаптары мен ережелері». Мақала мәтініндегі дереккөздерге сілтеме тікжақшаға алынады.

Бір нөмірге бір автордың мақаласы 2-ден аспауы қажет. Мақалаға ұйым жетекшісінің қолы қойылған жолдама хаты мен пікірі жазылады. Баспаға түскен барлық мақалаға пікір беріледі. Қажетті жағдайда толықтыру мен өзгертулер енгізу үшін мақала авторға қайтарылып беріледі. Баспа мақала мәтініне өзгеріс енгізуге құқылы.

Жарияланымға мақалалар келесі мекен-жай бойынша қабылданады

030000, Ақтөбе қаласы, Аз. Жұбановтар көшесі, 302 А. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті. Тел.: 8(7132) 974081, e-mail: edu_ausb@mail.ru(С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы)

Правила для публикации в журнал «Вестник Актюбинского университета имени С.Баишева»

В научный журнал «Вестник Актюбинского университета им. С.Баишева» (свидетельство о постановке на учет средства массовой информации №4645-Ж, выданный Министерством информации Республики Казахстан от 29.01.2004 г.) принимаются статьи на казахском, русском и английском языках.

Редакционная коллегия просит авторов при подготовке статей для опубликования в журнале руководствоваться следующими правилами в порядке расположения:

Сведения об авторах

Перед наименованием статьи указываются сведения об авторах: имя, отчество и фамилия; ученое звание, ученая степень, должность или профессия, место работы (наименование учреждения, организации, предприятия и место расположения; наименование страны, домашний адрес, телефон, e-mail) приводят на трех языках (казахский, русский, английский). Сведения об авторах излагаются на языке публикуемого материала и после списка литературы на двух других указанных языках.

Примечание. Имя автора приводится в именительном падеже.

Индекс УДК

Через 1 интервал указывается индекс УДК. Его располагают отдельной строкой слева перед заглавием публикуемого материала.

Примечание. Индекс УДК можно высчитать в соответствии с ГОСТ 7.90-2007 или узнать в библиотеке.

Аннотация и ключевые слова

Через 1 интервал приводят аннотацию и ключевые слова на трех языках (казахский, русский, английский). Перед текстом публикуемого материала аннотация и ключевые слова приводятся на языке публикуемого материала и после списка литературы приводятся на двух других указанных языках.

Статья

Через 1 интервал размещается статья. Объем статьи, включая список литературы, таблицы и рисунки с подрисуночными надписями, аннотации, не должен превышать 5 страниц печатного текста. Текст должен быть набран в программе Word любой версии, представляется на электронном носителе, либо отправляется по электронной почте. Шрифт текста – Times New Roman, формат бумаги А4 (210*297 мм), размер кегля – 14 пт. Межстрочный интервал – одинарный. Выравнивание текста по ширине.

В таблицах, рисунках, формулах не должно быть разночтений в обозначении символов, знаков. Рисунки должны быть четкими. На рисунки и таблицы в тексте должны быть ссылки. В тексте число формул должно быть минимальным. Формулы должны быть набраны в соответствующем редакторе (для математических и химических формул). Таблицы должны быть озаглавлены, не допускается наличие в них пустых граф. Условные сокращения и символы следует пояснять в примечании.

Список литературы

Через 1 интервал список литературы помещают после текста публикуемого материала. Список литературы должен состоять не более чем из 20 наименований. Нумерация ссылок в статье производится по порядковому номеру источника в пристатейном списке литературы. Архивные материалы в список не включаются, ссылки на них помещаются в тексте в круглых скобках. При использовании в статье источников из электронных ресурсов или удаленного доступа (Интернета) в списке литературы приводится библиографическая запись источника и ссылка на сетевой ресурс с полным сетевым адресом в Интернете. Желательно указывать дату обращения к ресурсу.

Примечание. Список литературы оформляется в соответствии с ГОСТ 7.1–2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Ссылки на источники в тексте статьи даются только в квадратных скобках [12].

В один номер принимаются не более 2 статей одного автора. В редакцию необходимо представить электронную версию статьи в полном соответствии с распечаткой. Имя файла должно начинаться с фамилии первого автора. Статья должна сопровождаться рецензией. Все статьи, поступившие в редакцию, рецензируются. При необходимости статья может быть возвращена автору на доработку. Редакция оставляет за собой право внесения в текст редакторских изменений, не искажающих смысла статьи.

Материалы для публикации принимаются по адресу: 030000, г.Актобе ул. бр.Жубановых, 302 а, Актюбинский университет им. С. Баишева. Тел.: 8 (7132) 974081. E-mail: edu_ausb@mail.ru (с пометкой для Вестника Актюбинского университета им С. Баишева). Сайт: www.vuzbaishev.kz.

**С.БӘЙІШЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ВЕСТНИК АКТЮБИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ С.БАИШЕВА

*Қазақ және орыс тілдерінде үш айда бір рет шығарылады
Выпускается один раз в три месяца на казахском и русском языках*

Формат А4	Көлемі 8,4 баспа табақ	Объем 8,4 печ.л.
	Таралымы 100 дана	Тираж 100 экз.

Басуға қол қойылды: 20.06.2016 ж.

Подписано в печать: 20.06.2016 г.

Редакцияның мекен-жайы: 030000, Ақтөбе қаласы, ағайынды
Жұбановтар көшесі, 302А

Адрес редакции: 030000, г. Актобе; ул. Братьев Жубановых, 302А
тел. 97-40-81, 52-36-00

С.БӘЙІШЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІ

**® ЖУРНАЛ НАБРАН И СВЕРСТАН В РЕДАКЦИОННО-
ИЗДАТЕЛЬСКОМ ЦЕНТРЕ АКТЮБИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ С.БАИШЕВА**

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын
білдірмейді.

Мақала мазмұнына авторлар жауап береді.

Қолжазбалар өңделмейді және авторға қайтарылмайды.



Опубликованные материалы авторов не отражают точку зрения
редакции.

Авторы несут ответственность за выбор и представление фактов.

Рукописи не редактируются и не возвращаются.